



**KINGKONG POER**



**KINGKONG POER**

22-01.23-01-R

**Пайдалану нұсқаулығы**

---

## **Great Wall Motor Co., Ltd. компаниясының автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.**

Сатып алған автокөлігіңіздің ерекшеліктерімен неғұрлым жақсы таныссаңыз, оны пайдалануыңыз соғұрлым жағымды және ыңғайлы болады. Сондықтан біз сізден автокөлікті пайдаланар алдында осы Нұсқаулықпен мұқият танысып шығуыңызды сұраймыз. Сіз автокөлікті пайдалану жөніндегі маңызды кеңестер аласыз, бұл сізге оның техникалық артықшылықтарын толық пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сіз автокөлікті қауіпсіз жүргізу, жолда жүру қауіпсіздігі және автокөлікті оңтайлы пайдалану үшін өте пайдалы ақпаратпен де танысасыз.

Сапарыңыз сәтті әрі қауіпсіз болсын!

21.10.2022



## Жалпы мәлімет

Бұл бөлімде осы Нұсқаулықты пайдалану жолы, таңбалар мағыналарының түсіндірмесі және т.б. туралы ақпарат бар.

### Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы Нұсқаулықта сипатталған жабдықтың кейбір түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі мүмкін немесе тек белгілі бір нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты бір жинақтама туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдарды зерттеңіз немесе мәліметтерді өкілетті дилерден сұраңыз.

### Қосымша жабдық, қосалқы бөлшектер және автокөлікті қайта жабдықтау

Бүгінгі таңда тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана емес, сонымен қатар осы автокөлік моделіне сәйкес келетін әртүрлі түпнұсқа емес бөлшектер мен құрамдас бөліктерді сатып алуға болады. Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен қосымша жабдықтарды қолдану, тіпті олар тиісті ұлттық / аймақтық органдар арқылы сертифицирталған болса да, автокөліктің қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін. Great Wall компаниясы түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен қосымша жабдықтарға, оларды ауыстыру немесе көлікке орнату үшін пайдаланылғанына қарамастан, ешқандай жауапкершілік алмайды және ешқандай кепілдік бермейді.

Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді және жабдықтарды қолдана отырып автокөлікті қайта жабдықтауға тыйым салынады. Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен жабдықтарды қолдана отырып қайта жабдықтау автокөліктің басқарылуына, қауіпсіздігіне немесе қызмет ету мерзіміне әсер етуі және тіпті заңнамалық нормаларды бұзуы мүмкін. Сонымен бірге сапа кепілдігі түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді пайдалану салдарынан автокөліктің зақымдалуына және оның пайдалану сипаттамаларының нашарлау жағдайларына қолданылмайды.

Автокөліктің аспасына, тежеу жүйесіне өзгерістер енгізуге тыйым салынады, бұл автокөлікті басқару қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Сақтандырығыш блогына өзгерістер енгізуге тыйым салынады, себебі бұл автокөліктің электр жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін. Электрондық компоненттерге, олардың бағдарламалық құралына және сымдарына өзгерістер енгізу олардың функционалдығына, сондай-ақ басқа түйіндердің, атап айтқанда

қауіпсіздікке қатысты жүйелердің қалыпты жұмысына әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде автокөліктің қауіпсіздігіне әсер етеді және ЖКО немесе жарақат алу қаупін арттырады. Сондықтан сымдарға, электрондық компоненттерге және олардың бағдарламалық құралына өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

### Нұсқаулықтың жарамдылығы

Осы Нұсқаулықта берілген барлық ақпарат шығарылған уақытында жарамды болады. Алайда өнім тұрақты түрде жақсартылып тұратындықтан, осы Нұсқаулықтың мазмұны алдын ала ескертпестен жаңартылатын болады.

Көліктің техникалық сипаттамаларына байланысты суреттерде көрсетілген жабдық сіздің автокөлігіңіздегі жабдықтан өзгеше болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықта ұсынылған, дисплейде көрсетілетін ақпарат (суреттерді, пиктограммаларды, мәтінді қоса алғанда) тек суреттеуге арналған. Дисплейде көрсетілетін ақпарат автокөліктің жинақтамасына, бағдарламалық құралына, тақырыптарға және баптауларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің нақты жинақтамасына сүйеніңіз.

### Шартты белгілер

#### ▲ Ескерту

Ерекше назар аударуды қажет ететін ескерту ақпаратын білдіреді.

Оны елемей ауыр жарақатқа және тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Мұндай ескертулерде өзіңіз және айналаңыздағылар үшін күрделі жарақаттар алу немесе өлім-жітім қаупін азайту үшін сіздің не істеуіңіз немесе не істемеуіңіз керек екені хабарланады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Бұл таңбамен сақтық шаралары туралы ақпарат белгіленеді.

Бұл сақтық шараларын елемей салдарынан автокөлікке немесе оның жабдықтарына зақым келуі мүмкін. Хабарламаның бұл түрінде автокөлік құралының және оның жабдығының зақымдану қаупін болдырмау немесе азайту үшін сізге не істеу керек немесе не істемеу керек екеніңіз айтылады.

### i Пайдалы ақпарат

Бұл таңбамен автокөлікті пайдалану барысында пайдалы болуы мүмкін мәліметтер белгіленеді. Бұл көмекші ақпарат.

### (▷ X-бет)

Бұл таңбамен қосымша ақпаратты табуға болатын бет нөмірлері белгіленеді.

## Сақтық шаралары

### ⚠ Ескерту

Көлікті жүргізген кездегі жалпы сақтық шаралары:


- > Есті күйде жүргізу: алкоголь, есірткі, дәрі-дәрмек немесе анестетиктер жүргізушінің жауап қайтару уақытын баяулатады, жағдайды бағалауды және үйлесімділікті нашарлатады, осының салдары көлікті басқарудан айырылуға әкеп соғуы және ауыр ЖКО орын алуы мүмкін.
- > Абайлап жүргізу: автокөлікті жүргізу кезінде ерекше абай болыңыз. Уақтылы шешім қабылдау және ЖКО-ның алдын алу үшін әрқашан басқа жүргізушілердің немесе жаяу жүргіншілердің жол бойындағы қате әрекеттеріне назар аударыңыз.
- > Зейін қойып жүргізу: көлік жүргізген кезде әрдайым жолдан басқа нәрсеге алаңдамаңыз. Жүргізушіні алаңдататын кез келген нәрсе, мысалы, басқару түймелерін реттеу, мобильді телефонға қоңырау шалу я қоңырау қабылдау не хабарламаларды оқу соқтығысуға әкелуі сондай-ақ сізге, жолаушыларға және бейтаныс адамдарға ауыр жарақат келтіруі немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

### ⚠ Ескерту

Автокөліктен шыққан кезде балаларды, көмекке мұқтаж адамдарды немесе үй жануарларын автокөлік ішінде жалғыз қалдыруға тыйым салынады.

- > Балалар, көмекке мұқтаж адамдар немесе үй жануарлары автокөліктен өз бетінше шығып, өздеріне көмек көрсете алмайды. Өртүрлі климаттық жағдайларда автокөлік ішіндегі температура өте жоғары немесе өте төмен болуы мүмкін, бұл жолаушылардың немесе үй жануарларының жарақаттануына немесе тіпті өліміне әкелуі мүмкін.
- > Егер балалар немесе үй жануарлары кілттерге қол жеткізе алса, олар автокөлікті қозғалысқа келтіре алады, сонымен қатар, мысалы, қозғалтқышты оталдырып, көлікті тұрақ тежегішінен шығарып, берілістерді ауыстырып қосып, есіктерді немесе терезелерді ашып, өздеріне және басқа жол қозғалысына қатысушыларға қауіп төндіруі мүмкін.


## Сыртқы түрі



8AE1EC157925

- А Жұқсалғыш есігінің тұтқасы 19
- В Жоғарғы стоп-сигнал
- С Терезе 20
- Д Сыртқы артқы көрініс айнасы 31
- Е Жинақтамасына қарай мыналар болуы мүмкін:  
Электржетегі бар өйнектазалағыштар 39  
Автоматты алдыңғы өйнектазалағыш 40
- Ғ Бүйірлік бұрылыс көрсеткіші 35
- Г Отын бағының қақпағы 22
- Ғ Артқы нөмір белгісін жарықтандыру шамы 35
- І Артқы көрініс камерасы 82
- Ҕ Тұрақ радары 81
- Қ Артқы құрама шам 35
- Л Тұман фарасы 35
- М Алдыңғы құрама фара 35
- Н Есік құлпы 16

## Интерьер



6131B02DF9C3

- А Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш **35**
- Б Мультимедиа жүйесін басқару түймелері **97**
- С Аспаптар тақтасы **90**
- Д Аспаптар тақтасының басқару түймелері **92**
- Е Жинақтамасына қарай олар төмендегідей бөлінуі мүмкін:  
 Әйнектазалағыштарды басқаратын құрамдасқан қосқыш (электржетегі бар) **39**  
 Әйнектазалағыштарды басқаратын құрамдасқан қосқыш (автоматты) **40**
- Ғ Мультимедиа дисплейі **100**
- Г Кондиционер жүйесінің орталық дефлекторлары **53**
- Н Кондиционер жүйесінің бүйірлік дефлекторлары **53**
- І Жинақтамасына қарай олар төмендегідей бөлінуі мүмкін:  
 Қолмен басқарылатын кондиционер жүйесі **43**  
 Автоматты кондиционер жүйесі **48**
- Ж Аудиовизуалды жүйенің қуат түймесі **97**
- К Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің түймесі **36**
- Л Толық жетек режимі жүйесінің түймелері **79**
- М Жұқсалғыш жарығын басқару түймесі **37**
- Н Қуат ажыратқышы **70**
- О Тұрақ тежегішінің ажыратқышы **74**
- П Берілістерді ауыстыру тұтқасы **76**
- Қ Жұқсалғыш ілмектері **56**
- Р Ұсақ-түйек тартпасы **54**
- С Аспаптар жарқындығын реттеу түймесі **37**
- Т Фаралардың жарық шоғының биіктігін реттегіш **37**
- У Тұрақтылықты электрондық бақылау жүйесінің түймесі **86**
- В Дизельдік күйе сүзгісін басқару түймесі **88**





# Мазмұны

---

## 1. Пайдалану

Салон жабдығының: кілт, есік, терезе, орындық және т. б. жұмысымен танысу.

## 2. Автокөлікті басқару

Жүргізуге қатысты ақпарат: автокөлікті оталдыру, берілістерді ауыстыру, аспаптар және т.б.

## 3. Мультимедиалық жүйе

Аудиовизуалды жүйеге қатысты ақпарат: Bluetooth арқылы шақыру, жүйе баптаулары және т.б.

## 4. Қауіпсіздік

Автокөлікті айдап әкетуге қарсы жүйе, қауіпсіздік белбеулері және басқа да қорғаныс құрылғылары.

## 5. Төтенше жағдайлар

Ақауларды жою тәсілі: шинаның жарылуы, аккумулятор қуатының таусылуы және т.б.

## 6. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Автокөлікті жүйелі тексеру, жоспарлы техникалық қызмет көрсету және күтім жасау процедураларын сипаттау.

## 7. Техникалық деректер

Автокөлік параметрлері, сәйкестендіру нөмірі және өзге ақпарат.

## 8. Көрсеткіштер

Осы Нұсқаулықтың әліпбилік көрсеткіші.



## Пайдалану

Кілттер.....	14	Орындықтарды қолмен реттеу.....	27
Автокөліктің жабдықталуы.....	14	Электржетегі бар орындықтарды реттеу....	28
Кілттер туралы ақпарат.....	14	Артқы орындықтарды реттеу.....	29
Түймелер.....	14	Артқы көрініс айналары.....	31
Қуат элементін ауыстыру.....	15	Автокөліктің жабдықталуы.....	31
Есіктердің құлпы.....	16	Салондағы артқы көрініс айнасы.....	31
Автокөліктің жабдықталуы.....	16	Қараңғылау функциясын қолмен басқаратын салондағы артқы көрініс айнасы.....	31
Кілт түймесімен құлыптау және құлыпты ашу.....	16	Автоматты қараңғылау функциясы бар салондағы артқы көрініс айнасы.....	31
Орталық құлып түймесімен құлыптау және құлыпты ашу.....	16	Сыртқы артқы көрініс айналары.....	31
Ішкі тұтқамен құлыпты ашу.....	16	Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу ...	31
Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу.....	16	Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы.....	32
Апаттық құлыптау.....	16	Руль.....	33
Бала бекітпесі.....	17	Автокөліктің жабдықталуы.....	33
Автоматты қайта құлыптану.....	17	Реттеу тәсілдері.....	33
Оталдыру жүйесі сөндірілген кезде құлыпты ашу.....	17	Жылыту функциясы.....	33
Қозғалыс кезінде автоматты құлыптану.....	17	Дыбыс сигналы.....	33
Соқтығысу кезінде құлыптың автоматты ашылуы.....	18	Жарықты басқару.....	34
Жүксалғыш.....	19	Автокөліктің жабдықталуы.....	34
Автокөліктің жабдықталуы.....	19	Жарық баптаулары.....	34
Жүксалғыш есігін ашу және жабу.....	19	Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш.....	35
Жүк тасымалдау.....	19	Апаттық жарық сигналын беру жүйесі.....	36
Терезелер.....	20	Күндізгі жүріс жарықтары.....	36
Автокөліктің жабдықталуы.....	20	Тұман фараларымен қосымша жарықтандыру.....	36
Жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы.....	20	Шұғыл тежеу туралы ескерту.....	37
Жолаушылар жақтағы әйнеккөтергіштердің түймесі.....	20	Аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші.....	37
Қызып кетуден қорғау.....	21	Фаралардың жарық шоғының биіктігін реттеу.....	37
Отын құю.....	22	Жүксалғыш жарығы.....	37
Автокөліктің жабдықталуы.....	22	Салон жарығы.....	38
Отын құю тәсілдері.....	22	Әйнектазалағыштарды басқару.....	39
Отын туралы ақпарат.....	24	Автокөліктің жабдықталуы.....	39
Капот.....	25	Электржетегі бар әйнектазалағыштар.....	39
Автокөліктің жабдықталуы.....	25	Автоматты әйнектазалағыштар.....	40
Ашу.....	25	Алдыңғы әйнектазалағыштың тыныштық аймағын жылыту.....	42
Жабу.....	25	Алдыңғы әйнектазалағыштар мен жуғыштың баптаулары.....	42
Орындықтар.....	26	Кондиционер жүйесі.....	43
Автокөліктің жабдықталуы.....	26	Автокөліктің жабдықталуы.....	43
Алдыңғы орындықтарды жылытуды баптау.....	26	Электржетекті кондиционер жүйесі.....	43
Бассүйегіштер.....	27	Кондиционер жүйесін басқару тақтасы (1-түр).....	43

Кондиционер жүйесін басқару тақтасы (2-түр) .....	44	Қуат ажыратқышы .....	70
Кондиционер баптауларының интерфейсі .....	46	Автокөліктің жабдықталуы .....	70
Кондиционерді басқару .....	47	Оталдыру жүйесінің құлпын ауыстырып қосу .....	70
Автоматты кондиционер жүйесі .....	48	Автокөлікті оталдыру және өшіру .....	71
Кондиционер жүйесін басқару тақтасы .....	48	Автокөліктің жабдықталуы .....	71
Кондиционер баптауларының интерфейсі .....	50	Автокөлікті оталдыру .....	71
Кондиционерді басқару .....	52	Автокөлікті өшіру .....	71
Кондиционер жүйесінің дефлекторы .....	53	Тұрақ тежегіші .....	73
Салон жабдығы .....	54	Автокөліктің жабдықталуы .....	73
Автокөліктің жабдықталуы .....	54	Сақтық шаралары .....	73
Күнқағарлар .....	54	Қолмен басқарылатын тұрақ тежегіші .....	73
Косметикалық айналар .....	54	Электр тұрақ тежегіші .....	74
Сақтауға арналған құралдар .....	54	Берілістерді ауыстырып қосу .....	76
Ұсақ-түйек тартпасы .....	54	Автокөліктің жабдықталуы .....	76
Сақтауға арналған тартпасы бар шынтақтаяныш .....	55	Режимдер сипаттамасы .....	76
Көзілдірік сауыты .....	55	Берілістерді ауыстырып қосу .....	76
Стақанқойғыштар .....	55	Орнынан қозғалу .....	77
Бөтелкелерге арналған орындар .....	56	Өрде орнынан қозғалу .....	77
Жүк ілмектері .....	56	Автокөлікті тоқтату .....	77
Темекі тұтатқыш .....	56	Дифференциалды құлыптау .....	78
Электр розеткалар .....	57	Автокөліктің жабдықталуы .....	78

## Автокөлікті басқару

Жүргізу ережелері .....	60	Дифференциалды құлыптау туралы жалпы мәлімет .....	78
Автокөліктің жабдықталуы .....	60	Дифференциалды құлыптау және құлпын ашу .....	78
Автокөлік жүргізу алдында .....	60	Толық жетек жүйесі .....	79
Қозғалыс кезінде .....	60	Автокөліктің жабдықталуы .....	79
Жолаушыларға арналған сақтық шаралары .....	62	Электронды басқарылатын толық жетек .....	79
Автокөлікті тұраққа қою .....	62	Тұраққа қою көмекші жүйесі .....	81
Үнемді жүргізу .....	63	Автокөліктің жабдықталуы .....	81
Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізуге қатысты кеңестер .....	64	Сақтық шаралары .....	81
Автокөліктің жабдықталуы .....	64	Тұрақ радары .....	81
Тұманда жүру .....	64	Артқы көрініс камерасы .....	82
Жауын-шашында жүру .....	64	Айналаны шолу жүйесі .....	82
Су басқан аймақтан өту .....	64	Шина қысымын бақылау жүйесі .....	84
Жылдың ыстық мезгілінде көлік жүргізу .....	65	Автокөліктің жабдықталуы .....	84
Жылдың суық мезгілінде көлік жүргізу .....	66	Шина қысымын бақылау жүйесі туралы жалпы мәлімет .....	84
Автокөлікті жүргізіп бейімдеген кезеңдегі кеңестер .....	69	Шиналар туралы ақпаратты көрсету және тиісті сигналдар .....	84
Автокөліктің жабдықталуы .....	69	Жүруге көмектесетін жүйе .....	85
Шиналар .....	69	Автокөліктің жабдықталуы .....	85
Тежегіш қыспақтары .....	69	Сақтық шаралары .....	85
Қозғалтқыш .....	69	Тежегішті блоктау жүйесі .....	85
		Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе .....	85
		Тежеуге көмектесетін жүйе .....	85

Бос айналадан сақтау жүйесі.....	85
Төңкерілуден сақтау жүйесі .....	86
Қайта соқтығысуды азайту жүйесі .....	86
Өрде орнынан қозғалуға көмектесетін жүйе.....	86
Тұрақтылықты электрондық бақылау жүйесі.....	86
Пайдаланылған газдарды бақылау жүйесі.....	87
Автокөліктің жабдықталуы .....	87
Сақтық шаралары.....	87
Каталиттік бейтараптандырғыш .....	87
Пайдаланылған газдарды рециркуляциялау құрылғысы.....	87
Айдауыш .....	87
Отын буын бақылау құрылғысы.....	87
Картер газдарын рециркуляциялау құрылғысы.....	87
Жоғары қысымды отын жүйесі .....	87
Борттық диагностика жүйесі .....	88
Дизельдік күйе сүзгісі .....	88
Аспаптар тақтасы .....	90
Автокөліктің жабдықталуы .....	90
Шолу.....	90
Рульдегі түймелер.....	92
Сапар туралы деректер интерфейсі .....	92
Мәзір баптауларының интерфейсі .....	92
Ескертулер интерфейсі.....	93
Аспаптар тақтасындағы индикаторлар.....	94
Автокөліктің жабдықталуы .....	94
Аспаптар тақтасындағы индикаторлар .....	94

## Мультимедиа жүйесі

Сақтық шаралары.....	98
Автокөліктің жабдықталуы .....	98
Қауіпсіздік.....	98
Пайдалану .....	98
Радио туралы ақпарат .....	98
USB-жинақтағыштар.....	98
Bluetooth.....	98
Радио.....	99
Басқару тақтасының сипаттамасы .....	99
Сыртқы жалғанатын жабдық.....	102
Жүйе баптаулары.....	102
MP5-плеер.....	103
Автокөліктің жабдықталуы .....	103
Рульдегі түймелер.....	103
Мультимедиалық ауыстырып қосқыштар .....	103

Сыртқы жалғанатын жабдық.....	104
Орталық дисплейдің күй жолағы .....	104
Орталық дисплеймен жұмыс .....	105
Бас мәзір интерфейсі .....	106
Мобильді телефонды қосу .....	107
Тез реттеу тақтасы .....	107
Жергілікті мультимедиа.....	107
Байланыс .....	108
Жүйе баптаулары .....	109

## Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері .....	112
Автокөліктің жабдықталуы .....	112
Сақтық шаралары.....	112
Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу.....	113
Алдыңғы орындықтардың алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеулері .....	113
Үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін пайдалану .....	113
Артқы ортаңғы орындыққа арналған үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін қолдану тәсілі.....	114
Қауіпсіздік жастықтары .....	115
Автокөліктің жабдықталуы .....	115
Сақтық шаралары.....	115
Қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жері.....	115
Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары.....	115
Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары .....	117
Қауіпсіздік қалқалары .....	118
Бала бекіту жүйесі .....	119
Автокөліктің жабдықталуы .....	119
Бала орындығының ұсынылатын үлгілері .....	119
Бала орындығын бекіту нүктелері .....	119
ISOFIX стандартындағы бала орындықтарын қолдану туралы ақпарат ..	119
Бала орындығын орнату тәртібі.....	120
Бала орындығын орнатуға қатысты айрықша нұсқаулар .....	121
Автокөлікті айдап өкетуден сақтау жүйесі ....	123
Автокөліктің жабдықталуы .....	123
Жүйе туралы жалпы мәлімет .....	123
Қолдану тәсілі .....	123
Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі .....	124
Автокөліктің жабдықталуы .....	124
Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі .....	124

Оқиғалар туралы деректерді тіркегіш.....	125
Автокөліктің жабдықталуы .....	125
Жүйе туралы жалпы мәлімет.....	125
Деректерді оқу.....	125
Деректерді ашу.....	125

## Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Жүргізуші құрал-саймандары.....	128
Автокөліктің жабдықталуы .....	128
Орналасуы.....	128
Қосалқы дөңгелек .....	129
Автокөліктің жабдықталуы .....	129
Шығару және орнына салу.....	129
Дөңгелекті ауыстыру .....	131
Автокөліктің жабдықталуы .....	131
Шина ақауларының белгісі.....	131
Дөңгелекті ауыстыру алдындағы дайындық.....	131
Дөңгелекті ауыстыру процедурасы .....	131
Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда .....	134
Автокөліктің жабдықталуы .....	134
Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда .....	134
Егер автокөлік кептеліп қалса немесе түбіне «отырса» .....	134
Автокөлікті сыртқы қуат көзінен оталдыру .....	135
Автокөліктің жабдықталуы .....	135
Қуаты таусылған аккумулятордың белгілері.....	135
Қозғалтқышты басқа автокөліктен оталдыру тәсілі.....	135
Қозғалтқыштың қызып кетуі .....	137
Автокөліктің жабдықталуы .....	137
Қозғалтқыш қызып кеткенде .....	137
Сүйреу.....	138
Автокөліктің жабдықталуы .....	138
Сүйреу құлақшасы.....	139
Сүйреу сымарқаны.....	139
Сүйреу құлақшасынан сүйрету.....	139
Төтенше жағдайда көмек көрсету жүйесі .....	141
Автокөліктің жабдықталуы .....	141
Төтенше жағдайда көмек көрсету жүйесі .....	141

## Апаттық жағдайлар

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және

күтім жасау қажеттілігі .....	144
Мотор бөлімі.....	145
Автокөліктің жабдықталуы .....	145
Сақтық шаралары.....	145
Майлар мен сұйықтықтар.....	145
Мотор майы .....	146
Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы .....	146
Тежегіш сұйықтығы .....	147
Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығы.....	147
Алдыңғы өйнекужуғыш сұйықтығы .....	148
Радиатор, желдеткіш.....	148
Аккумулятор батареясы.....	148
Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған белгілер мен жапсырмалар.....	149
Радиатор қақпағындағы ескерту жапсырмасы.....	149
Мотор бөліміндегі ескертуші жапсырмалар .....	149
Аккумулятор батареясындағы ескертулер .....	149
Бөлшектерді ауыстыру .....	150
Автокөліктің жабдықталуы .....	150
Сақтандырылғышты ауыстыру.....	150
Алдыңғы өйнектазалағыш щеткаларын ауыстыру (I түр) .....	151
Алдыңғы өйнектазалағыш щеткаларын ауыстыру (II түр) .....	152
Шамдар .....	153
Автокөлікке күтім жасау.....	154
Автокөліктің жабдықталуы .....	154
Шиналарға күтім жасау.....	154
Шанаққа күтім жасау.....	155
Салонға күтім жасау .....	156
Коррозияны болдырмауға бағытталған шаралар .....	157
Автокөліктің тұрақта ұзақ тұрып қалуы.....	158

## Кепілді техникалық қызмет көрсету

Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат .....	160
Жалпы ережелер.....	160
Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат .....	160
Шанақты тексеру.....	163
Кепілдік туралы нені білу керек.....	166
Шиналар.....	166
Мерзімді техникалық қызмет көрсету .....	166
Түпнұсқа қосалқы бөлшектер.....	166

Конструкцияны өзгерту .....	166
Кепілдік төмендегі жағдайлардан туындаған төменде аталған кемшіліктерге қолданылмайды: .....	166
Мыналарға да назар аударыңыз: .....	168
Автокөлік иесінің міндеттері .....	170
Автокөлік иесінің міндеттері: .....	170
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету .....	171
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі .....	173
Техникалық сұйықтықтарды тексеру пункттері .....	176
Ауыр пайдалану жағдайлары .....	177
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік .....	178
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік .....	178
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік .....	179
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік .....	180
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік .....	181
Одометрді ауыстыру картасы .....	182
Одометрді ауыстыру картасы .....	182
Одометрді ауыстыру картасы .....	183
Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы .....	184
Ерекше белгілер .....	186
Сатуға дейінгі дайындық .....	187

## Техникалық параметрлер

Автокөліктің сәйкестендіру деректері .....	190
Автокөліктің жабдықталуы .....	190
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі .....	190
Қозғалтқыш нөмірі GW4C20B .....	190
GW4D20M .....	191
Автокөлік параметрлері .....	192
Негізгі параметрлер .....	192
Динамикалық сипаттамалар .....	192
Шиналардың техникалық сипаттамалары .....	192
Дөңгелек параметрлері .....	192
Аспаның техникалық сипаттамалары .....	193
Тежеу жүйесінің параметрлері .....	193
Сұйықтық параметрлері .....	193
Орындық параметрлері .....	195

## Көрсеткіштер

Өліпбилік көрсеткіш .....	196
---------------------------	-----

# 1

# Пайдалану

---

Кілттер .....	14
Есіктердің құлпы.....	16
Жұқсалғыш .....	19
Терезелер.....	20
Отын құю.....	22
Капот .....	25
Орындықтар .....	26
Артқы көрініс айналары.....	31
Руль.....	33
Жарықты басқару.....	34
Әйнектазалағыштарды басқару.....	39
Кондиционер жүйесі.....	43
Салон жабдығы .....	54




# Кілттер

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Сондықтан осы Нұсқаулықта сипатталған жабдықтың кейбір түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі мүмкін немесе тек белгілі бір нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты бір жинақтама туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдарды зерттеңіз немесе мәліметтерді өкілетті дилерден сұраңыз.

## Түймелер



FA13266C422B

- А Жинау түймесі
- В Құлыптау түймесі
- С Құлыпты ашу түймесі
- D Автокөлікті іздеу түймесі

### Жинау түймесі

Механикалық кілтті шығару үшін жинау түймесін басыңыз.

Механикалық кілтті бастапқы қалпына келтіру үшін жинау түймесін ұзағынан басыңыз.

### Құлыптау түймесі

Құлыптау түймесін басып, автокөліктің барлық есігін құлыптауға болады. Бұл кезде бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары 1 рет жыпылықтайды.

### Пайдалы ақпарат

Егер есіктерді құлыптаған кезде бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары жыпылықтамаса, барлық есіктің толық жабылғанын не жабылмағанын тексеріңіз.

### Құлыпты ашу түймесі

Құлыпты ашу түймесін басып, автокөліктің барлық есігінің құлпын ашуға болады. Бұл кезде бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары 2 рет жыпылықтайды.


### Автокөлікті іздеу түймесі

Автокөліктің есіктері құлыпталған кезде, автокөлікті іздеу функциясын іске қосу үшін осы түймені басыңыз. Бұл оны автотұрақта және басқа жерлерде тез табуға мүмкіндік береді.

1

Пайдалану

## Кілттер туралы ақпарат



03CD04DB1A20

- А Механикалық кілт (жиналмайды)
- В Сمارт-кілт (жиналмалы)
- С Кілт нөмірі бар бирка

### Пайдалы ақпарат

- > Кілт нөмірі бар бирканы дұрыс сақтаңыз. Кілт биркасында жаңа кілт алуға арналған код болады және сервис орталығынан кілтті тек осы код негізінде ғана сұратуға болады.
- > Автокөлікті сатып алған немесе сатқан кезде, көрсетілген код автокөліктің жаңа иесіне берілуі керек.



Егер автокөлікті іздеу барысында түймені тағы бір рет бассаңыз, автокөлікті іздеу функциясы ажыратылады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Тарату жиілігін өз бетінше өзгертуге және тарату қуатын арттыруға (оның ішінде радиожилікті қуат күшейткішін орнатуға) болмайды. Антеннаны ауыстыруға немесе сыртқы антенналарды жалғауға болмайды.
- > Қолданыстағы сымсыз байланыс қызметтеріне кедергі жасауға болмайды. Кедергі анықталған бойда құрылғыны пайдалануды тоқтатып, кедергілерді жою шараларын орындаңыз.
- > Құрылғыны пайдалану кезінде оның жұмысына әртүрлі радиожабдық әсер етуі мүмкін, ол функцияларды уақытша істен шығаруы мүмкін.

## Қуат элементін ауыстыру

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Жұмыс кезінде қолыңызды құрғатып сүртпеңіз, себебі ылғал қуат элементінің коррозиясын тудыруы мүмкін.
- > Құрылғының басқа бөлшектерін ұстамаңыз немесе қозғамаңыз.
- > Қуат элементінің полярлығын сақтаңыз.
- > Қуат элементін ауыстырған кезде бөлшектерді жоғалтып алмаңыз.

### ⚠ Ескерту


- > Автокөлік кілттеріне орнатылған қуат элементтері қауіпті болып табылады, сондықтан олар жаңа болғанына немесе пайдаланылғанына қарамастан, әрқашан балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек.
- > Егер жұтылса немесе денеге енсе, қуат элементі 2 сағат ішінде немесе одан аз уақытта денсаулыққа қатты зиян келтіруі мүмкін, тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- > Егер сіз қуат элементі жұтылған немесе денеге енген деп күдіктенсеңіз, медициналық көмек сұраңыз.
- > Пайдаланылған қуат элементтерін жергілікті заңнамаға сәйкес жойыңыз. Пайдаланылған қуат элементтерін дұрыс жоймау қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.

1. Кілттен тығынын шешіп алыңыз.



4E5ED415C991

2. Қуат элементінің полярлығын тексеріп, оны шығарып алыңыз. Полюсін сақтай отырып, уяға жаңа қуат элементін салыңыз.



E682E3B45A90

Қуат элементінің түрі: CR1632

3. Кілттің тығынын орнына қойып, барлық түйменің жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.

1

Пайдалану

# Есіктердің құлпы


## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы Нұсқаулықта сипатталған жабдықтың кейбір түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі мүмкін немесе тек белгілі бір нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты бір жинақтама туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдарды зерттеңіз немесе мәліметтерді өкілетті дилерден сұраңыз.

## Кілт түймесімен құлыптау және құлыпты ашу

Кілт түймелерінің сипаттамасын қараңыз. (▷ 14-бет)

## Орталық құлып түймесімен құлыптау және құлыпты ашу




Ⓐ Құлыпты ашу түймесі

Ⓑ Құлыптау түймесі

Орталық құлып түймесі жүргізуші есігінде орналасқан. Оны басып, автокөліктің барлық есігін құлыптауға немесе құлпын ашуға болады.

## Ішкі тұтқамен құлыпты ашу




Есік құлыптанып тұрған кезде, есік құлпын ашу үшін оның ішкі тұтқасын тартыңыз. Есікті ашу үшін тұтқаны қайта тартыңыз.

## Пайдалы ақпарат

Артқы есікті ашу үшін ішкі тұтқаны қолданған кезде, бала бекітпесінің жабық күйде тұрмағанын тексеріп алыңыз. Әйтпесе артқы есік ашылмайды.

## Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу



Механикалық кілтті кілт ұңғымасына салып бұраңыз. Оны басу арқылы автокөлік есігін құлыптауға және құлпын ашуға болады.

## Пайдалы ақпарат

Есікті механикалық кілтпен ашқан кезде, айдап өкетуге қарсы сигнал беру жүйесі іске қосылуы мүмкін. (▷ 117-бет)

## Апаттық құлыптау



Алдыңғы жолаушы есігі мен артқы есіктер апаттық құлыптау құрылғыларымен жабдықталған.

Егер электр қуат көзі болмаса және есікті электр құлыппен құлыптау мүмкін болмаса, есікті құлыптау үшін механикалық кілтті апаттық кілт

1

Пайдалану

ұңғымасына салып, оны көрсеткімен көрсетілген бағытта бұрау керек.

### **i** Пайдалы ақпарат

Егер есікті тек осы әдіспен ғана құлыптау мүмкін болса, бұл есіктің электрлік құлыптау жүйесі ақаулы болуы мүмкін дегенді білдіреді. Тексеру және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Бала бекітпесі

Қауіпсіздік мақсатында балаларды артқы орындықтарда тасымалдаған жөн. Артқы есіктер бала бекітпесімен жабдықталған, бұл олардың кездейсоқ ашылып кетуіне жол бермейді.



9834F6E13902

Құлыптағы кілтті көрсетілген бағытта бұрап бала бекітпесін іске қосыңыз. Кілтті кері бұрау бала бекітпесін ажыратады.

### **⚠** Ескерту

Тек артқы есіктер бала бекітпесімен жабдықталған. Егер бала артқы орындықта жалғыз болса, артқы екі есіктің кездейсоқ ашылуына жол бермеу үшін олардың бала бекітпесін бірге іске қосыңыз.

### **i** Пайдалы ақпарат

Бала бекітпесі іске қосылып тұрған кезде, автокөліктің есігін сыртқы тұтқасынан тартып ашуға болады.

## Автоматты қайта құлыптану

Егер жүргізуші автокөліктің есіктері құлыпталған кезде смарт-кілттегі құлыпты ашу түймесін басса, бірақ құлыптан босатылғаннан кейін 30 секунд ішінде оталдыруды орындамаса немесе кез келген есікті ашпаса, автокөліктің барлық есігі қайтадан автоматты түрде құлыпталады.

## Оталдыру жүйесі сөндірілген кезде құлыпты ашу

Оталдыру жүйесі сөндірілген кезде, [Автокөлік баптаулары] → [Автокөлік ішінде] → [Шанақ] → [Қозғалтқыш сөндірілген кезде құлыпты ашу] мультимедиа дисплейімен құлыпты ашу функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Оталдыру жүйесі сөндірілген кезде құлыпты ашу функциясы іске қосылса, қозғалтқыш сөндірілгеннен кейін автокөліктің барлық есігі автоматты түрде ашылады.

## Қозғалыс кезінде автоматты құлыптану

[Автокөлік баптаулары] → [Автокөлік ішінде] → [Шанақ] → [Қозғалыс кезінде құлыптау жылдамдығын реттеу] мультимедиа дисплейі арқылы қозғалыс кезінде автоматты құлыптау функциясын өшіруге немесе ол іске қосылатын қозғалыс жылдамдығын орнатуға болады. Егер автокөліктің ағымдағы жылдамдығы белгіленген мәннен асып кетсе, автокөліктің барлық есігі автоматты түрде құлыпталады.

### **i** Пайдалы ақпарат

Қозғалысты бастамас бұрын автокөліктің барлық есігінің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

1

Пайдалану

---

## Соқтығысу кезінде құлыптың автоматты ашылуы

Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы ON режимінде болғанда және жүйе соқтығысуды тіркеген кезде, барлық есіктің құлыптары автоматты түрде ашылады.

1

Пайдалану

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Жұқсалғыш есігін ашу және жабу



13AA38322BB1

Жұқсалғыш есігін оның тұтқасынан тартып ашуға болады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Жұқсалғыш есігін ашқан кезде, сырттан күш қолданбаңыз, себебі бұл шағын сымарқанға зақым келтіруі мүмкін.
- > Жұқсалғыш есігін ашқан кезде екі жағындағы топсалар толығымен шығып, есік жұқсалғыштың түбіне параллель болуы керек.
- > Жұқсалғыш есігі жабылғаннан кейін оның сенімді жабылуын тексеріңіз.

## Жүк тасымалдау

- > Жұқсалғышқа орналастырылған жүктің ұзындығы мен ені жұқсалғыштың өз габариттерінен аспауға тиіс.

Жүктің сақталуын қамтамасыз ету және оның құлауын болдырмау үшін жүкті резинтпен немесе арқандармен бекіту керек.

- > Жұқсалғышқа шамадан тыс жүк тиелмеуі керек.

Мүмкін болса, бұрылыс кезінде желдің немесе инерцияның әсерінен көліктің көлденең тербелуін болдырмау үшін жұқсалғышты жүктеу биіктігін азайтыңыз.

- > Мүмкін болса, ауыр жүктердің салмағын жұқсалғыштың есігінен алшақтау орналастырыңыз, бірақ егер бұл мүмкін болмаса, оның зақымдалуын болдырмау үшін келесі ұсыныстарға назар аударыңыз:

Көлік қозғалысының алдында жұқсалғыш есігінің толығымен жабылғанына көз жеткізіңіз. Қозғалыс кезінде жұқсалғыштың есігін ашық қалдырмаңыз.

Әдетте, жұқсалғыштың статикалық жүккөтергіштігі 150 кг шамасынан аспауы керек. Жүкті тиеген және түсірген кезде жұқсалғыштың есігіне динамикалық әсер етпеңіз.

Автокөлік қозғалысы кезінде жүк мықтап бекітілуі керек. Бұл тасымалданатын жүктің шайқалуы мен жылжуына байланысты жұқсалғыш есігінің зақымдалуын болдырмайды.

Жүкті жұқсалғыштың есігіне ұзақ уақыт орналастыруға болмайды.

### ⚠ Ескерту

- > Автокөліктің жұқсалғышы жолаушыларды тасымалдауға арналмаған.
- > Автокөліктен сөндірілмеген темекіні, сіріңкені және басқа тұтану көздерін тастамаңыз, өйткені желдің әсерінен олар жұқсалғышқа түсіп, жүкті тұтатып, өрт тудыруы мүмкін.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Жүкті домалатпайтын тіреулермен және жұқсалғыш есігінің көмегімен тіреуге болмайды.
- > Жүкті біркелкі бөлу керек, олай болмаса жүктің тұрақсыздығы, автокөліктің ішінара шамадан тыс жүктелуі, сондай-ақ оның жұқсалғышының, шассийінің және т. б. зақымдануы сияқты құбылыстар болуы мүмкін.

# Терезелер

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпарат алу үшін сатқан кезде берілген құжаттарға жүгініңіз немесе көлікті сатқан дилерге хабарласыңыз.

### ⚠ Ескерту

Терезені жаппас бұрын жолаушылардың бастары мен қолдары одан қауіпсіз қашықтықта екеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе жабу кезінде ауыр жарақат алуы мүмкін.

## Бір рет басып ашу

Жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіштің түймесін әдеттегіден қаттырақ басыңыз да, жібере салыңыз: терезе автоматты түрде толық ашылады. Оны тоқтату үшін ауыстырып қосқышты жоғары қарай тартып қалыңыз.

### ℹ Пайдалы ақпарат

Бұл функциямен тек жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіш қана жабдықталған.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Төмен температурада әйнек пен жақтаудың арасында мұз пайда болуы мүмкін, бұл әйнектің қозғалысына кедергі келтіреді. Бұл жағдайда көтеру-түсіру механизміне зақым келтірмеу үшін ауыстырып қосқыштарды бірнеше рет баспаңыз. Салондағы температура көтерілгенше күтіңіз. Әйнек жібігеннен кейін оны әдеттегідей көтеруге және түсіруге болады.

## Терезені құлыптау

Терезені құлыптау түймесін басқаннан кейін артқы есіктердің әйнеккөтергіштерінің түймесін пайдаланып терезелерді басқару мүмкін болмайды. Түймені қайтадан басу артқы есіктердегі әйнеккөтергіштер түймесінің функцияларын қалпына келтіреді.

### ⚠ Ескерту


Көлікте бала болса, баланы жеткілікті түрде қауіпсіз болатын артқы орындыққа отырғызып, терезені құлыптаған жөн.

## Жолаушылар жақтағы әйнеккөтергіштердің түймесі

Әйнеккөтергіштердің түймелері жолаушылар жақтағы есіктердің шынтақтаяныштарында орналасқан және тиісті терезелерді ашуға және жабуға арналған.

1

Пайдалану



E2255A59BF8E

- Ⓐ Терезені құлыптау түймесі
- Ⓑ Жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы
- Ⓒ Алдыңғы жолаушы жақтағы әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы
- Ⓓ Сол жақ артқы терезенің әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы
- Ⓔ Оң жақ артқы терезенің әйнеккөтергішінің ауыстырып қосқышы

## Қолмен басқару

Терезені ашу немесе жабу үшін тиісті ауыстырып қосқышты басыңыз немесе тартыңыз. Әйнек қажетті күйге жеткенше ұстап тұрыңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

---

## Қызып кетуден қорғау

Әйнеккөтергіштердің түймесін ұзақ уақыт бірнеше рет басу көтеру-түсіру механизмінің электржетегін қызып кетуден қорғау функциясын іске қосуы мүмкін. Бұл ретте әйнеккөтергіштің түймесі уақытша өшіріледі. Жетек салқындағаннан кейін әйнеккөтергіштердің түймесі автоматты түрде жұмыс күйіне оралады.

1

Пайдалану


# Отын құю

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Отын құю тәсілдері

1. Жүргізуші есігінің құлпы ашық болған кезде, автокөліктің артқы бөлігіндегі отын бағы қақпағының жиегін басыңыз. Отын бағы аузының қақпағы ашылады.
2. Отын бағының қақпағын теріс бағытта бұрап ашыңыз. Автокөлік корпусын ластамас үшін отын бағы қақпағының сымын отын бағының есігіне бекітіңіз.



C6E962DB397D

### ⚠ Ескерту

- > Отын бағының қақпағын бұрап алғанда, ауаның шыққан дыбысын естісеңіз, сәл күте тұру қажет. Ауаның шыққан дыбысы тоқтағаннан кейін отын бағының қақпағын абайлап ашыңыз. Ыстық ауа райында бак ішінде шамадан тыс қысым жиналатындықтан, отын бағы аузынан отын атқылап, салдарынан жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.
- > Отын құйған кезде мыналарға назар аударыңыз:
  - Қозғалтқыш өшіп тұруы керек.
  - Автокөліктің жанында кез келген от көзінің болуына тыйым салынады.
  - Қоңырау шалуға және қабылдауға тыйым салынады.
  - ЖҚС-да белгіленген басқа да сақтық шараларын сақтаңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Бакқа отынды асыра құймаңыз. Жанармай құю пистолеті бірінші рет «атып жібергенде» оны суырып алыңыз. Әйтпесе отын адсорберге түсіп кетіп, бұл оның қызмет ету мерзімін қысқартады.
- > Отын құйған кезде, отынның автокөлік шанағына төгілуін болдырмаңыз, бұл лак-бояу жабынында коррозия тудыруы мүмкін.
- > Отын құйған кезде, көрсетілген отын түрін ғана пайдалану керек.

3. Отын құйып болғаннан кейін отын бағының қақпағын орнына қойып, қақпақтың жабылғанын көрсететін сыртылдаған дыбысқа дейін оң бағытта бұраңыз.

### ℹ Пайдалы ақпарат

Отын бағының қақпағы орнына орнатылуы керек. Әйтпесе қозғалтқыштың ақау индикаторы жанады. 🚗

1

Пайдалану



---

#### 4. Отын багының қақпағын жабыңыз.

##### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Отын багының қақпағы жанармай құю аяқталғаннан кейін бірден жабылуы керек. Егер отын багы аузының қақпағы ұзақ уақытқа ашық қалса, онда шаң, құм және т.б. сияқты бөгде заттар жиналуы мүмкін. Соның нәтижесінде отын багының есігін ашқан және жапқан кезде қиындықтар туындауы мүмкін. Тиісінше отын багы есігінің өзегін, отын багы есігінің өзегінің ойығын және оның периметрі бойынша аумақты уақтылы тазалау қажет.
- > Отын багының есігін жапқан кезде шамадан тыс күш қолданбаңыз. Олай болмаса, есіктің кептеліп қалу қаупі бар және оны ашу мүмкін болмайды. Бұл жағдайда мәселені шешу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласу қажет.
- > Бекіту механизмінің деформациясы мен сынуын болдырмау үшін отын багының есігіне күш салмаңыз. Олай болмаса, сіз отын багының есігін ашып-жаба алмайсыз.

##### **i Пайдалы ақпарат**

Автокөлікті жууды отын багының есігі ашық болған кезде орындамаңыз.

## Отын туралы ақпарат

### Бензиндік қозғалтқышы бар автокөліктер

Аспект	Деректер
Отын түрі	Октан саны 92 және одан жоғары этилденбеген бензин
Отын бағының көлемі (л) (анықтамалық мән)	80±3

### Дизельдік қозғалтқышы бар автокөліктер

Аспект	Деректер
Отын түрі	«Л» санатындағы моторлық дизель отыны (5 °C жоғары температурада қолдану үшін) «Е» санатындағы моторлық дизель отыны (-15 °C жоғары температурада қолдану үшін) «З» санатындағы моторлық дизель отыны (-25 °C жоғары температурада қолдану үшін) «А» санатындағы моторлық дизель отыны (-45 °C жоғары температурада қолдану үшін)
Отын бағының көлемі (л) (анықтамалық мән)	78±3

#### **⚠️ Назар аударыңыз!**


- > Дизель отыны МЕМСТ 32511-2013 стандартының немесе оның аналогінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- > Автокөлікке МЕМСТ 32511-2013 стандартына (немесе оның аналогіне) сәйкес келмейтін дизель отынын құюға тыйым салынады. Олай болмаса, қозғалтқыш қуатының төмендеуі, қалыпты тозу және т.б. сияқты ақаулық белгілері пайда болуы мүмкін.
- > Бензиндік қозғалтқышы бар автокөліктерге дизель отынын, ал дизельдік қозғалтқышы бар автокөліктерге бензин құюға тыйым салынады, себебі бұл қозғалтқыштың дұрыс жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.
- > Дизель отынының парафинделуін және қозғалтқыштың қалыпты жұмысының бұзылуын болдырмау үшін ауа температурасының өзгеруіне байланысты дизельді дұрыс таңдау керек.

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.


## Ашу

1. Жүргізуші жақтағы аспаптар тақтасының астында орналасқан тұтқаны тартыңыз. Капот сәл ашылады.




4FEF9F45AEAF

2. Қолыңызды саңылауға сырғытып, ысырманы көрсеткі бағытында бұраңыз да, капотты көтеріңіз.



4FAEFB8ED7F7

3. Бекіткіш тіректі ойықтан шығарып алыңыз да, оны ашық күйінде бекіту үшін оның алдыңғы ұшын сорғыштағы ойыққа салыңыз.



E3E12F092FE8

## Жабу

1. Капотты абайлап сәл көтеріңіз.
2. Бекіткіш тіректі капоттағы қуыстан шығарып алып, оны бастапқы күйіне орнатыңыз.
3. Капот құлпынан шамамен 30 см биіктікте капотты босатыңыз, бұл оның еркін түсуіне мүмкіндік береді.
4. Капоттың толығымен жабылғанына көз жеткізіңіз.

### ⚠ Ескерту

Жүрмей тұрып, капоттың жабылғанын және мықтап құлыпталғанын тексеріңіз. Олай болмаса, ол қозғалыс кезінде кездейсоқ ашылып кетіп, ЖКО-ға ұшыратуы мүмкін.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Капотты жаппас бұрын мотор бөлімінде бөгде заттардың қалып қоймағанын тексеріп алыңыз.

# Орындықтар

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған жабдықтың кейбір түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі мүмкін немесе тек белгілі бір нарықтар үшін қолжетімді болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпарат алу үшін сатқан кезде берілген құжаттарға жүгінуіңіз немесе көлікті сатқан дилерге хабарласуыңыз қажет.

1

Пайдалану

## Алдыңғы орындықтарды жылытуды баптау



8BAB84777DA3

Орындықты жылыту режимдерінің мәзірін шығару үшін кондиционер баптаулары интерфейсінің төменгі жағындағы орындық суретін түртіңіз. Орындықты жылыту режимін реттеу немесе орындықты жылыту функциясын өшіру үшін қажетті түймені түртіңіз.

### ⚠ Ескерту

Келесі жолаушылар санаты үшін орындықтарды жылыту функциясын пайдалану кезінде ерекше сақтық шараларын сақтау қажет:

- > сәбилер, балалар, қарт адамдар, ауруы бар немесе мүмкіндігі шектеулі адамдар;
- > терісі сезімтал адамдар;
- > қатты шаршаған адамдар;
- > алкоголь ішу немесе дәрі қабылдау салдарынан ұйқылы-ою күйде отырған адамдар.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Орындықтар мен олардың электр тізбектерін кез келген түрде өзгертуге тыйым салынады. Бұл орындық жылытқышының функционалдығы мен қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.
- > Орындықтың қызып кетуіне жол бермеу үшін орындықты жылыту функциясы жұмыс істеп тұрған кезде, оған кілемшелер, жастықтар және басқа жылу оқшаулағыш заттарды қоймаңыз.
- > Аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмау үшін автокөлік қуаты өшірілген кезде орындықты жылытуды ұзақ уақыт пайдалануға тыйым салынады.
- > Төмендегі жағдайларда орындық жылытқышы зақымдалуы мүмкін және оны тек тексеруден кейін ғана пайдалануға рұқсат етіледі:
  - орындыққа көп су төгілген;
  - орындық өткір затпен (түйреуіш, пышақ және т.б.) сызылған;
  - орындықтан бөтен иіс шығады.

## Бассүйегіштер

### Бассүйегіштерді реттеу

#### ⚠ Ескерту

Көлік қозғалысы кезінде бассүйегіштерді реттеуге тыйым салынады.



6907942F34F9

Бассүйегіштің орталық жағының биіктігі құлақ деңгейіне сәйкес реттелсе, ол максималды қорғанысты қамтамасыз етеді.

- > Бассүйегішті көтеру үшін оны қажетті деңгейге дейін жоғары тартыңыз.
- > Егер бассүйегішті төмен түсіру қажет болса, бассүйегішті реттеу түймесін басып тұрып, бассүйегішті қажетті күйге орнатылғанша басыңыз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

- > Бассүйегіштің шекті төменгі күйі — жұмыссыз. Бассүйегішті пайдалану үшін оны қажетті бекітілген күйге дейін көтеруді ұмытпаңыз.
- > Бассүйегішті реттегеннен кейін оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны басыңыз.

### Бассүйегіштерді шешіп алу

Бассүйегішті шешіп алу үшін бассүйегішті реттеу түймесін басып тұрыңыз. Бұл оны толығымен шығаруға мүмкіндік береді.

#### ⚠ Ескерту

Бассүйегіштері шешіп алынған автокөлікпен қозғалуға тыйым салынады. Олай болмаса, автокөлік соқтығысқан жағдайда, мойын омыртқасына қатты соққы тиіп, бұл ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкеп соғуы мүмкін.

### Орындықтарды қолмен реттеу

#### ⚠ Ескерту

- > Қозғалыс кезінде орындықтарды реттеуге тыйым салынады.
- > Автокөлікті басқару ыңғайлы болуы үшін қозғалысты бастамай тұрып орындықты ыңғайлы күйге реттеп алу керек. Әйтпесе қателік жасап, жазатайым оқиғаға ұшырауыңыз мүмкін. Сонымен қатар қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтарын, бассүйегішті және басқа жабдықты тиімді пайдалану мүмкін болмайды.
- > Соқтығысқан кезде белбеу сырғып кетпеуі үшін орындықты тым қатты шалқайтпаңыз. Қауіпсіздік белбеуі тек тік отырғанда және орындық арқалығына сүйеніп отырғанда ғана максималды қорғанысты қамтамасыз етеді.

### Орындықтың бойлық күйін реттеу



31F3F783AF9D

Орындық күйін реттеу тұтқасын жоғары тартып, орындықты алға немесе артқа қозғап, қажетті күйге келтіріңіз де, тұтқаны жіберіңіз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Орындықты реттегеннен кейін оның мықтап бекітілгенін тексеріп алыңыз.

## Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу



57B5988231C3

Арқалыққа сүйеніп, орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу тұтқасын тартыңыз да, арқалықты қажетті бұрышқа реттеу үшін шалқайыңыз және реттеу тұтқасын жіберіңіз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу тұтқасын толық көтеріңіз де, арқалықты қайта реттеңіз. Олай болмаса, орындыққа механикалық зақым келтірілуі мүмкін.

## Орындықтың биіктігін реттеу



6724139D6817

- > Орындықты көтеру үшін орындық биіктігін реттеу тұтқасын бірнеше рет тартыңыз.
- > Орындықты түсіру үшін орындық биіктігін реттеу тұтқасын бірнеше рет басыңыз.


### ℹ Пайдалы ақпарат

Кейбір функциялар тек жүргізуші орындығына қатысты қолданылады.

## Электржетегі бар орындықтарды реттеу

### ⚠ Ескерту

- > Қозғалыс кезінде орындықтарды реттеуге тыйым салынады.
- > Автокөлікті басқару ыңғайлы болуы үшін қозғалысты бастамай тұрып орындықты ыңғайлы күйге реттеп алу керек. Өйтпесе қателік жасап, жазатайым оқиғаға ұшырауыңыз мүмкін. Сонымен қатар қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтарын, бассүйегішті және басқа жабдықты тиімді пайдалану мүмкін болмайды.
- > Соқтығысқан кезде белбеу сырғып кетпеуі үшін орындықты тым қатты шалқайтпаңыз. Қауіпсіздік белбеуі тек тік отырғанда және орындық арқалығына сүйеніп отырғанда ғана максималды қорғанысты қамтамасыз етеді.



A27904036746


- Ⓐ Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу
- Ⓑ Орындық биіктігін реттеу
- Ⓒ Орындықтың бойлық күйін реттеу

### ℹ Пайдалы ақпарат

Кейбір функциялар тек жүргізуші орындығына қатысты қолданылады.

## Артқы орындықтарды реттеу

### Орындықтың жастықтарын жию



661B6B12BEB4

Орындық жастығының орталық бөлігінде орналасқан сымарқан ілгегін тартып, орындық жастығын жоғары қарай қайырып, оны жиып, сымарқан ілгегінің көмегімен осы күйде бекітуге болады.

Орындық жастықтарын бүктеу нәтижесінде сақтау орнын ұлғайтуға болады.


#### **⚠ Назар аударыңыз!**

Орындық жастығын жию алдында орындық үстіндегі барлық затты алып тастау керек.

#### **⚠ Ескерту**

Қозғалыс кезінде орындықтарды жинауға тыйым салынады.

### Орындық жастығын бастапқы күйге қайтару



CD252B75F6A1

Сымарқанның ілгегін босату үшін орындықтың жастығын артқа сырғытыңыз және қауіпсіздік белбеуінің ысырмасы орындық жастығының ойығына мықтап енетіндей етіп ақырын түсіріңіз, содан кейін оны бастапқы күйіне бекіту үшін оның орталық бөлігін басыңыз.

## Арқалықты жию



B6C4E3B770D5

1. Алдыңғы орындыққа ілініп қалмауы үшін бассүйегішті төмен түсіріңіз.
2. Орындықтың қауіпсіздік белбеуін арқалықты жиюға кедергі келтірмейтіндей етіп реттеңіз. Егер артқы қатардағы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің ысырмасы құлыпқа салынған болса, оны ашу керек.
3. Құлпы ашылған арқалықты алға қарай еңкейту үшін орындықтың артқы құлпын ашу тұтқасын жоғары тартыңыз.

#### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Орындық арқалығын жимас бұрын орындық үстіндегі барлық бөгде затты алып тастау керек.
- > Арқалық жиылып тұрған кезде оның үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.

#### **⚠ Ескерту**

Қозғалыс кезінде орындықтарды жинауға тыйым салынады.

### Орындық арқалығын жұмыс күйіне қайтару

1. Арқалықты жұмыс күйіне қайтару кезінде қауіпсіздік белбеуін орындық астына қыстырылып қалмайтындай етіп реттеңіз.

1

Темдалану

**⚠ Назар аударыңыз!**

Артқы қатардағы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуін орындықтың артқы жағының астына қыспаңыз, себебі бұдан қауіпсіздік белбеуі дірілдеуі немесе шамадан тыс тозуы мүмкін.

2. Жұмыс күйіне қайтару үшін арқалықты жоғары тартыңыз. Орындық арқалығы бекітілгенін алға-артқа жұлқып тексеріңіз.

**i Пайдалы ақпарат**

Орындық жастығын жиып, оны бастапқы күйіне қайтарған кезде, орындық жастығының жұмыс күйінде екеніне көз жеткізіңіз (оны түзету керек), олай болмаса, орындықтың артқы жағын бекіту мүмкін болмайды.




## Артқы көрініс айналары

### Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

### Салондағы артқы көрініс айнасы

#### Қараңғылау функциясын қолмен басқаратын салондағы артқы көрініс айнасы




B1F6AB3BFB4A

- Ⓐ Қалыпты күй
- Ⓑ Қараңғыланған күй

Қараңғыланған күйге өту үшін тұтқаны көліктің артқы жағына қарай жылжытыңыз. Бұл күйде артта келе жатқан автокөліктер фараларының жарығы күңгірттенеді.

### Автоматты қараңғылау функциясы бар салондағы артқы көрініс айнасы




ED21101D07C5

Ⓐ Жарық индикаторы  
Ⓑ Ауыстырып қосқыш  
Оталдыру жүйесінің құлпын ON күйіне ауыстырыңыз. Қараңғылау функциясын автоматты түрде басқару әдепкі бойынша іске қосылады. Қараңғылау функциясын автоматты түрде басқаруды қосу немесе өшіру үшін ауыстырып қосқышты басыңыз. Егер индикатор жанып тұрса, бұл қараңғылау функциясын автоматты түрде басқару қосұлы екенін көрсетеді. Ішкі артқы көрініс айнасы жарықтың қарқындылығына сәйкес көліктің артындағы фаралардың шағылысын автоматты түрде әлсіретеді.

### Сыртқы артқы көрініс айналары

#### Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу



F7E2B55016F7

- Ⓐ Сол жақ сыртқы артқы көрініс айнасын таңдау
- Ⓑ Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу тұтқасы
- Ⓒ Жиналған сыртқы артқы көрініс айналарын таңдау

1

Пайдалану

- ⓓ Бастапқы күйі
- ⓔ Оң жақ сыртқы артқы көрініс айнасын таңдау


## Айналарды реттеу

1. Сол жақ немесе оң жақ артқы көрініс айнасын таңдау үшін сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу тұтқасын бұраңыз.
2. Тұтқаны қолмен алға, артқа, солға, оңға еңкейту арқылы сол және оң жақтағы артқы көрініс айналарын реттеуге болады.
3. Реттеуді аяқтағаннан кейін сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу тұтқасын бастапқы күйге қайтарыңыз.

### ⚠ Ескерту

Қозғалыс кезінде сыртқы артқы көрініс айналарын реттеуге тыйым салынады. Олай болмаса, көлік жүргізген кездегі қателіктер ЖКО-ға себепші болуы, ауыр жарақат пен өлімге әкелуі мүмкін.

## Айналарды электржетек көмегімен жию

Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу тұтқасын жиылған күйге бұраңыз.  Сыртқы артқы көрініс айнасы автоматты түрде жиылады. Реттеу тұтқасын басқа күйге бұраңыз, осы кезде сыртқы артқы көрініс айнасы автоматты түрде ашылады.

## Қолмен жию



B0412956D5E2

Сыртқы артқы көрініс айнасын жию үшін көрсеткімен көрсетілген бағытта бұраңыз. Қозғалысты бастамас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарын жұмыс күйіне қою керек.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Электржетекті сыртқы айналарды қолмен жимаңыз. Өйтпесе артқы көрініс айнасының ішкі конструкциясына зақым келуі мүмкін.

## Есіктерді құлыптаған кезде айналардың автоматты түрде жиылуы

[Автокөлік баптаулары] → [Автокөлік ішінде] → [Шанақ] → [Бүйірлік айналарды жию режимі] мультимедиа дисплейі арқылы сыртқы артқы көрініс айналарын жию режимін реттеуге болады. Автоматты жиылу режимінде сыртқы артқы көрініс айналары автокөліктің есіктерін құлыптағанда және құлпын ашқанда бірге жиылады және ашылады.

## Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы

Егер сыртқы айналардың бетін қырау басса немесе олар буланып тұрса, кондиционер панеліндегі айналарды жылыту түймесін басыңыз. Бұл ретте индикатор жанады және айналарды жылыту функциясын өшіру үшін түймені қайта басыңыз.

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы біраз уақыттан кейін автоматты түрде өшеді.


### ⚠ Ескерту

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы қосылады. Айналарды жылыту функциясын өшіру үшін түймені қайта басыңыз. Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы біраз уақыттан кейін автоматты түрде өшеді.

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Реттеу тәсілдері



8119FECDD970

1. Руль астындағы реттеу тұтқасын жіберіңіз.
2. Рульді кеуде деңгейінде болатындай етіп реттеңіз. Аспаптар тақтасындағы барлық аспапты және индикаторды көре алатыныңызды тексеріп алыңыз.
3. Реттеуді аяқтағаннан кейін рульді бекіту үшін реттеу тұтқасын кері қайтарыңыз.

### ⚠ Ескерту

- > Көлікті жүргізген кезде рульді реттеуге тыйым салынады. Әйтпесе көлікті басқара алмай қалып, салдарынан апат орын алуы мүмкін.
- > Реттегеннен кейін рульдің мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, руль кенеттен қозғалып кетіп, ЖКО орын алуы мүмкін.

## Жылыту функциясы



BE409EE8D3CE

Рульді жылыту функциясы суық ауа райында автокөлік жүргізу кезінде жайлылықты қамтамасыз етеді.

Егер оталдыру жүйесінің құлпын қосқыш ON күйінде болса немесе қозғалтқышты оталдырғаннан кейін, бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін жылыту түймесін басыңыз.

Егер рульді жылыту функциясы қосылу болса, түймеде индикатор жануы керек.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Қозғалтқыш өшіп тұрған кезде, батареяның қуаты таусылып қалмас үшін рульді жылыту функциясын ұзақ уақытқа қоспаңыз, себебі қозғалтқыш оталмай қалады.

## Дыбыс сигналы

Дыбыс сигналын қосу үшін рульдегі немесе жанындағы дыбыс сигналы белгісін басыңыз.

# Жарықты басқару

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған жабдықтың кейбір түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі мүмкін немесе тек белгілі бір нарықтар үшін қолжетімді болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпарат алу үшін сатқан кезде берілген құжаттарға жүгінуіңіз немесе көлікті сатқан дилерге хабарласуыңыз қажет.

1

Пайдалану

## Жарық баптаулары

[Автокөлік баптаулары] → [Автокөлік ішінде] → [Шанақ] → [Бүйірлік айналарды жию режимі] мультимедиа дисплей арқылы жарықтандыру параметрлерінің қажетті баптауын орындауға болады.

## Энергия үнемдеу режимі

Бұл функция энергия үнемдеу функциясын кешіктіріп іске қосу ұзақтығын белгілеуге мүмкіндік береді. Оталдыру жүйесінің құлпы OFF күйіне ауыстырылған жағдайда, егер автокөліктің оталдыру жүйесінің құлпы мен есік құлыптарының күйі белгіленген уақыт ішінде өзгермесе, энергияны үнемдеу функциясы энергияны үнемдеу мақсатында автоматты түрде іске қосылады.

## Салондағы жарықты өшіру режимі

Бұл функция есік ашылған кезде қосылатын және барлық есік жабылғаннан кейін өшірілуі керек автокөліктің ішкі шамдарын өшіруді кейінге қалдыру ұзақтығын орнатуға мүмкіндік береді.

## Take me home режимі

Бұл функция габарит жарықтары мен таяу жарық фараларының жану ұзақтығын орнатуға мүмкіндік береді (фараларды кешіктіріп өшіру функциясы іске қосылғаннан кейін). Функцияны өшіруге болады.

Автоматты жарықтандыруды басқару жүйесімен жабдықталған автокөліктерге арналған бұл функция іске қосылғаннан кейін мыналар дұрыс: оталдыру жүйесі құлпының ажыратқышы OFF күйінде болып, негізгі жарық ауыстырып қосқышы AUTO режимінде болғанда, ағымдағы жарық таяу жарықты қосу талабына жетсе, автокөлік есіктерін сыртынан құлыптағаннан кейін (есіктер механикалық кілтпен құлыптанбаса), габарит жарығы мен таяу жарық біраз уақыт автоматты түрде жанып тұрады, осылайша сіз қараңғы кезде автокөліктен кете аласыз.

Автоматты жарықтандыруды басқару жүйесімен жабдықталмаған автокөліктерге арналған бұл функция іске қосылғаннан кейін мыналар дұрыс: оталдыру жүйесі құлпының ажыратқышы OFF күйінде болып, негізгі жарық ауыстырып қосқышы таяу жарық режимінде болғанда, ағымдағы жарық таяу жарықты қосу талабына жетсе, автокөлік есіктерін сыртынан құлыптағаннан кейін (есіктер механикалық кілтпен құлыптанбаса), габарит жарығы мен таяу жарық біраз уақыт автоматты түрде жанып тұрады, осылайша сіз қараңғы кезде автокөліктен кете аласыз.

## Автокөлікті іздеу режимі


Бұл функция автокөлікті іздеу функциясын іске қосқан кезде ескерту режимін реттеуге мүмкіндік береді.

## Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш


### Негізгі жарық қосқыш

#### **i** Пайдалы ақпарат

Автокөліктен шығып, оны жабудың алдында автокөлік тұтынатын электр қуатын тұтынуды азайту және аккумулятордың таусылуын болдырмау үшін негізгі жарық қосқышын OFF немесе AUTO күйіне орнатыңыз.




36093D81CD90

- > Габарит шамдары мен нөмірлік жарықтандыруды қосу үшін жарықты басқару тұтқасын минималды жарық режиміне  қойыңыз.

#### **⚠** Назар аударыңыз!

Автокөлік жүріп келе жатқан кезде, таяу жарықтың орнына габарит шамдарын пайдаланбаңыз. Олай болмаса, ЖКО қаупі бар. Габарит шамдарының жарықтығы автокөліктің алдындағы жолды жарықтандыру немесе басқа автокөліктер мен жаяу жүргіншілерге автокөлікті байқауға мүмкіндік беру үшін жеткіліксіз. Ымырт немесе нашар көріну жағдайында таяу жарықты қосыңыз.

- > Таяу жарық шамдарын қосу үшін жарықты басқару тұтқасын таяу жарық режиміне  қойыңыз. Бұл ретте габарит шамдары мен нөмірлік белгілердің көмескі жарық шамдары да қосылатын болады.
- > Сыртқы жарық жағдайларына байланысты минималды жарық пен таяу жарықты автоматты түрде қосу немесе өшіру үшін жарықты басқару тұтқасын AUTO режиміне қойыңыз.

#### **⚠** Назар аударыңыз!



- > Егер күндіз көру мүмкіндігіне қалың тұман әсер етсе, автокөлік фаралары автоматты түрде жанбауы мүмкін. Бұл жағдайда фараларды қолмен қосыңыз.
- > Жарықты автоматты басқару көлік жүргізуде тек көмекші құрал ретінде қолданылады. Автокөліктің сыртқы жарық құралдарын пайдалану үшін жауапкершілік әрқашан жүргізушіге жүктеледі.

- > Автокөліктің барлық жарық құрылғысын өшіру үшін негізгі жарық қосқышын OFF күйіне ауыстырыңыз.


### Тұман фаралары мен шамдарын ауыстырып қосқыш



FAAD0D674441

- > Жарықтандыруды басқару тұтқасы ең аз жарық күйінде болғанда (габарит шамдары, нөмірлік белгінің көмескі жарығы), тұман фараларын қосу үшін тұман фаралары мен шамдарының қосқышын тұман фаралары режиміне  қойыңыз.
- > Таяу жарық фаралары немесе тұман фаралары қосұлы болған кезде, артқы тұман фараларын қосу немесе өшіру үшін тұман фаралары мен шамдарының қосқышын артқы тұман шамдары режиміне  қойыңыз. Тұтқаны босатыңыз, сонда қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралады.

## Бұрылыс және жол қатарын ауыстыру көрсеткіштерінің сигналдары



DA561DD6D2B2


Ⓐ Жол қатарын ауыстыру сигналы

Ⓑ Бұрылыс көрсеткішінің сигналы

> Жол қатарын ауыстыру сигналы: жарықты басқаратын құрамдасқан қосқышты сәл жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Тұтқаны босатыңыз, құрамдасқан қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралады және сәйкес бұрылыс сигналы 3 рет жыпылықтайды.

> Бұрылыс көрсеткішінің сигналы: жарықты басқаратын құрамдасқан қосқышты жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Тұтқаны босатыңыз, құрамдасқан қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралмайды, ал сәйкес бұрылыс сигналы жыпылықтауын жалғастырады.

## Шалғай және таяу жарықты қолмен ауыстырып қосу



9118E81C61C9

Ⓐ Шалғай жарықты қосу

Ⓑ Шалғай жарықты жыпылықтату

> Фаралардың таяу жарығы қосылып тұрғанда, шалғай жарықты қосу немесе сөндіру үшін құрамдасқан жарықты басқару қосқышын рульден қарсы бағытта тартыңыз. Жіберген кезде қосқыш тұтқасы автоматты түрде бастапқы күйіне оралады.

> Шалғай жарықты қысқа уақытқа қосу үшін жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыштың тұтқасын рульге қарай тартыңыз. Босатқан кезде қосқыш тұтқасы автоматты түрде бастапқы күйіне оралады және шалғай жарық сөнеді. Жоғары жарықты жыпылықтату үшін әрекетті қайталаңыз.

## Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



81DB861ADDDD

Егер автокөлік бұзылып қалса немесе жол-көлік оқиғасына ұшыраса, қозғалыстың басқа қатысушыларына ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу немесе өшіру үшін ажыратқышты басыңыз.

## Күндізгі жүріс жарықтары

Жол қозғалысының басқа қатысушылары сіздің автокөлігіңізді жақсы ажырата алуы үшін қозғалтқыш оталғаннан кейін күндізгі жүріс жарығы автоматты түрде жанады. Мынадай жағдайлар орын алған кезде күндізгі жарық шамдары өшеді:

- > Фаралар қосылатын кезде.
- > Бұрылыс көрсеткіштері жанған кезде.

### ⚠ Ескерту

Күндізгі жүріс жарықтары қараңғы кезде жүруге жарамайды.

## Тұман фараларымен қосымша жарықтандыру

Бұл функция тиісті бағытқа бұрылған кезде сәйкес тұман фарасын қосады. Барлық тұман фарасы жақсы жарықтандыру үшін артқа жүргенде автоматты түрде қосылады.

Тұман фаралары арқылы қосалқы көмескі жарықты қосу үшін келесі талаптарды бірге орындау қажет:

- > Автокөлік сағатына 35 км төмен жылдамдықпен қозғалады.
- > Таяу жарық қосылып тұр.
- > Бұрылыс көрсеткіші қосулы немесе рульдің бұрылу бұрышы 60° шамасынан асады.
- > Тұман фаралары қосылмаған.

## Шұғыл тежеу туралы ескерту

Егер автокөлік жылдамдығы 50 км/сағ шамасынан асса, шұғыл тежеу кезінде бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтай бастайды.

## Аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші



9F8AE09E5118

Габарит жарықтары қосылған кезде аспаптар тақтасының және автокөлік салонының жарық деңгейін реттеуге болады.

- > Түйменің жоғарғы жағын басыңыз: аспаптар тақтасы мен автокөлік салонының көмескі жарығының деңгейі артады.
- > Түйменің төменгі жағын басыңыз: аспаптар тақтасы мен автокөлік салонының көмескі жарығының деңгейі азаяды.

## Фаралардың жарық шоғының биіктігін реттеу



69767EB8D696

Жолаушылар саны мен автокөліктің салмағына байланысты фаралардың жарық шоғының биіктігін реттеңіз.

- > Ауыстырып қосқышты жоғары айналдырыңыз: алдыңғы фаралардың жарық шоғының биіктігі жоғарылайды.
- > Ауыстырып қосқышты төмен айналдырыңыз: алдыңғы фаралардың жарық шоғының биіктігі төмендейді.

## Жүксалғыш жарығы



788BDA1AB990

Жүксалғыш жарығын қосу немесе өшіру үшін автокөлікті тұраққа қойып, осы қосқышты басу керек.

## Салон жарығы


### Кітап оқуға арналған шам



11624ABE2C7C

Кітап оқуға арналған шамды қосу немесе өшіру үшін көрсеткімен көрсетілген бағытта тиісті түймені басыңыз.


### Есік ашылғанда жарықты қосу



88F77126A96B

- > Есікті ашқан кезде, автокөлік салонының жарығын қосу функциясын өшіру үшін қосқышты OFF күйіне ауыстырыңыз.
- > Есікті ашқан кезде, автокөлік салонының жарығын қосу функциясын іске қосу үшін қосқышты DOOR күйіне ауыстырыңыз. Бұл жағдайда кітап оқуға арналған шам есіктің ашық болуына байланысты автоматты түрде қосылады немесе өшеді.

### Төбеге арналған шам



7AA7E9258AA4

Қосқышты жылжыту арқылы төбеге арналған шамды және есікті ашқан кезде шамдарды қосу функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Есікті ашқан кезде, автокөлік салонын жарықтандыру функциясын қосқаннан кейін, төбеге арналған шам есіктің ашық болуына байланысты автоматты түрде қосылады немесе сөнеді.

- > OFF күйі: төбеге арналған шам өшірілі.
- > Орталық күйі: есік ашылған кезде, автокөлік салонының жарығын қосу функциясы іске қосылады.
- > ON күйі: төбеге арналған шам қосұлы.




# Әйнектазалағыштарды басқару

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Электржетегі бар әйнектазалағыштар

### Әйнектазалағыштардың жұмыс режимі



9EEFC6F61A63

- Ⓐ Итермелі режим (MIST)  
Әйнектазалағыштарды басқаратын құрамдасқан қосқышты MIST күйіне жоғары жылжытып, жібере салыңыз. Ауыстырып қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралады, ал әйнектазалағыштар 1 рет жұмыс жүрісін орындайды.
- Ⓑ Өшіру (OFF)
- Ⓒ Аралық режим (INT)
- Ⓓ Төмен жылдамдық (LO)
- Ⓔ Жоғары жылдамдық (HI)

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Алдыңғы әйнектің беті қатты ластанған болса немесе оған бөгде заттар (қар қабаты, жапырақтар) жабысып қалса, алдымен әйнекті қолмен тазалап, бөгде заттарды алып тастау керек. Әйтпесе әйнектазалағыштың щеткалары немесе олардың конструкциясы зақымдалуы мүмкін.

- > Суық мезгілде әйнектазалағышты қолданар алдында щеткалардың алдыңғы әйнек бетіне қатып жабыспағанын тексеріңіз. Егер әйнектазалағыш щеткасы әйнек бетіне қатып жабысса, оны жібігеннен кейін ғана қолданыңыз. Әйтпесе әйнектазалағыш щеткасы мен жетегі зақымдалуы мүмкін.
- > Егер әйнектазалағыш қардың салдарынан немесе басқа себептермен жұмысын тоқтатса, оны өшіріп, көлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге қойыңыз. Содан кейін әйнектазалағыш қалыпты жұмыс істеуі үшін қар мен басқа заттарды алып тастаңыз.
- > Капот ашық болған кезде, алдыңғы әйнектазалағыштарды пайдаланбаңыз. Олай болмаса, әйнектазалағыштар мен капотты зақымдауыңыз мүмкін.

### Аралық режимде жұмыс істеген кезде әйнектазалағыштардың жиілігін реттеу



06BA33617EC3

Реттеу тұтқасын бұрау арқылы сіз әйнектазалағыштардың жұмыс аралығын өзгерте аласыз, осылайша аралық режимде жұмыс істеген кезде әйнектазалағыштардың жұмыс жиілігін реттей аласыз.

1

Пайдалану

## Жуғыш функционалдығы




34B477211849

Әйнектазалағыштарды басқарудың құрамдасқан қосқышын рульдің орналасу осі бойымен жоғары қарай тартыңыз және оны осы күйде ұстап тұрыңыз. Алдыңғы әйнектазалағыштар оны жуғыш сұйықтықпен тазартуға көшеді. Тұтқаны босатыңыз, сонда құрамдасқан қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралады.

## Автоматты әйнектазалағыштар

### Әйнектазалағыштардың жұмыс режимі



AE5815FD30D4

- А) Итермелі режим (MIST)  
Әйнектазалағыштарды басқаратын құрамдасқан қосқышты MIST күйіне жоғары жылжытып, жібере салыңыз. Ауыстырып қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралады, ал әйнектазалағыштар 1 рет жұмыс жүрісін орындайды.
- Б) Өшіру (OFF)
- С) Автоматты режим (AUTO)
- Д) Төмен жылдамдық (LO)
- Е) Жоғары жылдамдық (HI)

## ⚠ Назар аударыңыз!

- > Алдыңғы әйнектің беті қатты ластанған болса немесе оған бөгде заттар (қар қабаты, жапырақтар) жабысып қалса, алдымен әйнекті қолмен тазалап, бөгде заттарды алып тастау керек. Әйтпесе әйнектазалағыштың щеткалары немесе олардың конструкциясы зақымдалуы мүмкін.
- > Суық мезгілде әйнектазалағышты қолданар алдында щеткалардың алдыңғы әйнек бетіне қатып жабыспағанын тексеріңіз. Егер әйнектазалағыш щеткасы әйнек бетіне қатып жабысса, оны жібігеннен кейін ғана қолданыңыз. Әйтпесе әйнектазалағыш щеткасы мен жетегі зақымдалуы мүмкін.
- > Егер әйнектазалағыш қардың салдарынан немесе басқа себептермен жұмысын тоқтатса, оны өшіріп, көлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге қойыңыз. Содан кейін әйнектазалағыш қалыпты жұмыс істеуі үшін қар мен басқа заттарды алып тастаңыз.

## Әйнектазалағыштардың жұмыс жиілігін автоматты режимде реттеу



0639CF440078

Реттеу тұтқасын бұрау арқылы жаңбыр мен жарық датчиктерінің жауын-шашын көлеміне сезімталдығын өзгертуге болады. Сонымен қатар автоматты режим жұмыс істеп тұрған кезде, әйнектазалағыштардың іске қосылу жиілігі де өзгереді.

### **⚠ Ескерту**

- > Жаңбыр мен жарық датчигі әрқашан жауын-шашынға жауап бермейді, сондықтан кейде әйнектазалағыштар автоматты түрде жұмыс істемеуі мүмкін. Егер әйнектегі жаңбыр тамшылары көру мүмкіндігіне кедергі келтірсе, қажет болған жағдайда, алдыңғы әйнектазалағыштың жұмыс режимі мен жиілігін уақтылы қолмен баптау керек.
- > Әйнектазалағыштар AUTO режимінде болған кезде, салонның артқы көрініс айнасының тұсындағы әйнектің сыртын түртсеңіз немесе әйнек дiрiлдеген болса, бұл әйнектазалағыштардың дұрыс істемейтінін білдіреді. Әйнектазалағышқа саусақтарыңызды қысып алмауыңызды қадағалаңыз.
- > Автокөлікті жуған кезде немесе әйнектазалағыштарды пайдалану қажет болмайтын басқа жағдайларда AUTO режимін қоспаңыз. Әйтпесе әйнектазалағыштар дұрыс істемеуі мүмкін.

### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Салонның артқы көрініс айнасының тұсындағы алдыңғы әйнек беті қатты ластанған болса немесе оған бөгде заттар (қар қабаты, жапырақтар) жабысып қалса, алдымен әйнекті қолмен тазалап, бөгде заттарды алып тастау керек. Әйтпесе ол әйнектазалағыштың қалыпты жұмысына әсер етуі мүмкін.
- > Қар түйіршіктерінің пішіні әртүрлі болатындықтан, жауын және жарық датчигі кейде қар түйіршіктері датчикке тиіп тұрса да, жауын-шашынды дұрыс анықтай алмай қалуы мүмкін. Сондықтан әйнектазалағыштар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қар түйіршіктері ерігеннен кейін әйнектазалағыштар автоматты түрде қосылуы мүмкін.

## **Жуғыш функционалдығы**



8F2C69F3B234

Әйнектазалағыштарды басқарудың құрамдасқан қосқышын рульдің орналасу осі бойымен жоғары қарай тартыңыз және оны осы күйде ұстап тұрыңыз. Алдыңғы әйнектазалағыштар оны жуғыш сұйықтықпен тазартуға көшеді. Тұтқаны босатыңыз, сонда құрамдасқан қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралады.

### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Әйнекжуғышты ұзақ уақыт пайдаланбаңыз. Олай болмаса, жуғыштың жетегі істен шығуы мүмкін. Электржетегін қорғау үшін әйнекжуғыш біраз уақыт жұмыс істегеннен кейін автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін.
- > Егер сұйықтық жеткіліксіз болса, оны уақытында қосыңыз. Жылдың суық мезгілінде қатып қалмас үшін сәйкес жуғыш сұйықтықты пайдаланыңыз. Олай болмаса, мұз қату салдарынан жуғыш жұмысы жоғалумен қатар құрылғының бөліктері де зақымдалуы мүмкін.
- > Алдыңғы әйнекте гальваникалық жабын құра алатын өнімдерді (мысалы, металл кристалдарды немесе пленка жабынын, шыны тәрізді пленканы және т.б. құрайтын жуғыш ерітінділерді) қолданбаңыз, олай болмаса, бұл әйнектазалағыштардың ерекше қозғалысы мен дыбысына әкелуі мүмкін.
- > Алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларын май негізіндегі тазартқыш құралдардың әсеріне ұшыратпаңыз, себебі бұл химиялық реакцияны тудыруы мүмкін және щетка қырғыштарының қатты деформациясына әкелуі мүмкін.

1

Пайдалану

## Алдыңғы әйнектазалағыштың тыныштық аймағын жылыту

Егер сіздің автокөлігіңіз алдыңғы әйнектазалағыштардың тыныштық аймағын жылыту функциясымен жабдықталған болса, бұл функция артқы әйнекті жылыту функциясымен бір уақытта қосылады немесе өшіріледі. Бұл функцияны іске қосқаннан кейін, алдыңғы әйнектазалағыш щеткалары әйнектің бетінен біртіндеп жібітін болады.

### Ескерту

Әйнектазалағышты жылыту функциясы іске қосылған кезде, алдыңғы әйнектің төменгі бөлігі мен алдыңғы тіреудің қапталы қатты қызып кетуі мүмкін. Күйіп қалмау үшін оларға қол тигізбеңіз.

### Назар аударыңыз!

Аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмауы үшін қуат өшірілген кезде бұл функцияны ұзақ уақыт пайдаланбау керек.

## Алдыңғы әйнектазалағыштар мен жуғыштың баптаулары

[Автокөлік баптаулары] → [Көлік ішінде] → [Көмескі жарық] → [Бүйірлік айналарды жию режимі] мультимедиа дисплейі арқылы алдыңғы әйнектазалағыштың электржетегі іске қосылғаннан бастап, алдыңғы әйнектазалағыштар жұмысының басталуына дейінгі уақыт аралығын орнатуға болады.


# Кондиционер жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Электржетекті кондиционер жүйесі

### Кондиционер жүйесін басқару тақтасы (1-түр)



510BC4D635A4

- Ⓐ Ауа легінің қарқынын реттеу тұтқасы
- Ⓑ «Бетке» үрлеу режимін таңдау түймесі
- Ⓒ «Бетке және аяққа» үрлеу режимін таңдау түймесі
- Ⓓ Кондиционер түймесі (A/C)
- Ⓔ Алдыңғы әйнекке үрлеу түймесі
- Ⓕ Ауа алу режимдерін ауыстыру түймесі
- Ⓖ Температураны реттеу тұтқасы
- Ⓗ «Аяққа» үрлеу режимін таңдау түймесі
- Ⓘ «Аяққа және алдыңғы әйнекке» үрлеу режимін таңдау түймесі

## Ауа легінің қарқынын реттеу тұтқасы

Реттеу тұтқасын бұрау арқылы үрлеу қарқындылығын реттеуге болады. Кондиционер жүйесін өшіру үшін реттеу тұтқасын сол жаққа бұраңыз.

## «Бетке» үрлеу режимін таңдау түймесі

Осы түймені басқан кезде, «Бетке» үрлеу режимі іске қосылғанын көрсететін тиісті индикатор шамы жанады. Бұл ретте үрлеу аспаптар тақтасында орналасқан орталық ауа шығару саңылауларынан және бүйірлерінде орналасқан ауа шығару саңылауларынан ауа ағынымен жүзеге асырылатын болады.

## «Бетке және аяққа» үрлеу режимін таңдау түймесі

Осы түймені басқан кезде, «Бетке және аяққа» үрлеу режимі іске қосылғанын көрсететін тиісті индикатор шамы жанады. Бұл ретте үрлеу екі ауа ағынымен: аспаптар тақтасында орналасқан ауа шығару саңылауларынан және бүйірлерінде орналасқан ауа шығару саңылауларынан жүзеге асырылатын болады.

## Кондиционер түймесі (A/C)

Осы түймені басқан кезде тиісті жарық индикаторы жанады. Компрессорды іске қосу автокөлік салонындағы температура мен ылғалдылықты азайтады.

## Алдыңғы әйнекке үрлеу түймесі

Бұл түймені басқанда, әйнекке үрлеу функциясы іске қосылады және өшеді. Егер тиісті индикатор жанса, бұл әйнекке үрлеу функциясы қосылғанын білдіреді. Бұл әйнек пен есік әйнектерінің қатуын немесе булануын біртіндеп жояды.

## Ауа алу режимдерін ауыстыру түймесі

Осы түймені басу арқылы сіз автокөліктің ішкі бөлігінен немесе автокөліктің сыртынан ауа ағынын таңдау арқылы кондиционер жүйесі үшін ауа алу режимін ауыстыра аласыз. Ішкі айналым режимін қосқан кезде, тиісті жарық индикаторы жанады.

1

Темдалану

Егер индикатор жанбаса, бұл автокөліктің сыртынан алынған ауа айналымы режимі қосылғанын білдіреді. Бұл жағдайда автокөлікке ауа сырттан кіреді.

### **i** Пайдалы ақпарат

- > Қалыпты жағдайда кондиционер жүйесіне арналған ауаның көліктің сыртынан кіргені жөн. Ауаны автокөлік салонынан алу режимін пайдалану, әсіресе компрессор өшірілген кезде, әйнекті буландырып жіберуі мүмкін.
- > Ауаны автокөлік салонынан алу режимін көлік туннельде немесе кептелісте болса, көліктің сыртындағы ауа ластанған болса немесе салонды тез салқындату/жылыту қажет болған жағдайда пайдалану керек.

## Температураны реттеу тұтқасы

Реттеу тұтқасын бұрау арқылы температураны реттеуге болады.

### **i** Пайдалы ақпарат

Температураны реттеу үшін 17 күй бар, оның ішінде 1-ден 8-ге дейінгі күйлер салқындатуға арналған, 9-күй желдетуге арналған, ал 10-нан 17-ге дейінгі күйлер жылытуға арналған.


## «Аяққа» үрлеу режимін таңдау түймесі

Осы түймені басқан кезде, «Аяққа» үрлеу режимі іске қосылғанын көрсететін тиісті индикатор шамы жанады. Бұл ретте үрлеу едендегі ауа саңылауларынан шығатын ауа ағыны арқылы жүзеге асырылады.

## «Аяққа және алдыңғы әйнекке» үрлеу режимін таңдау түймесі

Осы түймені басқан кезде, «Аяққа және алдыңғы әйнекке» үрлеу режимі іске қосылғанын көрсететін тиісті индикатор шамы жанады. Бұл жағдайда үрлеу екі ауа ағынымен: едендегі ауа саңылауларынан және алдыңғы әйнектің төменгі жағында орналасқан ауа саңылауларынан жүзеге асырылады.

## Кондиционер жүйесін басқару тақтасы (2-түр)



76DE4F4C23E8

- Ⓐ Үрлеу қарқындылығын реттеу тумблері
- Ⓑ Ауа кондиционері жүйесін қосу/өшіру түймесі
- Ⓒ Кондиционер түймесі (A/C)
- Ⓓ Алдыңғы әйнекке үрлеу түймесі
- Ⓔ Артқы әйнекті жылыту түймесі
- Ⓕ Температураны реттеу тумблері

## Үрлеу қарқындылығын реттеу тумблері

Бұл тумблерді жылжыту арқылы сіз үрлеу қарқындылығын реттей аласыз.

## Ауа кондиционері жүйесін қосу/өшіру түймесі

Бұл түймені басқанда, кондиционер жүйесін қосуға немесе өшіруге болады.

## Кондиционер түймесі (A/C)

Осы түймені басқан кезде, тиісті жарық индикаторы жанады. Компрессор іске қосылғаннан кейін салондағы температура мен ылғалдылықты төмендетуге болады.

## Алдыңғы әйнекке үрлеу түймесі

Бұл түймені басқанда, әйнекке үрлеу функциясы іске қосылады және өшеді. Егер тиісті индикатор жанса, бұл әйнекке үрлеу функциясы қосылғанын білдіреді. Бұл әйнек пен есік әйнектерінің қатуын немесе булануын біртіндеп жояды.

## Артқы әйнекті жылыту түймесі

Бұл түймені басқанда, артқы әйнекті жылыту функциясы іске қосылады және өшеді. Егер тиісті индикатор жанып тұрса, бұл артқы жылыту функциясы қосылып тұрғанын білдіреді. Бұл артқы әйнектің қатуын біртіндеп жоюға мүмкіндік береді. Артқы әйнекті жылыту функциясы біраз уақыттан кейін автоматты түрде ажырайды, ал сәйкес индикатор сөнеді.

**⚠ Ескерту**

Артқы әйнекті жылыту функциясы қосылғаннан кейін әйнек қатты қызады. Күйік шалмас үшін оған тиіспеңіз!

**⚠ Назар аударыңыз!**

Аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмауы үшін автокөліктің қуаты өшірілген кезде бұл функцияны ұзақ уақыт пайдаланбау керек.

**Температураны реттеу тумблері**

Тумблерді жоғары немесе төмен жылжыту арқылы температураны реттеуге болады.

1

Пайдалану

## Кондиционер баптауларының интерфейсі



4D286758882A

- > Кондиционер баптаулары интерфейсіне өту немесе одан шығу үшін мультимедиа дисплейінің сол жағындағы түймесін түртіңіз. Кондиционер баптаулары интерфейсінде кондиционердің жұмыс режимін реттеу жолағын (дисплейдің төменгі жағында) солға немесе оңға сырғыту арқылы үрлеу көлемін реттеуге болады.
- > Тиісті температура режимін орнату үшін мультимедиа дисплейінің сол жағындағы немесе түймелерін түртіңіз.  
Температура баптаулары мәзірін шығару үшін мультимедиа дисплейінің сол жағындағы немесе түймелері (сәйкесінше температураны жоғарылату және төмендету) арасындағы сандық мәнді түртіңіз.
- > Температураны реттеуді орындау үшін кондиционер баптаулары интерфейсінде немесе түймелерін (сәйкесінше температураны жоғарылату және төмендету) түртіңіз.  
Температураны реттеу үшін кондиционер баптаулары интерфейсінде немесе түймелері (сәйкесінше температураны жоғарылату және төмендету) арасында аймақты жылжытыңыз.
- > Алдыңғы әйнекке үрлеу функциясын қосу немесе өшіру үшін алдыңғы әйнекке үрлеу түймесін түртіңіз. Егер тиісті индикатор жанса, бұл әйнекке үрлеу функциясы қосылғанын білдіреді. Бұл әйнек пен есік әйнектерінің қатуын немесе булануын біртіндеп жояды.
- > немесе түймелерін басқанда, сәйкесінше автокөліктің салонынан немесе автокөліктің сыртынан ауа ағынын таңдау арқылы кондиционер жүйесі үшін ауа алу режимін ауыстыра аласыз.  
 Ішкі айналым режимін қосқан кезде, тиісті жарық индикаторы жанады.  
 Ауаны автокөліктің сыртынан алу режимі қосылған кезде, тиісті индикатор жанады. Бұл режимде автокөліктің салонына сыртқы ауа жеткізіледі.

### **i** Пайдалы ақпарат

- > Қалыпты жағдайда кондиционер жүйесіне арналған ауаның көліктің сыртынан кіргені жөн. Ауаны автокөлік салонынан алу режимін пайдалану, әсіресе компрессор өшірілген кезде, әйнекті буландырып жіберуі мүмкін.
- > Ауаны автокөлік салонынан алу режимін көлік туннельде немесе кептелісте болса, көліктің сыртындағы ауа ластанған болса немесе салонды тез салқындату/жылыту қажет болған жағдайда пайдалану керек.
- > [A/C] түймесін түрткенде, салқындату режимінің қосылғанын көрсететін A/C жарық индикаторы жанады. Компрессорды іске қосқаннан кейін автокөлік салонындағы температура мен ылғалдылық төмендейді.
- > [OFF] түймесін түртіп, кондиционер жүйесін өшіруге болады.
- > Қалаулы режимді таңдау үшін , , , үрлеу режимін таңдау түймесін түртіңіз.



## Кондиционерді басқару

### Салқындату/жылыту

Қозғалтқышты қосқаннан кейін:

1. Кондиционерді қосу үшін үрлеу қарқындылығын реттеңіз. Жылдам салқындату немесе жылдам жылыту қажет болса, үрлеу қарқындылығының жоғары мәнін орнату ұсынылады.
2. Кондиционердің қажетті температуралық режимін орнатыңыз.
3. Ауаны автокөлік салонынан алу режимін таңдағанда, салқындату немесе жылыту қарқынын жылдамдатуға болады, бұл үнемділік пен жайлылықты арттырады.

### Алдыңғы әйнекті жылыту/булануын жою

Қозғалтқышты қосқаннан кейін:

1. Алдыңғы әйнекке үрлеу режимін таңдасаңыз, сәйкес индикатор жанады.
2. Қалаған үрлеу қарқынын, температураны реттеуге, компрессорды қосуға немесе өшіруге, сондай-ақ ауаны алу режимдері арасында ауысуға болады.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Егер салондағы ауа ластанған болса немесе терезелер буланған болса, сыртқы ауа режимін қолданған жөн.

#### **⚠** Назар аударыңыз!

- > Радиатор мен кондиционер конденсаторын жүйелі түрде тексеріп жүріңіз. Олардың бетінде жиналған жапырақтарды, жәндіктерді және кірді кетіру үшін қысымы төмен су пистолетін немесе жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Әйтпесе ауа легіне кір кедергі келтіріп, салқындату әсерін азайтады.
- > Кондиционерді жүйелі түрде қосу компрессор мен тығыздағыштардың жақсы майлануына мүмкіндік береді, сондай-ақ саңылаулардың пайда болуына жол бермейді. Сондықтан тіпті кондиционер қажет болмайтын жылдың суық мезгілінде де оны аптасына кемінде бір рет 10 минут бойы қосып тұру керек.
- > Кондиционер жүйесінің салқындату әсері төмендесе, тексеру және жөндеу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.
- > Тоңазытқыш агент тікелей атмосфераға төгілсе, қоршаған ортаға зиян келеді. Тоңазытқыш агентті оқыған және сертификаты бар мамандар тиісті контейнерлерді пайдалана отырып жинауы тиіс.

## **i** Пайдалы ақпарат

### Кондиционерден шығатын бөтен иіс

#### > Иістің шығу көзі

Кондиционер ішкі және сыртқы ауа алмасуды қамтиды. Ұзақ пайдаланғаннан кейін кондиционерде кір жиналады, бұл өңездің пайда болуына және көгерген иістердің пайда болуына әкеп соқтырады.

Кондиционер сүзгісін ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін сүзгіде су буы мен шаң жиналып, бөтен иіс шығарады.

#### > Ұсынылатын шаралар

Егер автокөліктің сыртындағы ауа жеткілікті таза болса, салондағы ауаны үнемі жаңартып отыру үшін ауаны сырттан алу режимін қосыңыз.

Алдымен кондиционер компрессорын (A/C) өшіріп, айдағышты 3-5 минут жұмыс істетіп, содан кейін кондиционер жүйесін өшіру ұсынылады. Бұл оны кептіруге және көгерудің алдын алуға көмектеседі.

Егер иіс шықса, тексеру үшін сервис орталығына хабарласу керек. Қажет болса, кондиционер сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.

## Автоматты кондиционер жүйесі

### Кондиционер жүйесін басқару тақтасы



A51F0F03BB37

- Ⓐ Үрлеу қарқындылығын реттеу тумблері
- Ⓑ Ауа кондиционері жүйесін қосу/өшіру түймесі
- Ⓒ AUTO түймесі
- Ⓓ Кондиционер түймесі (A/C)
- Ⓔ Алдыңғы әйнекке үрлеу түймесі
- Ⓕ Артқы әйнекті жылыту түймесі
- Ⓖ Температураны реттеу тумблері

## Үрлеу қарқындылығын реттеу тумблері

Бұл тумблерді жылжыту арқылы сіз үрлеу қарқындылығын реттей аласыз.

## Ауа кондиционері жүйесін қосу/өшіру түймесі

Бұл түймені басқанда, кондиционер жүйесін қосуға немесе өшіруге болады.

## AUTO түймесі

AUTO түймесін басу арқылы автоматты режимді қосуға немесе сөндіруге болады. Егер тиісті индикатор жанса, бұл автоматты режимнің қосылғанын білдіреді. Кондиционер жүйесі орнатылған температураға жету үшін үрлеу режимін және оның қарқынын автоматты түрде реттеп тұрады.

## **i** Пайдалы ақпарат

Егер ауа кондиционері жүйесі арқылы автоматты түрде реттелетін үрлеу режимі мен қарқындылығы қажетті параметрлерге сәйкес келмесе, оларды қолмен реттеуге болады. Бұл жағдайда автоматты режим ажыратылады, ал индикатор шамы сөнеді.

## Кондиционер түймесі (A/C)

Осы түймені басқан кезде тиісті жарық индикаторы жанады. Компрессорды іске қосу автокөлік салонындағы температура мен ылғалдылықты азайтады.

## Алдыңғы әйнекке үрлеу түймесі

Бұл түймені басқанда, әйнекке үрлеу функциясы іске қосылады және өшеді. Егер тиісті индикатор жанса, бұл әйнекке үрлеу функциясы қосылғанын білдіреді. Бұл әйнек пен есік әйнектерінің қатуын немесе булануын біртіндеп жояды.

## Артқы әйнекті жылыту түймесі

Бұл түймені басқанда, артқы әйнекті жылыту функциясы іске қосылады және өшеді. Бұл ретте сыртқы артқы көрініс айналары мен артқы терезені жылыту функциясы қосылғанын көрсететін тиісті индикатор жанады. Бұл сыртқы артқы көрініс айналары мен артқы терезенің мұздап қалуын немесе булануын біртіндеп жоюға мүмкіндік береді.

---

Артқы әйнекті жылыту функциясы біраз уақыттан кейін автоматты түрде ажырайды, ал сәйкес индикатор сөнеді.

**⚠ Ескерту**

Артқы әйнекті жылыту функциясы қосылғаннан кейін әйнек қатты қызады. Күйік шалмас үшін оған тиіспеңіз!

**⚠ Назар аударыңыз!**

Аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмауы үшін автокөліктің қуаты өшірілген кезде бұл функцияны ұзақ уақыт пайдаланбау керек.

**Температураны реттеу тумблері**

Бұл тумблерді жылжытып, температураны реттеуге болады.

1

Пайдалану

## Кондиционер баптауларының интерфейсі



1BA5A2B4CDE3

- > Кондиционер баптаулары интерфейсіне өту немесе одан шығу үшін мультимедиа дисплейінің сол жағындағы түймесін түртіңіз. Кондиционер баптаулары интерфейсінде кондиционердің жұмыс режимін реттеу жолағын (дисплейдің төменгі жағында) солға немесе оңға сырғыту арқылы үрлеу көлемін реттеуге болады.
- > Тиісті температура режимін орнату үшін мультимедиа дисплейінің сол жағындағы немесе түймелерін түртіңіз.  
Температура баптаулары тақтасын шығару үшін мультимедиа дисплейінің сол жағындағы немесе түймелері (сәйкесінше температураны жоғарылату және төмендету) арасындағы сандық мәнді түртіңіз.
- > Температураны реттеуді орындау үшін кондиционер баптаулары интерфейсінде немесе түймелерін (сәйкесінше температураны жоғарылату және төмендету) түртіңіз.  
Температураны реттеу үшін кондиционер баптаулары интерфейсінде немесе түймелері (сәйкесінше температураны жоғарылату және төмендету) арасында аймақты жылжытыңыз.
- > Алдыңғы әйнекке үрлеу функциясын қосу немесе өшіру үшін алдыңғы әйнекке үрлеу түймесін түртіңіз. Егер тиісті индикатор жанса, бұл әйнекке үрлеу функциясы қосылғанын білдіреді. Бұл әйнек пен есік әйнектерінің қатуын немесе булануын біртіндеп жояды.
- > немесе түймелерін басқанда, сәйкесінше автокөліктің салонынан немесе автокөліктің сыртынан ауа ағынын таңдау арқылы кондиционер жүйесі үшін ауа алу режимін ауыстыра аласыз.  
 Ішкі айналым режимін қосқан кезде, тиісті жарық индикаторы жанады.  
 Ауаны автокөліктің сыртынан алу режимі қосылған кезде, тиісті индикатор жанады. Бұл режимде автокөліктің салонына сыртқы ауа жеткізіледі.





### **i** Пайдалы ақпарат

- > Қалыпты жағдайда кондиционер жүйесіне арналған ауаның көліктің сыртынан кіргені жөн. Ауаны автокөлік салонынан алу режимін пайдалану, әсіресе компрессор өшірілген кезде, әйнекті буландырып жіберуі мүмкін.
- > Ауаны автокөлік салонынан алу режимін көлік туннельде немесе кептелісте болса, көліктің сыртындағы ауа ластанған болса немесе салонды тез салқындату/жылыту қажет болған жағдайда пайдалану керек.
- > [A/C] түймесін түрткенде, салқындату режимінің қосылғанын білдіретін A/C жарық индикаторы жанады. Компрессорды іске қосқаннан кейін автокөлік салонындағы температура мен ылғалдылық төмендейді.

- 
- > [AUTO] түймесін басып, автоматты режимді қосуға болады. Егер тиісті индикатор жанса, бұл автоматты режимнің қосылғанын білдіреді. Кондиционер жүйесі орнатылған температураға жету үшін үрлеу режимін және оның қарқынын автоматты түрде реттеп тұрады.

### **i** Пайдалы ақпарат

Егер ауа кондиционері жүйесі арқылы автоматты түрде реттелетін үрлеу режимі мен қарқындылығы қажетті параметрлерге сәйкес келмесе, оларды қолмен реттеуге болады. Бұл жағдайда автоматты режим ажыратылады, ал индикатор шамы сөнеді.

- > [OFF] түймесін түртіп, кондиционер жүйесін өшіруге болады.
- > Қалаулы режимді таңдау үшін     үрлеу режимін таңдау түймесін түртіңіз.

## Кондиционерді басқару

### Салқындату/жылыту

Қозғалтқышты қосқаннан кейін:

1. AUTO режимін таңдасаңыз, сәйкес индикатор жанады. Бұл кезде компрессор қоршаған орта температурасына, ауасы мен ерекшеліктеріне қарай автоматты түрде қосылады немесе өшеді.
2. Қажетті температураны орнатыңыз, сонда кондиционер жүйесі орнатылған температураға жету үшін үрлеу режимін және оның қарқынын автоматты түрде реттейді.
3. Ауаны автокөлік салонынан алу режимін таңдағанда, салқындату немесе жылыту қарқынын жылдамдатуға болады, бұл үнемділік пен жайлылықты арттырады.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Автокөлік ұзақ уақыт ыстық күн астында болса, салон өте жоғары температураларға дейін қызуы мүмкін. Сізге осы уақытта автокөлік жүргізу қажет болса, кондиционерді салқындату режиміне қосудың алдында желдету үшін барлық терезені ашқаныңыз жөн. Жылы ауа тараған кезде, барлық терезені жабыңыз.

### Алдыңғы әйнекке үрлеу/булануын жою

Қозғалтқышты қосқаннан кейін:

1. Алдыңғы әйнекке үрлеу режимін таңдасаңыз, сәйкес индикатор жанады.
2. Қалаған үрлеу қарқынын, температураны реттеуге, компрессорды қосуға немесе өшіруге, сондай-ақ ауаны алу режимдері арасында ауысуға болады.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Автокөліктің ішіндегі ауа ластанған болса немесе салон тым ылғалды болса, сыртқы ауаны беру режимін қосу ұсынылады.

#### **!** Назар аударыңыз!

- > Радиатор мен кондиционер конденсаторын жүйелі түрде тексеріп жүріңіз. Олардың бетінде жиналған жапырақтарды, жәндіктерді және кірді кетіру үшін қысымы төмен су пистолетін немесе жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Әйтпесе ауа легіне кір кедергі келтіріп, салқындату әсерін азайтады.
- > Кондиционерді жүйелі түрде қосу компрессор мен тығыздағыштардың жақсы майлануына мүмкіндік береді, сондай-ақ саңылаулардың пайда болуына жол бермейді. Сондықтан тіпті кондиционер қажет болмайтын жылдың суық мезгілінде де оны аптасына кемінде бір рет 10 минут бойы қосып тұру керек.
- > Кондиционер жүйесінің салқындату әсері төмендесе, тексеру және жөндеу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.
- > Тоңазытқыш агент тікелей атмосфераға төгілсе, қоршаған ортаға зиян келеді. Тоңазытқыш агентті оқыған және сертификатты бар мамандар тиісті контейнерлерді пайдалана отырып жинауы тиіс.

## **i** Пайдалы ақпарат

### Кондиционерден шығатын бөтен иіс

#### > Иістің шығу көзі

Кондиционер ішкі және сыртқы ауа алмасуды қамтиды. Ұзақ пайдаланғаннан кейін кондиционерде кір жиналады, бұл өңездің пайда болуына және көгерген иістердің пайда болуына әкеп соқтырады.

Кондиционер сүзгісін ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін сүзгіде су буы мен шаң жиналып, бөтен иіс шығарады.

#### > Ұсынылатын шаралар

Егер автокөліктің сыртындағы ауа жеткілікті таза болса, салондағы ауаны үнемі жаңартып отыру үшін ауаны сырттан алу режимін қосу ұсынылады.

Алдымен кондиционер (A/C) жұмыс істейтін режимді өшіріп, кондиционерді 3-5 минут жұмыс істетіп, содан кейін кондиционер жүйесін өшіру ұсынылады. Бұл оны кептіруге және көгерудің алдын алуға көмектеседі.

Егер иіс шықса, тексеру үшін сервис орталығына хабарласу керек. Қажет болса, кондиционер сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.



## Кондиционер жүйесінің дефлекторы

### Алдыңғы орындықтарға арналған орталық кондиционер жүйесінің дефлекторлары




C9422B55E4C8

Ауа ағынының бағытын реттеу үшін орталық дефлектордың ортасында орналасқан тумблерді жылжытып көріңіз.

Орталық дефлекторды жабу үшін тумблерді   немесе   белгіленген бағытқа қарай тірелгенше сырғытыңыз.


### Алдыңғы орындықтарға арналған кондиционер жүйесінің бүйірлік дефлекторлары




A2192EB99B8F

Ауа ағынының бағытын реттеу үшін орталық дефлектор тумблерін жылжытып көріңіз. Бүйірлік дефлекторды жабу үшін тумблерді төмен қарай жылжытыңыз.

### Артқы орындықтарға арналған кондиционер жүйесінің дефлекторлары



AC5F67BF3D7D

Ауа ағынының бағытын реттеу үшін орталық дефлектор тумблерін жылжытып көріңіз. Дефлекторды жабу үшін тумблерді   белгіленген бағытта тоқтағанша сырғытыңыз.

# Салон жабдығы

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

1

Пайдалану

## Күнқағарлар



0B50B95078D1


Күнқағар жүргізуші шолуын алдыңғы күн сәулесінің әсерінен қорғауға мүмкіндік береді.



7DA31F36C991

Егер күн бүйір жағынан жарқырап тұрса, күнқағарды ілгектен шешіп алып, бүйір жаққа бұруға болады.

## Косметикалық айналар



B19C38FE416D

Алдыңғы жолаушыға арналған күнқағардың ішінде косметикалық айна бар. Айнаны пайдалану үшін қорғаныс қақпағын бұрыңыз.

Егер косметикалық айна қолданылмаса, қақпақты жауып қойыңыз.

## Сақтауға арналған құралдар

### Ұсақ-түйек тартпасы



CE7EEE81B938

Ұсақ-түйек тартпасын ашу үшін ұсақ-түйек тартпасының қақпағын жоғары тартып, қақпақты төмен қайырыңыз.

Ұсақ-түйек тартпасын жабу үшін қақпағын тартпа жабылғанша жоғары көтеріңіз.

### ⚠ Ескерту

Жүрмей тұрып, ұсақ-түйек тартпасының жабылғанын тексеріңіз. Олай болмаса, ЖКО немесе шұғыл тежеу орын алған жағдайда, ұсақ-түйек тартпасының ішіндегі заттар ұшып түсіп, жарақат келтіруі мүмкін.




## Сақтауға арналған тартпасы бар шынтақтаяныш



E4BDE7DDBCB

Алдыңғы орындықтардың алдыңғы шынтақтаянышының астында сақтау орны бар. Сақтау тартпасын ашу үшін шынтақтаянышты көтеріңіз.

## Көзілдірік сауыты



50BED5280931

### **⚠** Ескерту

Қозғалыс кезінде көзілдірік сауыты жабық болуы тиіс.

### **i** Пайдалы ақпарат

Үлкен өлшемді көзілдіріктердің кейбір үлгілері бұл бөлімге сыймауы мүмкін.

## Стақанқойғыштар


Стақанқойғыш (қолмен басқарылатын тұрақ тежегіші бар автокөліктер)



4F9F06DCBC02

Стақанқойғыштың ортасында орналасқан қыстырғышты жоғары қарай тартып, алуға болады.

Стақанқойғыш (электр тұрақ тежегіші бар автокөліктер)



3BVCAC3AE296

Стақанқойғышқа арналған бөлімдерді жоғары қарай тартып, алуға болады. Стақанқойғыштың ішкі диаметрін бір қалқаның көмегімен реттеуге болады.

### **⚠** Назар аударыңыз!

- > Стақанқойғыштарға тым кішкентай немесе жеткілікті түрде тұрақты емес ыдыстарды салмаңыз, өйткені олар төңкеріліп кетуі мүмкін.
- > Сұйықтық төгілмеуі үшін сусынның қақпағы жабық тұрғанын тексеріңіз.

1

Пайдалану

## Бөтелкелерге арналған орындар

Әр бүйір есікте бөтелкеге арналған орын бар, ол жерге мықтап жабылған ыдысты ғана салу керек.

### ⚠ Ескерту

Бөтелкелерге арналған орындарға басқа заттарды салмаңыз. Олай болмаса, ЖКО немесе шұғыл тежеу орын алған жағдайда, бөгде заттар мұндай орындардан ұшып түсіп, жарақат келтіруі мүмкін.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Сұйықтық төгілмеуі үшін сусын құйылған бөтелкенің қақпағы жабық тұрғанын тексеріңіз.

## Жүк ілмектері


### Алдыңғы жолаушыға арналған жүк ілмегі



2AA6426FE1F8

Жүк ілмегін басып, оны көрсеткімен белгіленген бағытқа бұрыңыз. Мұндай ілмекке айтарлықтай жеңіл заттарды іліп қоюға болады, олардың салмағы ілмекте көрсетілген мәннен аспауы керек. Қозғалысты бастамас бұрын барлық заттың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

## Артқы жолаушыларға арналған жүк ілмектері



3076C1ED26F0

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының артында жүк ілмектері бар. Жүк ілмегін басып, оны көрсеткімен белгіленген бағытқа бұрыңыз. Мұндай ілмекке айтарлықтай жеңіл заттарды іліп қоюға болады, олардың салмағы ілмекте көрсетілген мәннен аспауы керек. Қозғалысты бастамас бұрын барлық заттың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

## Темекі тұтатқыш



D701E06C54BB

Темекі тұтатқышты пайдалану үшін оны басыңыз, ол қажетті температураға жеткенде, автоматты түрде шығарылады.

### ⚠ Ескерту

Темекі тұтатқыштың металл бөлшектерін ұстамаңыз, күйіп қалу қаупі бар.


### ⚠ Назар аударыңыз!

Темекі тұтатқыштың істен шығуын болдырмау және ерт қаупін жою үшін келесі нұсқауларды орындау қажет:

- > Темекі тұтатқышты ұзақ уақыт басып тұрмаңыз.
- > Темекі тұтатқыштың ұясына басқа автокөліктердің темекі тұтатқышын салмаңыз. Тек түпнұсқа темекі тұтатқышты пайдалануға рұқсат етіледі.
- > Темекі тұтатқыштың ұясына басқа электр құрылғыларын қоспаңыз.

## Электр розеткалар

### Алдыңғы орындықтарға арналған USB порты бар қуат ағытпасы




4B0B8427AF88

Алдыңғы орындықтарға арналған USB порты бар қуат ағытпасы кондиционер жүйесін басқару тақтасының жанында орналасқан.

Оталдыру жүйесінің қосқышы ON күйінде болғанда, бұл USB портын мобильді телефонды, планшетті және басқа электрондық құрылғыларды қайта зарядтау үшін пайдалануға болады.

### Артқы орындықтарға арналған USB порты бар қуат ағытпасы




E53D42B3B666

Артқы орындықтарға арналған USB порты бар қуат ағытпасы артқы орындықтарға арналған кондиционер жүйесі саңылауларының жанында орналасқан.

Оталдыру жүйесінің қосқышы ON күйінде болғанда, бұл USB портын мобильді телефонды, планшетті және басқа электрондық құрылғыларды қайта зарядтау үшін пайдалануға болады.

### Резервтік қуат ағытпасы



B0C8D424087D

Резервтік қуат ағытпасы кондиционер жүйесін басқару тақтасының жанында орналасқан.

Оталдыру жүйесінің қосқышы ON күйінде болғанда, резервтік қуат ағытпасына кернеу беріледі.

Пайдалану үшін қақпақты жай ғана қайырып қойыңыз.

Бұл қуат ағытпасы номиналды қуаты 120 Вт (10 А) шамасынан аспайтын электрондық құрылғыларға арналған 12 В қуат көзі болып табылады.

1

Пайдалану

## 220 В (AC)



6A603EB6CD95

220 В қуат ағытпасы артқы орындықтарға арналған кондиционер жүйесі саңылауларының жанында орналасқан.

Оталдыру жүйесінің қосқышы ON күйінде болғанда, 220 В қуат ағытпасына кәдімгі пайдалану мақсаттарына сәйкес келетін кернеу беріледі.

Бұл қуат ағытпасын номиналды қуаты 150 Вт шамасынан аспайтын электрондық құрылғыларға пайдалануға болады.

## Бейнежазғышқа арналған қуат ағытпасы



81354C8C90DC

Бұл қуат ағытпасы артқы көрініс салон айнасы тірегінің жанында орналасқан.

Бұл қуат ағытпасын оталдыру жүйесінің қосқышы ON күйінде болған кезде пайдалануға болады.

Номиналды қуаты 10 Вт шамасынан аспайтын бейнежазғышқа арналған 5 В (DC) қуатын қамтамасыз етеді.

### ⚠ Ескерту

- > Бақылау камерасын орнатқан кезде, қозғалыс қауіпсіздігі үшін оның сымы шолуға кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- > Тез тұтанғыш газдар мен жылыту құрылғыларын электр розеткалардан алшақ жерде сақтаңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Сусындар мен басқа сұйықтықтардың немесе бөгде заттардың электр розеткаларға түсуіне жол бермеңіз, себебі бұл қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін. Егер қуат ағытпасы қорғау қақпағымен жабдықталған болса, ағытпаны пайдаланбаған кезде, оны жауып қойыңыз.
- > Қуаты номиналды мәннен асатын электрондық құрылғыларды пайдалану кезінде автокөліктің тиісті сақтандырғышы күйіп кетуі мүмкін.
- > Дәлдігі жоғары жабдықты, индуктивтігі күшті жабдықты немесе басқа күрделі құрылғыларды электр розеткаларына қоспаңыз.
- > Ылғал немесе температурасы жоғары ортада ағытпаларды пайдаланбаңыз.
- > Қосқыштарды басқа қуат көздеріне қатар немесе тізбектей қосуға тыйым салынады.
- > Ағытпаны пайдаланған кезде қандай да бір ауытқуды (қалыптан жоғары температура, түтін, бөгде иіс) байқасаңыз, пайдалануды дереу тоқтатып, тексеру және жөндеу жүргізу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.
- > Бұл қуат жүйелерін рұқсатсыз өзгертуге немесе жөндеуге тыйым салынады.
- > Жалғанатын сымның су өткізбейтініне және герметикалық екеніне көз жеткізіңіз.

# 2

## Автокөлікті басқару

---

Жүргізу ережелері.....	60
Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізуге қатысты кеңестер.....	64
Автокөлікті жүргізіп бейімдеген кезеңдегі кеңестер.....	69
Қуат ажыратқышы.....	70
Автокөлікті оталдыру және өшіру .....	71
Тұрақ тежегіші .....	73
Берілістерді ауыстырып қосу.....	76
Дифференциалды құлыптау .....	78
Толық жетек жүйесі.....	79
Тұраққа қою көмекші жүйесі	81
Шина қысымын бақылау жүйесі .....	84
Жүруге көмектесетін жүйе...	85
Пайдаланылған газдарды бақылау жүйесі.....	87
Аспаптар тақтасы.....	90
Аспаптар тақтасындағы индикаторлар .....	94



# Жүргізу ережелері

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Автокөлік жүргізу алдында

### Тазалау

Жүрмей тұрып, автокөлік шанағынан қар мен тұскен жапырақтарды толығымен алып тастаңыз.

### Автокөліктің жай-күйін тексеру

Автокөлікті жүргізбес бұрын автокөлікті басқару қауіпсіздігінің қамтамасыз етілгеніне көз жеткізу мақсатында шиналарды, майдың және сұйықтықтардың деңгейін, жарық аспаптарын және шанақтың сыртын тексеріп шығыңыз. Егер автокөлікті жөндеу қажет деп санасаңыз, сервис орталығына уақтылы хабарласыңыз.

### Есіктер мен капоттың жай-күйін тексеру

Жүрмей тұрып, барлық есіктің жабылғанын тексеріңіз. Егер есік дұрыс жабылмаса, ол қозғалыс кезінде кенеттен ашылып кетіп, ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

Егер капотты ашқан болсаңыз, жүрмей тұрып, оның жабылғанын тексеріп алу керек. Егер капот құлыптанбаса, капот қозғалыс кезінде кенеттен ашылып кетіп, ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

### Заттарды автокөлік салонында орналастыру

#### Аспаптар тақтасына

Аспаптар тақтасына заттарды орналастыруға тыйым салынады, өйткені бұл жүргізушінің көруіне кедергі келтірумен қатар, қозғалысты бастау параметрлері мен көлік жүргізу қауіпсіздігіне теріс әсер етеді, сәйкесінше ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

### Жүргізуші аяғының маңы

Жүргізуші аяғының маңына қандай да бір затты орналастыруға тыйым салынады. Ол педальдың астына түсіп, жүргізушінің басқаруды жоғалтуына және ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

Егер еден кілемшесін орналастыру қажет болса, автокөлігіңізге сай келетін нұсқаны қолданыңыз. Пішіні сай келмейтін кілемше дұрыс орналаспа немесе оны екі қабаттап төсесе, бұл педаль жұмысына теріс әсер тигізуі мүмкін. Бұл, өз кезегінде, қозғалтқышты оталдыру мүмкіндігінен айырып, берілістерді ауыстыру кезінде қиындықтар келтіріп, оларды ауыстыру мүмкін болмайтынына, ЖКО-ға және т.с.с. әкеп соғуы мүмкін.

### Орындық астына

Орындықтың астына қандай да бір затты орналастыруға тыйым салынады. Орындық астына орналастырылған заттар орындықтың күйін реттеуге теріс әсерін тигізуі мүмкін немесе орындықты бекітуге мүмкіндік бермейді, соның салдарынан ЖКО орын алуы мүмкін.

### Орындық арқалығы

Арқаңыз бен орындықтың арқалығының арасына жастықтар және басқа заттар қоймаңыз. Бұл көлік жүргізген кезде жүргізушінің дұрыс жайғасуына әсер етумен қатар, көлік соқтығысқан жағдайда, қауіпсіздік белбеулері мен басқарушылардың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіреді, мұның салдарынан өмірге қауіпті жарақат келуі мүмкін.

### Терезе әйнегіне

Терезе әйнегіне жабысқыштар мен өзге де әшекейлерді бекітуге тыйым салынады. Жабысқыш линза сияқты әрекет етіп, автокөлікті ертеп жіберуі мүмкін.

## Қозғалыс кезінде

### Жылдамдықты асырмаңыз

Автокөліктің қозғалыс жылдамдығы жол белгілерімен және жылдамдық шектеулері бар жол белгілерімен белгіленген мәннен аспауы тиіс.

### Автокөлікке шектен тыс жүк тиемеңіз

Жүктемесі шекті рұқсат етілген шамадан артқан автокөлікті жүргізу қауіпті. Қозғалатын автокөлікке түсетін салмақ жолаушылар мен жүкті ескере отырып, белгіленген мәннен асырылмауы тиіс. Адамдарды жүк аймағында немесе жүксалғышқа отырғызып тасымалдауға рұқсат етілмейді.

## Шаршаған күйде автокөлік жүргізеңіз

Автокөлікті шаршаған күйде басқару өте қауіпті. Шаршаған жүргізушінің шешім қабылдау жылдамдығы, көру қабілеті және зейін қоюы айтарлықтай төмендейді, мұның салдары ауыр ЖКО-ға әкеп соғуы ықтимал.

## Қозғалыс кезінде қозғалтқышты сөндірмеңіз

Тежегіш жүйесі мен руль күшейткіштері қозғалтқыш өшірілген кезде жұмыс істемейді. Бұл тежеу тиімділігін төмендетеді және жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

## Рульді шекті күйінде ұзақ ұстамаңыз

Бұл руль күшейткішінің тиімділігінің төмендеуіне немесе тіпті оның зақымдануына алып келуі мүмкін.

## Тежегіш педалін ұзақ басып тұрмаңыз

Қозғалыс кезінде тежегіш педалін үнемі басып тұруға немесе тұрақ тежегішін қосып қоюға тыйым салынады. Өйткені бұның салдарынан тежегіш қыспақтары мерзімінен бұрын тозады немесе тежегіштер қызып кетеді, бұл тежеу тиімділігіне кері әсер етіп, ЖКО-ға әкеп соғуы ықтимал.

## Тежеу жүйесінің тозғаны туралы ескертетін дыбыс

Егер тежегіш қыспақтары тозып кетсе және оларды ауыстыру қажет болса, дискілі тежеу механизмі тән дыбыстар шығарады.

Егер тежеген кезде сықырлаған дыбыс естілсе, көлікті тоқтатыңыз. Олай болмаса, тежегіш дискілерінің қатты тозуы және тежегіш жүйесінің элементтеріне зақым келуі ықтимал, бұл тежеу тиімділігіне әсер етеді және ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

## Шинаның жарылуы

Зақымдалған шинамен жүрісті жалғастыруға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті және ЖКО-ға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар бұл жағдай дөңгелекке, аспаға немесе автокөлік шанағына зақым келтіруі мүмкін, сондықтан шинаны дереу ауыстыру керек.

Келесі жағдайлар жүргізушіден шиналардың жарылған жерлерінің немесе жарықтардың бар-жоғын тексеруді талап етеді:

- > Руль дірілі;
- > Автокөлікке тән емес діріл;
- > Автокөлікке тән емес қисаю.

Егер жүріс кезінде шина жыртылып немесе жарылып кетсе, жылдамдықты төмендету үшін рульді мықтап ұстап, тежегіш педалін аздап басыңыз. Шұғыл тежеу немесе рульді бұрып қалу салдарынан автокөлікті басқара алмай қалу қауіпі туындайды.

## Шанақтың, шинаның, дөңгелектің төменгі бөлігіне қатты соққы тиген кезде

Егер шанақтың төменгі бөлігі, шиналар немесе дөңгелектер қатты соққыға ұшыраса, дереу қауіпсіз жерге тоқтап, автокөлікті тексеріңіз. Тежегіш сұйықтығы мен отынның ағып жатпағанын, аспа бөліктері, шиналар, дөңгелектер, жетек жүйесінің тораптары пішімін өзгертпегенін немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Егер жылыстау немесе зақым пайда болса, жүрісті жалғастыру ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

## Еңістен түскен кезде

### Қозғалтқышпен қосымша тежеуді қолданыңыз

Еңіске қарай түскен кезде тежегіш педалін ұзақ басу тежегіш механизмінің қызып кетуіне және тежеу тиімділігін төмендетіп, ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

**Бейтарап берілісте қозғалтқышты тоқтатуға немесе еркін қозғалыспен жүргізуге тыйым салынады.**

Егер еңіске түскен кезде қозғалтқышты өшірсеңіз, тежегіш күшейткіштері мен руль жүйесі жұмыс істемейді, салдарынан тежеу және рульді бұру тиімділігі нашарлап, ЖКО-ға әкеп соғуы ықтимал.

## Автокөлікті биіктік айырмашылығы бар жолдармен жүргізу

Автокөлікті бекітілген жол жиегінде немесе жол төсемінің биіктігінде айтарлықтай айырмашылығы бар жерде тоқтатқаннан кейін, шинаның жиектасқа немесе өзге де жол жиегіне қысылуы салдарынан оның пішімі өзгермегенін тексеріңіз.

Бекітілген жол жиегінен, жасанды кедір-бұдыр жерден және сол сияқты кедергілерден өткен кезде, жылдамдықты азайтып, мүмкіндігінше осындай кедергілерге перпендикуляр түрде жүру керек. Өйтпесе шина (әсіресе оның қапталы) зақымдалуы мүмкін.

Келесі жағдайларда жылдамдықты төмендетіп, бамперге зақым келтірмеу үшін абай болу керек:

- > Тұрақ орындарына кіру және шығу сияқты сатылы жерлерде;
- > Еңісі тік жерлерде, мысалы, көпсатылы тұрақтардың шұғыл бұрылыстарында;
- > Тегіс емес және жол табаны бар жерлерде;

- > Шұңқырлары бар жерлерде;
- > Тегіс жерден шыққан кезде немесе керісінше;
- > Жасанды тегіссіздіктен өткен немесе бекітілген жол жиегінде тоқтаған кезде.

### **Автокөлікті тайғақ (дымқыл, қар, мұз басқан) жолдармен жүргізу**

Тайғақ жолмен жүрген кезде шұғыл тежеу, жылдамдықты күрт үдету, рульді бұрып қалу салдары автокөліктің сырғып кетуіне және оны басқара алмай қалып, ЖКО-ға әкеп соғуы ықтимал.

Жоғары және төмен беріліске ауыстырып қосқан кезде, қозғалтқыш айналымдары айтарлықтай өзгереді, бұдан автокөлік сырғып кетіп, салдарынан ЖКО орын алуы мүмкін.

Суық ауа райында мұз қатуға бейім көпірлер мен көлеңкелі жерлерде автокөлік жылдамдығын төмендету керек.

### **Автокөлікті су басқан жолдармен жүргізу**

Сулы жолдарда сақтықпен жүру керек.

Мұндай жағдайларда қозғалтқыштың дұрыс жұмыс істемеуі және зақымдалуы, сондай-ақ электр компоненттері тұйықталуы мүмкін, бұл ауыр ЖКО-ға әкелуі ықтимал.

Автокөлікпен су жолда жүрген кезде тежегіш қыспақтары суланып, тежеу тиімділігі төмендеп, салдарынан ЖКО орын алуы мүмкін. Тежегіш педалін бірнеше рет басып, тежегіштерді қыздырып, олардың қалыпты жұмыс істейтініне көз жеткізу керек.

### **Жолаушыларға арналған сақтық шаралары**

#### **Салонда жүрмеңіз**

Автокөлік жүріп келе жатқан кезде, орындықтан тұруға және салонда жүруге тыйым салынады. Әйтпесе көлікті күрт тежеген кезде жарақат алуыңыз ықтимал.

#### **Автокөлік терезелерінен басыңыз бен қолыңызды шығармаңыз**

Әйтпесе көлікті күрт тежеген немесе терезелерді жапқан кезде жақтауға соғылып, ауыр жарақат алып қалуыңыз мүмкін немесе бұл тіпті өлім жағдайына әкеп соғуы ықтимал.

### **Балаларды тізеңізге отырғызбаңыз**

Сіз өзіңізді қауіпсіздік белбеуімен байлап қойсаңыз да, нәрестелер мен балаларды қолға алып отыруға тыйым салынады. Сонымен бірге оларды ересектерге арналған қауіпсіздік белбеулерімен бекітіп қоюға тыйым салынады. Әйтпесе күрт тежеу кезінде немесе автокөлік соқтығысқанда ауыр немесе тіпті өлімге жетелейтін жарақат алу қаупі туындайды.

### **Балаларға есіктер мен терезелерді басқаруға рұқсат бермеңіз**

Көліктің есіктері мен терезелерін басқарып отырған бала қолын, басын, мойнын және денесінің басқа мүшелерін қысып алып, ауыр жарақат алуы мүмкін.

Егер қозғалыс барысында есік ашылып кетсе, бала көліктен ұшып кетуі мүмкін, бұның салдарынан ол ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақат алуы мүмкін.

Балалардың әрекеттерінен орын алатын жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін бала бекітпесі мен терезелерді құлыптау түймесін пайдаланыңыз.

### **Автокөлікті тұраққа қою**

#### **Көлікті тез тұтанатын материалдардың жанында тоқтатпаңыз**

Шөп, қағаз қиындылары және басқа да жанғыш материалдар көп көлемде болатын жол учаскелерінен аулақ болуға тырысыңыз және олардың үстіне көлікті тоқтатпаңыз. Қызып кеткен газ шығаратын құбыр жанғыш материалдардың жануына әкелуі мүмкін.

Егер автокөліктің артында ағаш немесе фанера сияқты материалдар болса, өрттің алдын алу үшін автокөлік олардан жеткілікті қашықтықта тұруы керек.

#### **Нашар желдетілетін бөлмелерде қозғалтқыштың ұзақ уақыт жұмыс істеуіне жол бермеңіз**

Қозғалтқыштың ұзақ уақыт жұмыс істеуіне байланысты гаражда және нашар желдетілетін өзге де жайларда пайдаланылған газдар жиналады, бұл көміртегі тотығымен улануға әкелуі және денсаулыққа өлімге жетелейтін елеулі зиян келтіруі мүмкін.



## Үнемді жүргізу

### Қисынды жүргізу

Қажетсіз жеделдету мен тежелуді болдырмау үшін алда келе жатқан автокөлікке дейін жеткілікті қашықтықты сақтаңыз. Біркелкі жылдамдық отын шығынын азайтады.

### Тиісті берілісті таңдаңыз

Көлікті төмен жылдамдықта жоғары беріліспен немесе жоғары жылдамдықта төмен беріліспен жүргізбеңіз. Қозғалтқыштың төмен айналымдарда жұмыс істеуі отын шығыны мен тозуды азайтады.

### Бос жүріс режимін қысқартыңыз

Егер реттелетін жол қиылыстарында, теміржол өткелдерінде немесе кептелістерде ұзақ уақыт тоқтауға тура келсе, артық отын шығынын азайту үшін қозғалтқышты өшіріп қою керек.

### Автокөлікке артық жүк тиемеңіз

Автокөлікті көп жүктеу немесе шектен тыс жүк арту отын шығынын арттырады. Жолға шығар алдында көліктегі артық заттарды алып тастаңыз.

### Шиналардағы қысымды үнемі тексеріп тұрыңыз

Шиналардағы қысым тым төмен болса, теңселу қарсылығын арттырады, бұл өз кезегінде отын шығыны мен шиналардың тозуына әкеледі.

### Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету

Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету автокөліктің ұзақ және үнемді жұмысын қамтамасыз етеді.

### Уақытша пайдаланылмайтын электр құрылғыларын өшіріп қойыңыз

Кондиционер, жылыту құрылғылары және басқа электр құрылғылары көп энергияны қажет етеді және отынды жұмсайды, сондықтан олар пайдаланылмаса, бұл құрылғыларды өшіріңіз.

## Терезелерді жабыңыз

Ашық терезелер ауаға төзімділікті арттырады, сондықтан отын шығынын арттырады. Қажет болмаса, оларды ашпаңыз.

### Автокөлікті еркін қозғалыспен жүргізген кезде, инерцияны пайдаланыңыз

Автокөлікті еркін қозғалыспен жүргізген кезде инерцияны пайдалану үшін бағдаршамға жақындағанда немесе тік еңістерде газ педалін жіберу керек.

# Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізуге қатысты кеңестер

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Тұманда жүру

### Тұман жарықтарын қосыңыз

Автокөлікті тұманда жүргізген кезде тұман фаралары мен шамдарын қосу керек.

### Басқа көлік құралдарының жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерге ескерту үшін дыбыс сигналын пайдаланыңыз

Басқа көлік құралының дыбыс сигналын естігенде, көліктің тұрған жерін көрсету үшін дыбыс сигналын беру арқылы дереу жауап қайтару керек.

### Баяу жылдамдықпен жүріңіз, қауіпсіздікті қадағалаңыз

Тұманда ең төмен жылдамдықпен қозғалып, алда келе жатқан автокөлікке дейін жеткілікті қашықтықты сақтау керек.

### Қозғалыс барысында әйнектегі буды сүртпеңіз

Кабинаның ішіндегі және сыртындағы температураның айырмашылығы үлкен болғандықтан, алдыңғы әйнектің ішкі беті көбінесе жүргізушінің көру мүмкіндігін нашарлататын жұқа ылғал қабатымен жабылады. Салондағы ауа температурасын көліктің сыртындағы ауа температурасымен салыстыру үшін әйнекті жылыту функциясын пайдаланыңыз немесе терезені сәл ашыңыз. Бұл әйнектің ішкі бетіндегі ылғалдың конденсациясын болдырмайды. Егер сіз әйнектен ылғалды сүрткіңіз келсе, көлігіңізді тоқтатқан соң ғана сүртіңіз. Буланған әйнекті қозғалыс кезінде сүртпеңіз.

## Жауын-шашында жүру

### Тайғақ жолда автокөлікті абайлап жүргізіңіз

Жаңбыр болған кезде көрініс нашарлауы, алдыңғы әйнек булануы, дөңгелектер таюы мүмкін. Өте сақ болыңыз.

Сулы жолмен жүрген кезде шұғыл тежеу, жылдамдықты күрт үдету, рульді бұрып қалу салдары автокөліктің таюына және оны басқара алмай қалып, ЖКО-ға әкеп соғуы ықтимал.

Жауын-шашын кезінде шиналар мен жол төсемі арасында су үлдірі пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда шиналар жолмен ілініспей қалуы ықтимал, сондықтан төмен жылдамдықпен қозғалу керек.



#### Ескерту

Мүмкіндігінше сіркіреген немесе нәсер жаңбырда автокөлік жүргізбеңіз.

## Су басқан аймақтан өту

Тұрақты суда қозғалған кезде тереңдік 500 мм шамасынан таяз болуы керек. Ағынды сумен қозғалғанда тереңдік одан да аз болуы тиіс.

Су басқан аймақтан өткен кезде алдағы және қарсы келе жатқан автокөліктер тудыратын толқындарға назар аударыңыз. Толқындардың әсерінен су басқан жердің тереңдігі автокөлік үшін рұқсат етілген көрсеткіштен асып кетуі мүмкін.

Егер өтетін аймақтың тереңдігі 50-100 мм болса, автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ аспауы керек. Себебі жолдың су басқан жерлерінде жылдам қозғалатын автокөлік суды шашыратады, ол су ауа сүзгісінің кіріс коллекторына түсіп, оның элементін суландыруы және осылайша техникалық қызмет көрсету мерзімін қысқартуы ықтимал. Егер өтетін аймақтың тереңдігі 100-350 мм болса, автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ аспауы керек.

Егер өтетін аймақтың тереңдігі 350-500 мм болса, автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ аспауы керек. Бұл жағдайда тоқтап, берілістерді ауыстырып қосуға болмайды.

## Су басқан аймақтан өткен кездегі сақтық шаралары

- > Сулы аймақтан өтпес бұрын, тереңдігін тексеріңіз. Егер ол тым терең болса немесе оны анықтау мүмкін болмаса, ол аймақты айналып өткен жөн. Мұндай жағдайда оны кешіп өтуге болмайды.
- > Жол жағдайларын талдаңыз және белгісіз аймақпен жүруден аулақ болыңыз, өйткені мұндай жерлерде жасырын кедергілер, мысалы, арықтар, бақылау құдықтары және т.б. болуы мүмкін.
- > Егер су басқан аймақтан өткен кезде қозғалтқыш белгісіз себептермен тоқтап қалса, оны қайтадан іске қосуға тырыспаңыз. Бұл қозғалтқышқа ауыр зақым келтіруі мүмкін.

## Су басқан аймақтан өткеннен кейін тексеру және техникалық қызмет көрсету

Су басқан аймақтан өткеннен кейін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- > Дыбыс сигналын тексеріңіз.
- > Барлық жарықтандыру құрылғысын тексеріңіз.
- > Тежегіш педалін бірнеше рет басып, тежеу жүйесінің дұрыс істейтініне көз жеткізіңіз.
- > Мүмкіндігінше жоспарлы тексеруді жүргізу үшін тезірек жақын жердегі сервис орталығына хабарласыңыз. Су басқан аймақты кешіп өткен кезде трансмиссия жүйесінің тораптарына су тисе, ол маймен араласып, жүйенің жұмысында ақаулар тудыруы мүмкін.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Су басқан жерді кешіп өтуге қалыпты жағдай ретінде қарауға болмайды.
- > Бұл кезде өте сақ болу қажет. Су басқан жерді мүмкіндігінше кешіп өтпеуге тырысыңыз. Егер бұл қажет болса, ең қауіпсіз және сенімді әдісті қолданыңыз.
- > Су басқан жерді кешіп өту қозғалтқыш пен электр компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін.

## Жылдың ыстық мезгілінде көлік жүргізу

Ыстық ауа райы мен жоғары ауа температурасы автокөліктің қалыпты жұмысына көмектеспейді және жүргізушінің денсаулығына теріс әсер етеді. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

### Қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеңіз

Ыстық ауа райында қозғалтқыштың қызып кету ықтималдығы артады. Сондықтан салқындату жүйесін тексертуге және техникалық қызмет көрсетуге ерекше назар аудару керек, радиатор тілімдерінің арасына түсетін бөгде заттарды дер кезінде алып тастау керек.

### Шиналардағы ауа қысымын бақылаңыз

Шина ішіндегі ауа қысымы ауаның жоғары температурасына байланысты жоғарылайды, сондықтан ыстық маусымда шиналар жарылып кетуі мүмкін.

Егер қозғалыс барысында шиналар зақымдалған болса, рульді мықтап ұстап, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз. Апаттық тежеуді қолданбаңыз және рульді күрт бұрмаңыз. Өйтпесе автокөлікті басқарудан айырыласыз.

### Ыстық өтуден сақ болыңыз

Жылдың ыстық мезгілінде күн белсенділігі мен ауаның жоғары температурасынан ыстық өтуі мүмкін. Салонды жақсылап желдетіңіз және шаршаған күйде автокөлікті жүргізбеңіз.

### ⚠ Ескерту

Балаларды жабық көлікте қараусыз қалдырмаңыз.

- > Қызып тұрған көлікте қараусыз қалған балаға ыстық өтуі немесе денесі сусызданып кетуі мүмкін, бұл оның денсаулығына зиян келтіруі және тіпті өлімге әкелуі ықтимал.
- > Автокөлікте қараусыз қалған бала сіріңкемен, оттықпен және сол сияқты заттармен ойнап отырып, өрт тудыруы мүмкін.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Автокөлік ішінде оттықтарды, аэрозоль баллондарын, газдалған сусындар құйылған құтыларды, көзілдіріктерді және т.с.с. қалдырмаңыз.

- > Жоғары температура жағдайында оттықтан немесе аэрозоль баллонынан газдың ағып кетуі немесе баллонның жарылуы өрт тудырады.
- > Егер газдалған сусыны бар құты жарылып кетсе, сұйықтық электр компоненттерге тиіп кетіп, қысқа тұйықталу орын алуы мүмкін.
- > Салондағы ауа температурасының жоғары болуы салдарынан полимер шыны немесе көзілдірік линзаларының пішімі өзгеруі және линзалар жарылуы мүмкін.

## Жылдың суық мезгілінде көлік жүргізу

### Қысқы шиналар

Жылдың суық мезгілінде төмен температурада стандартты шиналардың кейбір ерекшеліктеріне байланысты (ені, каучук құрамы, протектор үлгісі және т.с.с.) олардың икемділігі, тежеу және тарту күштерін беру қабілеті төмендейді, шу деңгейі де артады. Кейбір жағдайларда жарықтар, қалыптан тыс тозу және басқа да қалпына келмейтін зақым пайда болуы мүмкін. Сондықтан 7 °C шамасынан төмен температурада қысқы шиналарды пайдалану керек. Олар автокөліктің жолдағы тұрақтылығын айтарлықтай арттырады, тежеу қасиеттерін жақсартады және тежеу жолын қысқартады.

### ℹ Пайдалы ақпарат

M+S деп белгіленген бүкіл маусымдық шиналар жылдың суық мезгілінде өте тиімді, бірақ әдетте, сипаттамалары қысқы шиналардан төмен болады. Қарлы және мұз қатқан жолдармен жүрген кезде қысқы шиналарды пайдалану өте маңызды.

### ⚠ Ескерту

Қысқы шиналарды пайдалану жылдың суық мезгілінде көліктің жұмысын жақсартатынына қарамастан, автокөлік жүргізген кезде абай болу керек.

- > Жылдамдықты және жүру режимін көру мүмкіндігіне, ауа райы жағдайына, жолдың және көліктің ахуалына қарай таңдау керек.
- > Пайдаланылатын қысқы шиналар үшін көрсетілген максималды рұқсат етілген қозғалыс жылдамдығы мен жүктемені шамадан асырмаңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Қысқы шиналар протекторының қатты тозуы жылдың суық мезгілінде шиналардың жарамдылығын айтарлықтай төмендетеді. Ескі қысқы шиналар, тіпті протектордың тозу белгілері болмаса да, суық мезгілде қолдануға жарамайды. Қысқы шиналарды ауыстыру көрсеткіштерімен танысу үшін дилерге хабарласыңыз.

## Қысқы шиналарды пайдалану ережелері

- > Еліңізде қабылданған заңнаманың тиісті талаптарын орындаңыз.
- > Қысқы шиналар барлық дөңгелекке орнатылуы керек.
- > Пайдаланылатын қысқы шиналардың өлшемі жазғы шиналардың өлшемімен бірдей болуы шарт.
- > Барлық қолданылатын қысқы шинаның түрі, өлшемі (айналу шеңбері), протекторының үлгісі сәйкес болуы керек.
- > Қысқы шиналарды тек суық мезгілде қолдануға болады.
- > Қысқы шиналар үшін ұйғарылған барлық шектеуді ескеруді ұмытпаңыз (максималды жылдамдық, жүктеме және т.б.). Талаптарды сақтамау салдарынан шиналар зақымдалуы және ЖКО орын алуы ықтимал.
- > Көрсетілген айналу бағытына қарсы бағытталған шиналарды орнатуға рұқсат етілмейді.

## Сырғытпайтын шынжырлар

Сырғытпайтын шынжырларды пайдалану еліңіздің заңнамасында реттеледі. Пайдаланылатын шынжырлар жергілікті стандарттарға сәйкес келуі керек.

Сырғытпайтын шынжырлар тек жетекші дөңгелектерге орнатылады. Шынжырды бір дөңгелекке орнатуға болмайды. Орнатқан кезде сырғытпайтын шынжырлар өндірушісінің нұсқаулықтарын орындаңыз және шынжырларды мықтап бекітіңіз.

### ▲ Назар аударыңыз!

Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- > Өлшемі сай келмейтін шынжырлар немесе шынжырларды дұрыс орнатпау салдарынан автокөліктің тежеу жүйесіне, аспасына, шанағына немесе шиналарына зақым келуі мүмкін. Сондықтан сәйкес келетін сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз және оларды орнату ережелерін сақтаңыз.
- > Сырғытпайтын шынжырларды орнату үшін автокөлікті көлік жүретін жерлерден қашық, тегіс жерге тоқтатыңыз, апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және көліктің артына апаттық аялдау белгісін қойыңыз.
- > Сырғытпайтын шынжырларды орнатпай тұрып, қозғалтқышты өшіріп, тұрақ тежегішін қосып қою қажет.
- > Сырғытпайтын шынжырларды қосалқы дөңгелекке немесе шағын қосалқы дөңгелекке орнатуға тыйым салынады.
- > Шиналардағы қысым жеткіліксіз болған кезде сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз.
- > Сырғытпайтын шынжырларды қолданған кезде, дөңгелек дискілеріне зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.

### ▲ Назар аударыңыз!

Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған автокөлікті жүргізген кезде келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- > Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін қозғалыс жылдамдығы мәндердің аз болуына байланысты 40 км/сағ немесе шынжырларды өндіруші ұсынған ең жоғары жылдамдықтан аспауы тиіс.
- > Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін 0,5-1 км өткен соң, қауіпсіздік мақсатында шынжырларды қарап шығыңыз және олардың дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер сырғытпайтын шынжырлар босап қалса, оларды тартыңыз немесе ауыстырып орнатыңыз.
- > Сырғытпайтын шынжырларды орнату автокөліктің жүрісін нашарлатуы мүмкін. Мүмкіндігінше күрт үдетуден, рульді тез бұрудан және шұғыл тежеуден аулақ болыңыз, себебі бұл ЖКО-ға ұшыратуы мүмкін.
- > Егер қозғалыс барысында сырғытпайтын шынжырлар шанаққа немесе шанақ астына тигенін естісеңіз, дереу тоқтап, шынжырларды тексеріп, қайта тартыңыз. Егер дыбыс тоқтамаса, ол жойылғанша жылдамдықты төмендетіңіз.
- > Соқпақ және кедір-бұдыр жолдармен жүрмеуге тырысыңыз.
- > Автокөлікті басқара алмай қалмау үшін бұрылыстарда жылдамдықты барынша азайтыңыз.
- > Қарсыз жолда сырғытпайтын шынжырларды барынша тезірек алып тастаңыз, өйткені бұл жүріс сапасын нашарлатып, шиналардың зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.
- > Электрондық тұрақтылықты бақылау жүйесін өшіріңіз, себебі ол қажетсіз желуді немесе ақау сигналдарын тудыруы мүмкін.

**⚠ Ескерту**

Қарлы жолда тоқтаған кезде қозғалтқышты өшіріңіз.

- > Егер қозғалтқыш қосылып тұрғанда, қар жамылғысы биік болса, пайдаланылған газдар салонға кіріп, иісті газбен уланып қалуыңыз мүмкін. Бұл денсаулыққа елеулі зиян келтіруі, тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- > Егер пайдаланылған газдар салонға кіріп жатқанын сезсеңіз, келесі шараларды қолданыңыз: автокөлікті желдетілетін жерге жылжытыңыз және барлық терезені ашыңыз.

# Автокөлікті жүргізіп бейімдеген кезеңдегі кеңестер

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Шиналар

Жаңа шиналармен алғашқы 500 км жүрген кезде ерекше сақ болу керек. Алғаш пайдаланылғанға жаңа шиналар оңтайлы іліністі қамтамасыз етпейді, сондықтан оларды сынап жүргізу қажет.

## Тежегіш қыспақтары

Алғашқы 400 км жүрген кезде, жаңа тежегіш қыспақтары максималды тежеу тиімділігін қамтамасыз етпейді. Оңтайлы үйкеліс күшіне жету үшін алдымен жаңа тежегіш қыспақтары «бейімделуі» керек. Егер тежеу күші жеткіліксіз деп ойласаңыз, оны ұлғайту үшін тежегіш педалін қаттырақ басыңыз. Жүргізіп бейімдеген кезде, тежегіш жүйесі үлкен жүктемелерге ұшырамауы керек. Мысалы, шұғыл тежеуді, әсіресе көлік құралының жылдамдығы өте жоғары болған кезде және еңіске қарай жүргенде, қолдануға болмайды.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Тежегіш қыспақтары мен тежегіш дискілерінің тозу деңгейі әртүрлі болуы мүмкін, ал тозу көбінесе пайдалану жағдайлары мен жүргізу мәнеріне байланысты болады.
- > Автокөліктің жылдамдығына, тежеу күшіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты (мысалы, температура мен ылғалдылық) тежеу барысында шу пайда болуы мүмкін. Бұл - қалыпты жағдай.

## Қозғалтқыш

Жаңа қозғалтқыштың немесе күрделі жөндеуден өткен қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны пайдаланудың алдында жүктемені біртіндеп арттыра отырып, оны жүргізіп бейімдеу керек. Бұл ретте келесі сақтық шараларын орындау ұсынылады:

### Алғашқы 300 км үшін:

Шұғыл тежеуден сақ болу керек.

### Алғашқы 1000 км үшін:

- > Жоғары жылдамдықпен жүргізеу керек.
- > Қозғалтқышты жоғары айналымдармен жұмыс істетпеу үшін газ педалін тірелгенше баспаңыз.
- > Ұзақ уақыт бойы тұрақты жылдамдықпен қозғалмаңыз. Жылдамдық пен берілісті жиі өзгертіп отыру керек.
- > Төмен жылдамдықпен жүру үшін жоғары берілісті немесе жоғары жылдамдықпен жүру үшін төмен берілісті пайдаланбаңыз. Қозғалыс талаптарына қарай берілістерді уақытылы ауыстырып отырыңыз.
- > Тіркемелерді немесе басқа көлік құралдарын сүйремеңіз.

### 1000 км-ден бастап 1500 км-ге

#### дейін:

Қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, автокөлік қозғалысының жылдамдығын біртіндеп арттыруға рұқсат етіледі.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Сынап жүргізу кезеңінде қозғалтқыштың әртүрлі жүйелерінің жұмыс жағдайларына назар аудару керек. Егер ақаулар анықталса, оларды алдымен жою керек, содан кейін ғана жүргізіп бейімдеуді жалғастырыңыз.


# Қуат ажыратқышы

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Оталдыру жүйесінің құлпын ауыстырып қосу

Оталдыру жүйесінің құлпын ауыстырып қосу үшін кілтті оған салып, тиісті күйге бұраңыз.




0341B0CE9048

№	Күй	Әрекет
1	OFF (LOCK)	Электр компоненттері жұмыс істемейді.
2	ACC	Кейбір электр компоненттерін, мысалы, мультимедиа жүйесін пайдалануға болады.
3	ON	Барлық электр компоненті пайдалануға қолжетімді.
4	START	Қозғалтқыш оталады.

## Пайдалы ақпарат

Егер оталдыру жүйесін OFF (LOCK) күйіне ауыстыру қажет болса, кілтті құлыптың ішіне батырып тұрып, OFF күйіне бұраңыз.



FEE132DC0740

## Ескерту

Қозғалыс кезінде оталдыру жүйесінің құлпын OFF күйіне ауыстыруға тыйым салынады.

## Назар аударыңыз!

- > Қозғалтқыш жұмыс істемесе, батарея заряды таусылмас үшін оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON немесе ACC күйлерінде ұзақ уақытқа қалдыруға болмайды.
- > Автокөліктен шыққан кезде, оталдыру жүйесінің құлпын OFF күйіне ауыстырып, кілтті өзіңізбен бірге алып шығыңыз.

2

Автокөлікті басқару



# Автокөлікті оталдыру және өшіру

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Автокөлікті оталдыру

### Стандартты режимде оталдыру

1. Орындықтың күйін реттеңіз, жүргізушінің дұрыс қалпына жайғасып, педальдардың орналасуын қарап тексеріңіз.
2. Тежегіштің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы бейтарап (N) күйінде болуы тиіс.
4. Ілнісу педалін соңына дейін басыңыз.
5. Автокөлік қозғалтқышын оталдыру үшін оталдыру жүйесінің құлпын START күйіне ауыстырыңыз.

### **⚠** Ескерту

- > Жүргізуші жүргізушінің орындығында отырған кезде ғана қозғалтқышты оталдыруға болады. Бұл қағиданы сақтамау апат себебіне айналуы мүмкін, оның салдары ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкеп соғуы ықтимал.
- > Автокөлікті оталдырған кезде ешқандай жағдайда газ педалін басуға болмайды.
- > Автокөлікті аздап жылжыту қажет болған жағдайда да қозғалтқышты оталдыру керек. Өйтпесе апат орын алуы мүмкін.

### **i** Пайдалы ақпарат

- > Әрбір оталдыру операциясының ұзақтығы 5 секундтан аспауы керек. Бұл талапты орындамау стартер мен электр сымы жүйесінің қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- > Қоршаған ортаның төмен температурасында дизельдік автокөлік қозғалтқышын біраз уақыт жылыту керек. Оталдыру жүйесінің құлпын ON күйіне ауыстырып, аспаптар тақтасында орналасқан қозғалтқыштың жарық индикаторы сөнгенше күтіңіз. Осыдан кейін оталдыруға кірісе аласыз. 
- > Қозғалтқыш суып тұрған кезде оның жоғары айналымдарда немесе жоғары жүктемемен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- > Мүмкіндігінше қозғалтқышты бос жүріспен ұзақ уақыт істетіп қоймаңыз.
- > Егер қозғалтқыш әрең оталса немесе жиі өше берсе, мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.

## Автокөлікті өшіру

### Автокөлікті штатты түрде өшіру

1. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін берілістерді ауыстыру тұтқасын бейтарап (N) күйіне ауыстырыңыз.
2. Автокөлікті өшіру үшін оталдыру жүйесінің құлпын OFF (LOCK) күйіне ауыстырып, кілтті бұраңыз.

### Автокөлікті апаттық жағдайда өшіру

Егер автокөлік қозғалысы барысында қозғалтқышты өшіру қажет болатын төтенше жағдай орын алса, оталдыру жүйесінің құлпын ACC күйіне ауыстыру керек.

2

Автокөлікті басқару

**⚠ Ескерту**

- > Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін қозғалтқыш, пайдаланылған газдарды шығару құбыры, радиатор сияқты қызып тұрған тораптарға қол тигізбеңіз, себебі күйіп қалуыңыз мүмкін.
- > Қозғалыс барысында қозғалтқышты сөндіру соқтығысуға немесе ауыр жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- > Қозғалыс барысында қозғалтқышты мәжбүрлеп тоқтатуды шұғыл жағдай туындаған кезде ғана орындау керек.
- > Қозғалтқышты мәжбүрлеп тоқтатқаннан кейін тежегіш пен руль күшейткіштерінің функциясы жоғалады, бұл тежегіш педалін басуға және рульді бұруға көп күш салуды қажет етеді. Сондықтан қозғалтқышты сөндірмес бұрын, жылдамдықты барынша төмендетіп алыңыз.

**i Пайдалы ақпарат**


Қозғалтқыш жоғары айналымдармен немесе жоғары жүктемемен ұзақ уақыт жұмыс істегеннен кейін, оны өшірмей тұрып, бос жүріспен немесе төмен жылдамдықпен біраз уақыт істетіп қою керек.

## ⚠ Ескерту

Тоқтаған кезде тұрақ тежегішінің тұтқасын тоқтағанға дейін ең жоғарғы күйге ауыстыруға болмайды, әйтпесе ЖКО-ға әкеп соқтыруы мүмкін

## Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығарыңыз

1. Тұрақ тежегішінің тұтқасын сәл жоғары тартып, түймені басыңыз.
2. Тұрақ тежегішінің тұтқасын толығымен түсіріңіз.



E95394E9FE07

Автокөлікті тұрақ тежегішінен алып тастағаннан кейін аспаптар тақтасында орналасқан (P) индикаторы сөнеді.

## ⚠ Ескерту

Қозғалысты бастамас бұрын автокөлікті тұрақ тежегішінен босатыңыз. Бұл жағдайда тежегіш педалін басып тұру керек, өйткені автокөлік келбеу бойымен сырғып, ЖКО-ға ұшырауы мүмкін.

## ⚠ Назар аударыңыз!

Автокөлік қозғалысын бастамас бұрын автокөлікті тұрақ тежегішінен толығымен босату керек, әйтпесе бұл тежегіш жүйесінің элементтерінің қызып кетуіне әкеледі, тежеу тиімділігіне әсер етеді және тежегіштердің тозуын арттырады.

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Сақтық шаралары

### ⚠ Ескерту


- > Автокөлікті қатты еңіс жолда тоқтату салдары апатқа ұшыратуы мүмкін. Абайлаңыз және мұндай жерлерде автокөлікті тоқтатпаңыз.
- > Егер тұрақтық тежеу жүйесі тым қатты еңіс салдарынан өз функциясын атқара алмаса, көліктің сырғып кетуіне жол бермеу үшін тежегіш педалін басыңыз.

## Қолмен басқарылатын тұрақ тежегіші

### Тұрақ тежегішін қосыңыз

Автокөлік толық тоқтағаннан кейін тұрақ тежегішінің тұтқасын ең жоғарғы күйге ауыстырыңыз.

Тұрақ тежегіші іске қосылғанша, тежегіш педалін басып тұрыңыз.




2F017FF49379

Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойғаннан кейін аспаптар тақтасында орналасқан (P) индикаторы жанады.

## Электр тұрақ тежегіші

### Тұрақ тежегішін қосыңыз



42953FFBFC6E4

- > Көлікті тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Электр тұрақ тежегіші (EPB) автоматты түрде қосылады. Егер тұрақ тежегішін пайдалану қажет болмаса, қозғалтқышты сөндірген кезде EPB қосқышын басыңыз.
- > Автокөлік тоқтаған кезде тұрақ тежегішін қосу үшін EPB қосқышын тартыңыз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойғаннан кейін аспаптар тақтасында орналасқан **(P)** индикаторы жанады.

### Шұғыл тежеу


Төтенше жағдайда автокөлікті тежеу үшін электр тұрақ тежегішін пайдалануға болады. Ол үшін тұрақ тежегішінің қосқышын тартып, оны осы күйде ұстап тұрыңыз.

EPB қосқышын жіберіп немесе газ педалін басып, шұғыл тежеу функциясын ажыратып тастауға болады.

#### **⚠** Ескерту

Төтенше тежеу функциясын тек шұғыл жағдайда (мысалы, тежегіш педалі блокталып қалған кезде) ғана қолдануға болады.

## Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығарыңыз



DE50DAF2AB5C


Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы ON күйінде болғанда, тежегіш педалін басып, тұрақ тежегішін жіберу үшін EPB ауыстырып қосқышын басыңыз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

- > Тұрақ тежегішін жібергеннен кейін аспаптар тақтасындағы тиісті **(P)** индикаторы сөнеді.
- > Егер қуат толығымен сөнгеннен кейін автокөліктің қуатын қайта қосқанда аспаптар тақтасында **(P)** тұрақ тежегішінің ақау индикаторы жанып тұрса, мына іс-әрекеттерді орындап көріңіз: электр тұрақ тежегішін жіберу үшін EPB қосқышын тартыңыз, тежегіш педалін басыңыз, содан кейін EPB қосқышын басыңыз. Егер индикатор бұрынғыдай жанып тұрса, сервис орталығына хабарласыңыз.

## Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру

Егер автокөлік еңіс жермен келе жатып бағдаршамның қызыл сигналына тап болса немесе біресе жүріп, біресе тоқтаса, бұл функция автокөлікті автоматты түрде баяулатуға мүмкіндік береді. Тежегіш педалін басып тұрудың немесе тұрақ тежегішін жиі қосудың қажеті жоқ. Бұл автокөлікті басқару ыңғайлылығын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар сырғанау қаупін азайтады.



046FD716D924

Жүргізуші есігін жауып, қауіпсіздік белдігін тағып, көлікті іске қосқанда және AVH ауыстырып қосқышын басқанда, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуға немесе өшіруге болады.

1. Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын қосыңыз.  
Осы кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі толық дайындық күйіне ауысады және аспаптар тақтасында орналасқан (A) автоматты ұстап тұру индикаторы сары түспен жанады.
2. Бұл функция автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басқан кезде автокөлікті автоматты түрде баяулатады.  
Осы кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі жұмыс күйіне ауысады және аспаптар тақтасында орналасқан (A) автоматты ұстап тұру индикаторы жасыл түспен жанады.
3. Тегіс жолда ілінісу педалін жібергенде немесе газ педалін басқанда, автокөлік тұрақ тежегішінен автоматты түрде шығарылады.  
Өрде тұрақ тежегіші сырғанауды болдырмау үшін ілінісу педалін босата отырып, газ педалін басқан кезде автоматты түрде ажыратылады.  
Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы жұмыс істемесе, жүйе тежеу күшін белсендіру үшін оны автоматты түрде EPB күйіне ауыстырады. Бұл жағдайда автокөлікті автоматты түрде ұстау жүйесі дайын күйге өтеді.

### **i** Пайдалы ақпарат

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі келесі жағдайларда мәжбүрлі түрде өшіріледі:

- > Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылған.
- > Жүргізушінің есігі ашық.
- > Қозғалтқышты өшіріңіз.
- > Жұмыс ұзақтығы 3 минуттан асады.

### **!** Назар аударыңыз!

Автоматты түрде жуу немесе сүйреу кезінде автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын өшіріп қойыңыз.

## Тұрақ тежегішін автоматты түрде өшіру функциясы

Жүргізуші қауіпсіздік белбеуін байлап, автокөлікті оталдырып, газ педалін басқанда, жүйе жүргізушінің сапарға шығатынын және автокөлік тұрақ тежегішінен автоматты түрде шығарылатынын түсінеді.

Өрде қозғалғанда қуатты арттыру үшін газ педалін басу керек, бұл сырғудың алдын алады.

2


Автокөлікті бақырау

# Берілістерді ауыстырып қосу

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Режимдер сипаттамасы



B6FDBC0B27B3

Беріліс қорабының артқа жүру (R), бейтарап күйі (N), сондай-ақ алға жүрудің алты берілісі сияқты күйлері бар.

### Артқа жүру берілісі (R)

R трансмиссиясы автокөлікті артқа жүргізуге арналған.

### Бейтарап беріліс (N)

N берілісі қосылған кезде айналдыру моменті қозғалтқыштан дөңгелектерге берілмейді.

#### ⚠ Ескерту

- > N берілісінде уақытша тоқтатқан кезде тұрақ тежегішін қолданыңыз немесе тежегіш педалін басыңыз. Әйтпесе автокөлік жүріп кетіп, апат орын алуы мүмкін.
- > Апаттық жағдайлардың туындауына жол бермеу үшін бейтарап берілісте еркін қозғалыспен жүргізуге тыйым салынады.

## Берілістерді ауыстырып қосу

### Алға жүру берілісіне ауыстырып қосу


1. Ілінісу педалін толық басыңыз.
2. Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасының көмегімен тиісті берілісті таңдаңыз.
3. Ілінісу педалін жіберіңіз.

### Артқа жүру берілісіне ауыстырып қосу

#### ⚠ Ескерту

Автокөліктің бұзылуын және ЖКО-ның алдын алу үшін артқа жүру берілісіне ауыстырып қосу автокөлік толық тоқтағаннан кейін орындалуы керек.

1. Көліктің тоқтағанына көз жеткізіңіз.
2. Ілінісу педалін толық басыңыз.
3. Құлыптан шығару құрылғысын көтеріп, берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын R күйіне қойыңыз.



7D0D52E5AA4B

4. Ілінісу педалін жіберіңіз.

#### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Қозғалыс барысында аяғыңызды ілінісу педалінде ұстамаңыз, себебі бұл ілінісудің шамадан тыс ерте тозуына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- > Қозғалыс барысында қолыңызды берілістерді ауыстырып қосу тұтқасында ұстамаңыз, себебі бұл берілістерді ауыстырып қосу ашасының, синхронизатор торабының және руль конструкциясының мерзімінен бұрын тозуына әкелуі мүмкін.

- > Артқа жүру берілісін пайдаланған кезде, ілінісу педалін басқаннан кейін редукторды бірден R күйіне ауыстырудың қажеті жоқ, 3 секунд күтіңіз, бұл бірқалыпты ауысуды қамтамасыз етеді.
- > Артқа жүрген кезде, берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын R күйінен алға жүру күйіне ауыстыруға тыйым салынады. Алға жүруге ауыстырып қосу алдында автокөлікті тоқтату керек.

## Орнынан қозғалу

### Қолмен басқарылатын тұрақ тежегіші бар автокөліктер

1. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Қозғалтқыштың айналу жиілігін тұрақтандырғаннан кейін ілінісу педалін соғына дейін басыңыз және беріліс тұтқасын пайдаланып 1-берілісті таңдаңыз.
4. Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығарыңыз.
5. Ілінісу педалін жібергенде, автокөліктің жылдамдығын арттыру үшін газ педалін ақырын басыңыз.

### Электр тұрақ тежегіші бар автокөліктер

1. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Қозғалтқыштың айналу жиілігін тұрақтандырғаннан кейін ілінісу педалін соғына дейін басыңыз және беріліс тұтқасын пайдаланып 1-берілісті таңдаңыз.
4. Ілінісу педалін жібергенде, автокөліктің жылдамдығын арттыру үшін газ педалін ақырын басыңыз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Автокөлікті орнынан қозғаған кезде, тұрақ тежегіші автоматты түрде тұрақ тежегішін өшіру функциясының арқасында автоматты түрде өшіріледі.

## Өрде орнынан қозғалу

1. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Ілінісу педалін толық басыңыз және берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын пайдаланып, 1-берілісті таңдаңыз.
4. Ілінісу педалін жібергенде, газ педалін ақырын басыңыз.
5. Автокөліктің орнынан қозғалуына дайын болғанын түсінсеңіз, тұрақ тежегішін жіберіңіз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Электр тұрақ тежегішімен жабдықталған автокөліктер тұрақ тежегішін автоматты түрде өшіру функциясының арқасында орнынан қозғалған кезде, автоматты түрде тұрақ тежегішінен шығарылады.

## Автокөлікті тоқтату

1. Ілінісу педалі толық басылған кезде, тежегіш педалін басыңыз.
2. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын N күйіне қойыңыз.
3. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
4. Автокөлікті сөндіріңіз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Электр тұрақ тежегішімен жабдықталған автокөліктерде ол автокөліктің қуаты өшкен кезде автоматты түрде өшіріледі.

#### **!** Назар аударыңыз!

- > Келесі жағдайларға байланысты еңіс жерде тоқтаған кезде, берілістерді ауыстырып қосу тұтқасымен келесі әрекеттерді орындаңыз:
- > Егер автокөлік еңіс жерде өрге қарап тұрса, берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын пайдаланып 1-берілісті таңдаңыз. Қажет болса, дөңгелектердің астына тіреу қойыңыз.
- > Егер автокөлік өрде төмен қарап тұрса, беріліс тұтқасын R күйіне ауыстырыңыз. Қажет болса, дөңгелектердің астына тіреу қойыңыз.

# Дифференциалды құлыптау

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Дифференциалды құлыптау туралы жалпы мәлімет

Жетекші дөңгелектердің кез келгені батып қалған кезде, дифференциалдың құлыпталуы автокөлік кедергіден өтуі үшін берілісті жеткілікті айналу сәтінің екінші жағынан жетекші дөңгелекке беруді қамтамасыз етеді.

### Пайдалы ақпарат

- > Жаңа автокөлік жүрісінің алғашқы 50 км кезінде дифференциалдың құлыпталуына жол бермеңіз.
- > Егер автокөлік бір айдан астам уақыт бойы пайдаланылмаса, шамамен 50 км жүріп өткеннен кейін дифференциалды құлыптаған жөн.
- > Дифференциалды құлыптау батып қалған автокөлікті босату үшін ғана қолданылады. Осыдан кейін дифференциалды құлыптан шығару керек.
- > Қысқа уақыт ішінде дифференциалды қатарынан 10 реттен артық құлыптамауға тырысыңыз, себебі бұл артқы осьтің қызып кетуіне әкелуі мүмкін.

### Назар аударыңыз!

- > Шамадан тыс жүктеме жағдайында дифференциалды құлыптауға тыйым салынады.
- > Дифференциалды құлыптау құрылғысына зақым келтірмеу үшін қуат блогы мен беріліс қорабын түрлендіруге тыйым салынады.
- > Қатты жабыны бар жолдарда дифференциалды құлыптауға тыйым салынады.

### Ескерту

Дифференциалды құлыптағаннан кейін келік құралын басқаруда абай болу керек. Рульді күрт бұруға болмайды, бұл автокөліктің тұрақтылығын бұзуы мүмкін, бұл апат қаупін арттырады.

## Дифференциалды құлыптау және құлпын ашу

### Автоматты құлыптану

Автокөлік төмен жылдамдықпен кіргенде немесе нашар жол жағдайларына (мысалы, қар мен мұз, кір, дөңгелектің бөгелуі және т. б.) тап болғанда, дифференциал екі жетекші дөңгелектің айналу жылдамдығының айырмасын қабылдайды және жылдамдық айырмашылығы 100 айн/мин жеткенде автоматты түрде құлыпталады.

### Пайдалы ақпарат

- > Дифференциал құлыпталған кезде жол қатарынан шамалы ауытқу пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда рульді мықтап ұстап, мүмкіндігінше автокөлікті жылжытпау керек.
- > Дифференциалдың құлыпталуы аздап соққы тудыруы мүмкін. Бұл - қалыпты жағдай.
- > Егер автокөліктің жылдамдығы сағатына 30 км шамасынан асса, дифференциал құлыпталмайды.

### Құлыптың автоматты ашылуы

Жол жағдайы нашар болатын аймақтан шыққаннан кейін, дифференциалдың құлпын автоматты түрде ашу үшін рульді қысқа уақытқа жіберу керек (оны үнемі ұстап тұрудың қажеті жоқ).

### Пайдалы ақпарат

Егер дифференциал құлпы уақытылы ашылмаса, жылдамдықты төмендетіп, рульді оңға-солға сәл ырғап көру керек.



# Толық жетек жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Электронды басқарылатын толық жетек

### Режимдер сипаттамасы

2H режимі жабыны қатты жолдарға немесе ілінісуі жақсы болатын топырақты жолдарға жарамды.  
4H режимі ілінісуі нашар болатын топырақты жолдарға (мысалы, қарлы немесе құмды қыртыстарда) жарамды.  
4L режимі тік өрге көтерілу және шұғыл көмек сияқты жол жағдайларына сәйкес келеді.

### Режимдерді ауыстыру



4E186ED24E22

Кез келген режимді таңдаған кезде, тиісті түймедегі индикатор жанады. Ауыстырып қосу аяқталғаннан кейін индикатор тұрақты жапың тұрады.

- > 2H және 4H режимдері арасында ауыстырып қосу үшін оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын ON күйіне орнатыңыз немесе қозғалтқышты оталдырып, автокөлік қозғалмайтын немесе 80 км/сағ мәннен аз жылдамдықпен түзу сызықта жүрген кезде, 2H немесе 4H түймесін басыңыз.
- > Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және автокөлік қозғалмай тұрған кезде, 4L режиміне ауысу үшін ілінісу педалін толық басыңыз, беріліс тұтқасын N күйіне ауыстырыңыз және 4L түймесін басыңыз.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және автокөлік қозғалмай тұрған кезде, 4L режимінен шығу үшін ілінісу педалін толық басыңыз, беріліс тұтқасын N күйіне ауыстырыңыз және 2H немесе 4H түймесін басыңыз.

### Пайдалы ақпарат

- > Егер жетектің жұмыс режимін ауыстырып қосқан кезде ақаулар болса немесе аспаптар тақтасында тиісті ескерту пайда болса, нұсқауларға сәйкес әрекет етіңіз. Ауыстыру талаптарының орындалғанына көз жеткізіп, әрекетті қайталаңыз.
- > Жетектің жұмыс режимін ауыстырған кезде, механикалық компоненттердің соққысы болуы және автокөлік жеңіл шайқалуы мүмкін. Бұл - қалыпты жағдай.
- > Егер руль орталық күйде болмаса, 4H және 4L режимдері арасында ауыстырып қосқан кезде қарсылық сезімі пайда болуы мүмкін, бұл да - қалыпты жағдай.
- > 4H және 4L режимдерінде электрондық тұрақтылықты басқару жүйесі әдепкі бойынша өшірілген болады.
- > Қар, саз немесе құм жапқан топырақты жолдар үшін 4H режимін қолдану ұсынылады.
- > Егер 2H және 4H немесе 4L режимдері арасында ауысу кезінде кідіріс пайда болса (түйменің шамы үнемі жыпылықтап тұрады), төмен жылдамдықпен (5 км/сағ мәннен аз) жүруге тырысыңыз, содан кейін ауыстырып қосуды аяқтау үшін автокөлікті сәл жылжытыңыз.
- > Егер аспаптар тақтасында режимді ауыстыру сәтсіз болғанын білдіретін ақпарат болса, ауыстырып қосуды аяқтау үшін көлікті сәл жылжытып көріңіз (төмен жылдамдықпен сәл алға жүріңіз). Егер мұндай шара тиімді болмаса, автокөлікті қайта оталдырып, режимді тағы бір рет ауыстырып көріңіз.

2

Автокөлікті басқару

**⚠ Назар аударыңыз!**

- > Әдеттегі немесе жылдамдықты жолдармен жүру үшін 4H және 4L режимдерін қолдануға тыйым салынады. Олай болмаса, қалыпты емес шу, шиналардың қатты тозуы, отын шығынының жоғарылауы, беріліс қорабының зақымдануы сияқты мәселелер туындауы мүмкін.
- > Артқы дөңгелектер қарда немесе мұзда сырғып кетсе, жетектің жұмыс режимін ауыстыруға болмайды.
- > 4H режимінде жүргенде, автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ шамасынан аспауы керек. Олай болмаса, ескерту іске қосылады, ал автокөліктің тораптары зақымдалуы мүмкін.
- > 4L режимінде жүргенде, жылдамдық 40 км/сағ шамасынан аспауы керек. Шұғыл бұрылыстардан аулақ болуға тырысыңыз. Олай болмаса, ескерту іске қосылады, ал автокөліктің тораптары зақымдалуы мүмкін.

# Тұраққа қою көмекші жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Сақтық шаралары

### ⚠ Ескерту

- > Тұраққа қою көмекші жүйесі — көмекші құрал. Ол жүргізуші үшін қоршаған ортаны бағалай алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігіне толық жауапты. Тұраққа қойған кезде және басқа да осындай жағдайларда жүргізуші автокөлік айналасындағы жол жағдайын үнемі бақылап отыруы керек.
- > Тұраққа қою көмекші жүйесінде «соқыр» аймақтар бар, сондықтан ол кейбір жерлерде кедергілерді байқамай қалуы мүмкін. Тұраққа қою кезінде және басқа да осындай маневрлер жасаған кезде көліктің жанында балалар мен жануарлардың тұрмағанына көз жеткізіңіз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Артқа жүрген кезде жұқсалғыштың есігі толық жабылғанына көз жеткізіңіз.
- > Камераны қақпаңыз.
- > Камераны тазарту үшін абразивті немесе өткір заттарды қолданбаңыз.
- > Автокөлікті жоғары қысымды ағынмен жуған кезде, оны камера аймағына бағыттамаңыз. Олай болмаса, камераның ішіне су кіріп, бұл жүйелік ақауларға, өртке және т. б. әкеп соғуы мүмкін.

### ℹ Пайдалы ақпарат

Тұраққа қою көмекші жүйесі ультрадыбыс толқындарына сезімтал болады. Келесі жағдайларда ол кедергілерді анықтамауы немесе оны қиындықпен орындауы мүмкін, бұл жүйедегі ақау белгісі емес:

- > Металл торлар, қоршаулар, аласа бағандар, сымарқандар және басқа да жіңішке заттар түріндегі кедергілер.

- > Қардан, матадан немесе дыбыс толқындарын сіңіретін заттардан болатын кедергілер.
- > Өткір бұрыштары бар кедергілер немесе конус тәрізді заттар.
- > Шөппен немесе тегіс емес жолмен жүрген кезде.
- > Еңісті жермен артқа жүрген кезде.
- > Жилік жүйесімен бірдей ультрадыбыстық кедергілер болған кезде, мысалы: металл дыбыстары, қысыммен газ шығуының дыбыстары, датчикке жақын автокөліктің дыбыс сигналдары.
- > Датчиктердің бетінде бөгде заттар болған кезде.  
Жүйе қалыпты жұмыс істеуі үшін датчиктерді таза ұстау, олардың үстіне қардың, мұздың және т. б. жиналуына жол бермеу қажет. Датчикті тазалау үшін абразивті немесе өткір заттарды пайдаланбаңыз.  
Датчиктің бетін жұмсақ шүберекпен немесе сумен (төмен қысымды ағынмен) тазалау керек. Көлікті жуған кезде датчиктерге жоғары қысымды су ағынын бағыттамаңыз.

2

Автокөлікті басқару

## Тұрақ радары

### Жүйе туралы жалпы мәлімет

Тұрақ радарлары радиолокациялық анықтау құрылғылары қызметін атқарады. Артқа жүрген кезде датчиктер көліктің артындағы кедергілердің болуын және жақындығын анықтайды және жүргізушіге дыбыстық немесе дыбыстық әрі визуалды сигналмен ескертеді, осылайша жүргізушіге автокөлікті қауіпсіз және оңай қоюға көмектеседі.

### Қолдану тәсілі

- Айналаны шолу жүйесімен жабдықталмаған автокөліктер
- > R берілісіне ауыстырылған кезде тұрақ радары автоматты түрде қосылады.
  - > R берілісі ажыратылған кезде, тұрақ радары автоматты түрде сөнеді.

### Айналаны шолу жүйесімен жабдықталған автокөліктер

Қосу және өшіру тәсілдері айналаны шолу жүйесіне арналған тәсілдерге ұқсас.

## Анықтау аймақтары және ескерту әдісі

Датчиктердің орналасуы	Анықтау аймағы, [м]
Автокөліктің артында	1,5

Егер тұрақ радарларын қосқаннан кейін датчик анықтау аймағында кедергі байқаса, ескерту сигналы беріледі.

Автокөлік пен кедергі арасындағы қашықтық азайған сайын сигнал жиілігі біртіндеп артады. Кедергіге дейінгі қашықтық шамамен 0,3 м болғанда, ұзақ дыбыс сигналы естіледі. Бұл жағдайда артқа қарай жүруді жалғастыруға рұқсат етілмейді.

## Артқы көрініс камерасы


### Жүйе туралы жалпы мәлімет

Артқы көрініс камерасы автокөлік артындағы аймақты түсіріп, бейнені дисплейге жібереді, осылайша тұраққа қою процесін қауіпсіз және жайлы етеді.

### Қолдану тәсілі

- > R берілісі қосылған кезде артқы көрініс камерасы автоматты түрде қосылады.
- > R берілісі ажыратылған кезде артқы көрініс камерасы автоматты түрде сөнеді.

## Визуалды интерфейс



238F083018E0

- Ⓐ Көру режимін таңдау түймесі  
Жеке қалауыңызға байланысты әртүрлі қарау (стандарт, кең бұрышты, траверс) пішімдерін таңдауға болады.
- Ⓑ Динамикалық бағыттау сызықтары  
Динамикалық бағыттау сызықтары дисплейде автокөлік шанағының енін және рульдің бұрылу бұрышы негізінде есептелген оның траекториясын көрсетеді, бұл жүргізушіге тұраққа қою кезінде көмектеседі.

## Айналаны шолу жүйесі

### Жүйе туралы жалпы мәлімет

Төрт камераның көмегімен айналаны шолу жүйесі автокөліктің айналасындағы кеңістікті түсіріп, тиісті бейнені дисплейге жібереді, бұл соқтығысудың алдын алуға көмектеседі және автокөлікті қарапайым әрі қауіпсіз басқаруға мүмкіндік береді.


### Қолдану тәсілі



443B4DB12AF6

- > Оталдыру құлпын ON күйіне жылжытқаннан кейін немесе осы түймені басу арқылы автокөлікті оталдырғаннан кейін айналаны шолу жүйесін қосуға немесе өшіруге болады.
- > R берілісі қосылған кезде айналаны шолу жүйесі автоматты түрде қосылады.
- > Егер алға жүрген кезде автокөліктің жылдамдығы белгіленген шектен асып кетсе, айналаны шолу жүйесі автоматты түрде сөнеді.

## Интерфейс элементтерінің орындары



55567707959E

- А Функцияларды баптау аймағы
  - В Үстінен шолу аймағы
  - С Көрсетілетін аймақ
  - Д Көру белгісі
- Ағымдағы көрініс бағдарын көрсетеді.

## Функция баптаулары

: кең бұрышты пішім

Ағымдағы беріліске сәйкес келетін бейнені кең бұрышты пішімде көру үшін осы түймені түртіңіз. Кең бұрышты көру режимінен шығу үшін түймені қайтадан түртіңіз.

: бағыттау сызықтары

Бағыттау сызықтарын көрсету немесе жасыру үшін осы түймені түртіңіз. Бағыттау сызықтары автокөлік шаңағының енін көрсетеді және жүргізушіге автокөлікті тұраққа қойған кезде көмектеседі.

: радарларды көрсету

Осы функцияны қосу немесе өшіру үшін осы түймені түртіңіз. Бұл функция іске қосылғаннан кейін радар анықталған жағдайда кедергінің орнын анықтай алады.

**MOD:** қозғалатын объектілерді анықтау

Осы функцияны қосу немесе өшіру үшін осы түймені түртіңіз. Осы функцияны іске қосқаннан кейін қозғалатын объектілерді, мысалы, жаяу жүргіншіні анықтаған кезде, визуалды интерфейсте тиісті ескерту пайда болады.

: көлік жуу режимі


Осы функцияны қосу немесе өшіру үшін осы түймені түртіңіз. Осы функцияны іске қосқаннан кейін дисплейде автокөлік дөңгелектерінің қозғалыс траекториясы көрсетіледі, ал сызықтардың ені автокөлік шиналарының еніне тең болады.

## Шолу бұрышын автоматты түрде ауыстыру

Алға жүру берілісіне ауыстырып қосқан кезде, жүйе автоматты түрде алдын шолу режиміне ауысады. Артқа жүру берілісіне ауыстырып қосқан кезде — артты шолу режиміне ауысады.

## Шолу бұрышын қолмен ауыстыру

Егер автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ мәнінен аз болса, үстінен шолу аймағын түртіңіз. Интерфейсте бағдарлау түймесі пайда болады. Басқа бағытты таңдау үшін осы түймені түртіңіз. Көрсетілген аймақ осы түйме арқылы таңдалған көру бұрышына сәйкес келеді.



71AE69C22C4B

- А Авто түймесі
  - В Еркін шолу
- Еркін шолуды таңдағанда, көру бұрышын қалағаныңызша барлық бағытта реттеу үшін бейне аймағын сүйреп жылжытыңыз. Автоматты түрде реттелетін шолу режиміне өту үшін [Авто] түймесін түртіңіз.

## Жолды калибрлеу

[Автокөлік баптаулары] → [Берілістер селекторын (P) күйіне қосыңыз] → [Жол жабынын калибрлеу] мультимедиа дисплейі арқылы жолды калибрлеуге және зауыттық калибрлеуді қалпына келтіруге болады.

Автокөліктің пайдаланылуына қарай жүктемелерге, селкілдеуге, компоненттердің ескіруіне және жүйенің басқа факторларына байланысты жүйе жұмысында қателер пайда болуы мүмкін: әртүрлі камералардан алынған бейнелердің дұрыс орналаспауы, олардың бұрмалануы немесе бұлыңғырлануы. Бұл жағдайда калибрлеу бейне сапасын жақсартуға көмектеседі.

Калибрлеу туралы нұсқаулар мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі хабарламаларда беріледі.


# Шина қысымын бақылау жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Шиналар туралы ақпаратты көрсету және тиісті сигналдар

### Дисплей



41B93181CD6F

Сапар туралы деректер интерфейсіне өту үшін рульдегі «Артқа» түймесін басыңыз. Төрт негізгі шинаның қысымы мен температурасы туралы ақпаратты көруге болатын шиналардағы қысымды басқару интерфейсіне өту үшін (жоғары қарай жылжыту) немесе (төмен қарай жылжыту) түймелерін басыңыз. ▲▼

### Ескертуші сигналдар

Шинаның қысымы тым аз немесе температура тым жоғары болғанда, аспаптар тақтасында келесі ескертулер пайда болады:

- > Бұл кезде белгілі бір ескерту сигналына сәйкес келетін мәзір пайда болады.
- > Егер шиналардағы қысым немесе температура нормадан жоғары болса, тиісті индикатор жыпылықтайды.
- > Бұл ретте аспаптар тақтасында ескерту белгішесі (L) жанады.

Егер қозғалыс барысында TPMS жүйесі туралы ескерту болса, шұғыл бұрылыстар мен күрт тежеу әрекеттерін орындамаңыз. Жылдамдықты төмендетіңіз, қауіпсіз аймаққа барып, мүмкіндігінше тезірек тоқтаңыз.

2

Автокөлікті басқару

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Егер ауыстырылған шина түпнұсқа болмаса, TPMS жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін.
- > Сырғытпайтын шынжырларды немесе өтімділікті ұлғайтатын басқа құрылғыларды орнатқан кезде, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.
- > Жүйенің жұмысы радиокедергілер салдарынан бұзылуы ықтимал.
- > Шиналарды ауыстырған немесе олардың орындарын алмастырған кезде жүйені қайта орнату үшін дереу сервис орталығына хабарласыңыз.

### i Пайдалы ақпарат

- > TPMS жүйесі шинаның ауа қысымын жүйелі тексеру қажеттілігін жоққа шығармайды. TPMS жүйесі ескерту сигналдарын бермесе де, шиналар мен олардағы қысымды үнемі тексеріп тұру керек.
- > Жүрген кездегі қызу, қоршаған орта жағдайы және жүру ұзақтығы шиналардағы ауа қысымына әсер етеді. Ол әдетте 30 кПа деңгейінде өзгереді; бұл - қалыпты мән.
- > TPMS жүйесі қосалқы шинадағы қысымды бақылай алмайды.

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Сақтық шаралары

### Қозғалыс қауіпсіздігі туралы

Автокөлік жүргізуге көмектесетін көптеген жүйемен жабдықталғанына байланысты қауіпсіздік ережелерін елемеуге болмайды. Жүргізуші көріну талаптарына, ауа райына, жол жабынының күйіне және жолдағы жағдайға сәйкес, қандай да болсын, сапар барысында жүргізу жылдамдығы мен режимін бақылап отыруы тиіс.

### Қайта жабдықтау туралы

Аспаны қайта жабдықтау және ұйғарылғаннан өзгеше шиналарды немесе дөңгелектерді қолдану жүргізуге көмектесетін жүйеге әсер етіп, жүйеде ақау пайда болуына себепші болуы мүмкін.

### Шулар және діріл туралы

- > Кейбір көмекші жүйелердің жұмысы кезінде (мысалы, тежегішті блоктау жүйесі) діріл пайда болады және электр жабдықтың жұмысының дыбысы естілуі мүмкін. Бұл ақау бар дегенді білдірмейді.
- > Автокөліктің аккумулятор батареясының қуаты таусылғандықтан, қозғалтқышты басқа аккумулятор батареясынан іске қосқаннан кейін, қозғалтқыш тұрақсыз жұмыс істеуі мүмкін және құлыптауға қарсы тежеу жүйесінің немесе тұрақтылықты электрондық бақылау жүйесінің белгілері жануы ықтимал. Бұл аккумулятор батареясының төмен кернеуіне байланысты және бұл осы жүйелерде ақау бар дегенді білдірмейді.

### Тежегішті блоктау жүйесі

Шұғыл тежеген кезде немесе сулы жол бетінде тежеген кезде құлыптауға қарсы тежеу жүйесі (ABS) дөңгелектердің блокталуына жол бермейді.

### ▲ Назар аударыңыз!

Шұғыл тежеген кезде тежегіш педалін аз күшпен бірнеше рет баспаңыз. Әйтпесе тежеу жолы ұзарып кетеді.

ABS жүйесі тежеу жолын азайту үшін әзірленбеген. Төменде аталған жағдайларда автокөліктің тежеу ізі ABS жүйесі жоқ автокөліктердің тежеу ізімен салыстырғанда, ұзағырақ болуы мүмкін. Алда келе жатқан автокөліктерге дейінгі қашықтықты сақтаңыз.

- > Батпақта, құмда немесе қарда қозғалған кезде.
- > Сырғытпайтын шынжырлармен жүрген кезде.
- > Соқпақ жолда жүргенде.
- > Шұңқырлы жолда немесе кедір-бұдыр жолда жүргенде.

Келесі жағдайларда ABS жүйесі жеткілікті түрде тиімді жұмыс істей алмайды:

- > Шиналар нашар ілінісетін кезде (мысалы, қар басқан жолда шамадан тыс тозған шиналармен жүргенде).
- > Дымқыл жолда жоғары жылдамдықпен жүрген кезде.

## Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе

Тежеу күштерін электрондық түрде үлестіретін жүйе (EBD) алдыңғы және артқы дөңгелектер арасындағы тежеу күшін автоматты түрде үлестіріп, тежеу тиімділігін арттырады, сондай-ақ тежеген кезде ABS жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде, автокөлік қозғалысының тұрақтылығын арттырады.

## Тежеуге көмектесетін жүйе

Тежегіш педалін күрт басқанда тежеуге көмектесетін жүйені қосуы мүмкін, ол тежеу тиімділігін арттырып, шұғыл тежеу кезінде тежеу жолын қысқартады.

## Бос айнарудан сақтау жүйесі

Ылғал жол төсемінде жүре немесе үдете бастаған кезде, бос айнарудан сақтау жүйесі (TCS) жетек күшін сақтауға көмектеседі және жетек дөңгелектерінің бос айналып кетуіне жол бермейді.

## Төңкерілуден сақтау жүйесі

Бурылыс кезінде төңкерілуден сақтау жүйесі (RMI) қозғалыс мониторингін жүзеге асырады және автокөліктің төңкерілу қаупін бағалайды. Егер ол болса, жүйе төңкерілуден сақтау үшін бір немесе бірнеше дөңгелекті тежеңкірейді.

## Қайта соқтығысуды азайту жүйесі

Соқтығысқан жағдайда (қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде), қайта соқтығысудың алдын алу жүйесі (SCM) автокөліктің жылдамдығын төмендету немесе тоқтату үшін автоматты түрде тежеуді жүзеге асырады. Бұл соқтығысудың алдын алады және қосымша жарақат алу қаупін азайтады.

## Өрде орнынан қозғалуға көмектесетін жүйе

Өрде тежегіш педалін жіберіп, орнынан қозғалған кезде, өрде орнынан қозғалуға көмектесетін жүйе (HHC) тежеу жүйесіндегі қысымды тағы 2 секунд ұстап, автокөліктің артқа сырғып кетуіне жол бермейді.


### ⚠ Ескерту

Егер өрдің тіктігі 30° шамасынан асса, көлік орнынан қозғалған кезде артқа қарай сырғып кетуі мүмкін.

Сондықтан бұл жүйеге толық сенуге болмайды. Қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтаңыз.

## Тұрақтылықты электрондық бақылау жүйесі

Тұрақтылықты электрондық бақылау жүйесі (ESC) сырғу қаупін азайтады және кейбір жағдайларда қозғалыс тұрақтылығын арттырып, кейбір дөңгелектерді тежейді.

Тұрақтылықты электрондық бақылау іске қосылған кезде аспаптар тақтасында ESC  индикаторы жыпылықтайды. Бұл уақытта ерекше сақтық таныту қажет.

### ℹ Пайдалы ақпарат

Қалыпты жағдайда ESC жүйесі әрдайым қосулы болуы керек. Оны мынадай ерекше жағдайларда сөндіруге болады:



- > Сырғытпайтын шынжырлармен жүрген кезде.
- > Борпылдақ топырақта немесе терең қарда жүрген кезде.
- > Автокөлік батып, оны шығарып алу қажет болған кезде.

Осы жағдайлардан басқа кезде ESC жүйесін дереу қосу керек.

## Сөндіру және қосу



90CA00483544

Автокөлікті оталдырғаннан кейін ESC  жүйесін өшіру түймесін басыңыз. Бұл жағдайда аспаптар тақтасында жүйенің өшірілгенін көрсететін ESC  өшіру индикаторы жанады. Қайта басу арқылы ESC қайта қосуға болады.

### ℹ Пайдалы ақпарат

Келесі жағдайларда ESC жүйесі автоматты түрде қосылады:

- > Автокөлік қуаты әркез қосылулы болғанда.
- > Автокөліктің жылдамдығы 135 км/сағ мәнінен асқан кезде.



# Пайдаланылған газдарды бақылау жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Сақтық шаралары

Пайдаланылған газды бақылау жүйелерінің қозғалтқыш үлгісіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Автокөліктің жинақтамасына назар аударыңыз.

Қозғалтқышты және пайдаланылған газдарды бақылау жүйесінің қандай да бір бөлшегін қайта жабдықтауға тыйым салынады.

## Каталиттік бейтараптандырғыш

Каталиттік бейтараптандырғыш — газ шығару жүйесінде орнатылған ең маңызды сыртқы тазарту құрылғысы. Оның ішінде тотықтыру және қалпына келтіру арқылы зиянды иісті газды, көмірсутектер мен азот тотықтарын бейтарап газдарға айналдыруға қабілетті асыл металл каталлизаторы бар.

Егер дұрыс қолданылса, каталиттік түрлендіргіш техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді, сондықтан оны алып тастауға және бөлшектеуге болмайды. Ауыстыру кезінде міндетті түрде қозғалтқыш үлгісіне сәйкес келетін каталиттік бейтараптандырғышты таңдаңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Каталиттік бейтараптандырғышқа зақым келтірмеу үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- > Этилденген бензинді және артық марганец пен күкірт мөлшері бар бензинді пайдаланбаңыз.
- > Отын мөлшері өте төмен болғанда жүруге тыйым салынады. Мұндай жағдайларда қозғалтқыш қиналып істейтін болады (ол тұрақсыз жұмыс істейді немесе толық қуатта жұмыс істемейді), бұл бейтараптандырғыштың зақымдалуына әкеледі.
- > Қозғалтқышты жоғары айналымда (5 минут және одан астам) ұзақ жұмыс істетуге тыйым салынады.
- > Қозғалтқышта ақау белгілері болған кезде (мысалы, бірқалыпты істемегенде немесе қозғалтқыш қуаты төмендегенде) жүрісті тоқтатыңыз.

- > Қозғалтқыштың бір немесе бірнеше оталдыру білтесі болмаған кезде оны іске қосуға тыйым салынады.
- > Автокөлікті итеріп немесе сүйретіп қозғалтқышты оталдыруға тыйым салынады.
- > Мотор майын асыра құюға тыйым салынады.
- > Каталиттік бейтараптандырғышқа соққы тигізбеңіз.

## Пайдаланылған газдарды рециркуляциялау құрылғысы

Пайдаланылған газдарды рециркуляциялау құрылғысы пайдаланылған газдардың бір бөлігін шығару құбырынан қабылдау коллекторына бұруға мүмкіндік береді, онда олар таза ауамен араласып, цилиндрде жағылады. Нәтижесінде пайдаланылған газдардың рециркуляциясы және оксинитридтер көлемінің тиімді төмендеуі қамтамасыз етіледі.

## Айдауыш

Турбокомпрессор отын шығынын азайтады, қозғалтқыштың қуаты мен айналу моментін арттырады, пайдаланылған газдардағы күйе мен оксинитридтер сияқты зиянды заттардың мөлшерін азайтады.

## Отын буын бақылау құрылғысы

Автокөлік жүйелері қалыпты жұмыс істегенде отын буын бақылау құрылғысы отын буын қозғалтқышқа жандыруға жібере алады, бұл олардың атмосфераға шығарылуына жол бермейді.

## Картер газдарын

### рециркуляциялау құрылғысы

Картер газдарын рециркуляциялау құрылғысы картердегі газдарды (жанбаған отын буы, су буы, пайдаланылған газдар) келтеқұбыр арқылы кіріс коллекторға бағыттайды, сөйтіп олар қозғалтқыш цилиндрлерінде жанады. Осылайша пайдаланылған газдардың мөлшері азаяды және қозғалтқыштың үнемділігі артады.

## Жоғары қысымды отын жүйесі

Жоғары қысымды отын жүйесі жоғары қысымды май сорғысынан, отын рампасынан, инжектордан және контроллерден тұрады. Стандартты жүйелермен салыстырғанда, жоғары қысымды отын жүйесі отын бүркүді дәл басқаруды, жұмыс режиміне қарамастан бүрку уақытын автоматты түрде анықтауды және ақаулықтарды өздігінен диагностикалауды қамтамасыз етеді. Отын бүркүді дәл басқару шығарындылар көлемін азайтуға, қозғалтқыштың жұмысын жақсартуға және отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

## Борттық диагностика жүйесі

Қозғалтқыштың ақау индикаторы — борттық диагностика жүйесінің бөлігі.

Борттық диагностика жүйесі орнатылған қозғалтқышты электрондық басқару модулі барлық ақау туралы ақпаратты (бірінші кезекте пайдаланылған газдардың шығарылуына байланысты қателер туралы) жазады. Сымды аккумулятор батареясынан ажыратқанда осы деректер жойылады, сол себепті тез диагноз қою мүмкін болмайды. Сондықтан қозғалтқыштың ақау индикаторының себебін іздеген кезде сымды аккумулятор батареясынан ажыратпаңыз.

Автокөлік отынның ұшып кетуін бақылау жүйесін анықтаған кезде, автокөліктің артық жағындағы көмір сүзгісін өшіру клапаны жұмыс дыбысын шығарады.

## Дизельдік күйе сүзгісі

### Функциялардың сипаттамасы

Дизельдік күйе сүзгісі (DPF) — бұл дизельдік қозғалтқыштың газ шығаратын жүйесіне орнатылған сүзгі, ол күйе бөлшектерін атмосфераға енгенге дейін ұстап қала алады, осылайша атмосфераның ластануын азайтады.

### Автоматты регенерация тәртібі

Автокөліктің қозғалысы кезінде күйе бөлшектерін дизельдік күйе сүзгісімен ұстап қалу процесі белгілі бір көрсеткішке жеткенде, автокөлік оларды толығымен жағу үшін регенерация процесін автоматты түрде бастайды. Бұл дизельдік күйе сүзгісінің күйе ұстап қалу қабілетін қалпына келтіру үшін қажет.

Егер аспаптар тақтасында «Дизельдік күйе сүзгісінің өзін-өзі тазартуы» деген хабар пайда болса, бұл автокөлік жүйесі регенерация процесін автоматты түрде бастағанын білдіреді.

Регенерация тәртібін сәтті орындау үшін ескерту жойылғанша келесі көлік жүргізу бойынша нұсқаулықтарды орындаңыз:

- > Қозғалтқыштың айналу жылдамдығын шамамен 2000 айн/мин сақтап тұрып, жақсы жол жабынымен біркелкі жылдамдықпен жүруге тырысыңыз.
- > Мүмкіндігінше қозғалтқышты бос жүріспен істетіп қоймаңыз.
- > Мүмкіндігінше автокөлікті тоқтатпаңыз және қозғалтқышты өшірмеңіз.

#### **⚠ Ескерту**

Автоматты регенерация тәртібін орындаған кезде жол ережелерін сақтаңыз.

#### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Мотор майын үнемі ауыстырып отырыңыз. Көрсетілген марка майын пайдаланыңыз.
- > Күйе түйіршіктерінің көлемінің ұлғаюына немесе каталиттік бейтараптандырғыштың май проблемаларына байланысты ластануын болдырмау үшін ұлттық стандарттарға сәйкес келетін дизель отынын күйе әрі отын қоспаларын және т.с.с. пайдаланбау маңызды.

#### **i Пайдалы ақпарат**

Регенерациялау процесін жеңілдету үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- > Төмен жылдамдықта және газ педальін қатты басқанда, қозғалтқыштың ұзақ немесе жиі жұмыс істеуін болдырмаңыз.
- > Қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ немесе үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- > Автокөлікті қатарынан бірнеше рет тоқтатпаңыз немесе қозғалтқышты өшірмеңіз.
- > Қысқа қашықтықтарға жиі жол жүрмеуге тырысыңыз.

## Қолмен реттелетін регенерация тәртібі

Кейбір ерекше жағдайларда ескерту, дизельдік күйе сүзгісімен күйені ұстап қалу процесінің параметрлері белгілі бір көрсеткішке жеткеннен кейін автоматты регенерациялау процесінің жеткіліксіздігіне байланысты пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда қозғалтқыштың айналдыру моментінің белгілі бір шектеулері болады.

Егер аспаптар тақтасында «Пайдаланылған газдарды өздігінен тазалауды іске қосыңыз» деген хабарлама пайда болса және қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторы жыпылықтаса, сонымен қатар қозғалтқыштың ақаулық индикаторы жанып тұрса, бұл дизельдік күйе сүзгісі қолмен реттелетін режимде жедел регенерациялауды қажет етеді. Қол режимінде жүргізілетін регенерациялау тәртібі сервис орталығының нұсқауларына сәйкес қатаң түрде орындалуы тиіс:

1. Автокөлікті тұраққа қою үшін тегіс төсемді қауіпсіз аймақты таңдаңыз, берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын N күйіне қойыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз.

2. 15 минут күтіп, май деңгейін тексеріңіз.

Егер май деңгейі рұқсат етілген ең жоғары көрсеткіштен асып кетсе, автокөлікті пайдалануды тоқтатып, дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер май деңгейі қалыпты болса, автокөлікті іске қосыңыз және қозғалтқыштағы судың температурасы 30 °C шамасынан жоғары көтерілуін күтіңіз (су температурасы көрсеткішінің кем дегенде екі бөлімі).

3. Көлікті оталдырып, оны бос жүріспен жұмыс істетіңіз. Кондиционерді қосыңыз және қолмен реттелетін режимде регенерация түймесін ұзақ басып тұрыңыз. Аспаптар тақтасында «Дизельдік күйе сүзгісінің өзін-өзі тазартуы» хабары пайда болған кезде, түймені жіберіңіз, ал дизельдік күйе сүзгісі автоматты түрде қолмен реттелетін режимде регенерациялауды бастайды, қозғалтқыштың айналу жылдамдығы автоматты түрде 2000 айн/мин мәніне дейін көтеріледі.



3950717E2F11



4. Регенерациялау процесі аяқталғанша, 10-20 минут күте тұрыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін аспаптар тақтасында «Өзін-өзі тазарту аяқталды. Күткеніңіз үшін рақмет!» деген хабар пайда болады.

Бұл жағдайда қозғалтқыштың айналымы автоматты түрде бос жүріске дейін төмендейді.

#### **⚠ Ескерту**

- > Регенерациялау тәртібін қолмен орындаған кезде жоғары температура пайда болуы мүмкін, сондықтан автокөлікті шөп, ағаш және т. с. с. жанғыш материалдардың жанына қоймаңыз.
- > Қолмен реттелетін регенерация тәртібін жабық кеңістікте (гаражда және т. с. с.) орындамаңыз.

#### **i Пайдалы ақпарат**


- > Егер регенерациялау тәртібі аяқталғаннан кейін  қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторы сөніп қалса және автокөлік 4-рет іске қосылған кезде  қозғалтқыштың ақау индикаторы сөніп қалса, бұл автокөлікті әдеттегідей пайдалануға болатындығын білдіреді.
- > Регенерациялау процесі жүріп жатқанда, ешқандай операция жасамаңыз. Әйтпесе регенерациялау процесі автоматты түрде тоқтатылуы мүмкін.
- > Егер сізге көлікті дереу пайдалану қажет болса, ілінісу, тежегіш немесе газ педалін басу арқылы процесті тоқтатуға болады, бірақ ескерту жоғалмай, араласуды қажет етуі мүмкін.
- > Егер регенерациялау тәртібі аяқталғаннан кейін ескерту жойылмаса, дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

# Аспаптар тақтасы

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған жабдықтың кейбір түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі мүмкін немесе тек белгілі бір нарықтар үшін қолжетімді болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпарат алу үшін сатқан кезде берілген құжаттарға жүгінуіңіз немесе көлікті сатқан дилерге хабарласуыңыз қажет.

## Шолу



D2B368C231A6

- А Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші
- Б Тахометр
- С Көпфункционалы қойындылар мәзірі
- Д Ақпарат орталығы
- Е Спидометр
- Ф Отын деңгейінің көрсеткіші
- Г Жалпы жүрілген жол
- Н Берілісті ауыстыру қажеттігі туралы хабарлама
- І Жетек жұмысының режимі

## Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының болжамды температурасын көрсетеді.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Егер температура көрсеткішінің көрсеткісі қызыл аймаққа жақындаса, жылдамдықты дереу баяулатып, тексеру үшін жол жиегіне шығып тоқтау керек. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы қалыпқа келгеннен кейін ғана қайта іске қосуға болады.

## Отын деңгейінің көрсеткіші

Отын бағындағы отынның болжамды мөлшерін көрсетеді.

### ℹ Пайдалы ақпарат

Автокөлік еңісте ұзақ жүргенде немесе көп бұрылғанда бак ішіндегі отын қозғалады, сондықтан көрсеткіштер тұрақсыз болуы мүмкін.

## Тахометр

Қозғалтқыштың істеп тұрған айналымдарын көрсетеді.

2

Автокөлікті басқару

## Спидометр




Жүріп келе жатқан қозғалыс жылдамдығын көрсетеді.

## Ақпарат орталығы

Көпфункционалы қойындылар мәзірі көрсетілген деректер арасында ауысуға мүмкіндік береді.



## Көпфункционалы қойынды мәзірі

Ақпарат орталығында көрсетілетін деректер арасында ауысу үшін әртүрлі функционалды қойындыларды таңдаңыз.


Белгілеуі	Мағынасы	Ақпарат орталығы
	Сапар туралы деректер	Жүріп өткен жол, орташа қозғалыс жылдамдығы, отын шығыны, жол жүру уақыты туралы мәліметтер, сондай-ақ сапарға қатысы бар өзге де деректер көрсетіледі.
	Ескертулер	Автокөлікке қатысты ағымдағы ақпараттық хабарламалар көрсетіледі.
	Мәзір баптаулары	Аспаптар тақтасын сәйкесінше реттеуге мүмкіндік беретін мәзір баптаулары туралы ақпарат көрсетіледі.

## Берілісті ауыстыру қажеттігі туралы хабарлама

Егер автокөліктің ағымдағы жылдамдығы таңдалған беріліске сәйкес келмесе, құрылғыда тиісті берілісті таңдау туралы ескерту көрсетіледі.

- >  Жоғары қараған көрсеткі: берілісті арттыру туралы ұсыныс.
- >  Төмен қараған көрсеткі: берілісті төмендету туралы ұсыныс.

## Рульдегі түймелер



2D6F5C7E9B62

- А Ақтару түймесі
- В «Артқа» түймесі
- С ОК түймесі

### Ақтару түймелері

Егер ақпарат орталығында көрсетілетін деректер бірнеше бетті немесе опцияны қамтыса, берілген түймені басу арқылы беттерді ақтаруға немесе опциялар арасында ауысуға болады.

### «Артқа» түймесі

Бұл түймені басу мәзірдегі жоғары деңгейге оралуға мүмкіндік береді.

Осы түймені басу келесі деңгейдегі мәзір болмаса, көпфункционалы қойынды мәзірінің қойындылары арасында ауысуға мүмкіндік береді.

### ОК түймесі

Осы түймені басу арқылы ішкі мәзірге өтіп, ағымдағы баптауларды растауға болады немесе қазіргі уақытта көрсетілген маңызды ескертуді жасыра аласыз.

Осы уақытта көрсетілген барлық ескертуді жасыру үшін осы түймені басып тұрыңыз.

### Сапар туралы деректер интерфейсі

Рульдегі «Артқа» түймесін басып, сапар туралы деректер қойындысына өтіңіз.

Рульде орналасқан ▲ (жоғары қарай ақтару) немесе ▼ (төмен қарай ақтару) түймелерін басу арқылы ақпарат орталығында көрсетілген сапар деректері арасында ауысуға болады.

Сапар туралы деректер мыналарды қамтиды: орташа отын шығыны, автокөліктің орташа жылдамдығы, жалпы жүріп өткен жолы, сапардағы уақыт, жедел отын шығыны, жүріс қоры, шина қысымын бақылау туралы ақпарат және т. с. с.

### Пайдалы ақпарат

- > Жүріс қоры әрбір отын құйғаннан кейін қайта есептеледі. Қалған отынның көлемін ескере отырып, автокөлік жүріп өте алатын нақты қашықтық, сайып келгенде, жүргізу мәнері мен жол жағдайларына байланысты болады.
- > Егер аспаптар тақтасында отынның төмен деңгейінің индикаторы жанса, бұл автокөлік әлі де біршама қашықтықты өте алатынын білдіреді, бірақ отын құю қажет.

### Пайдалы ақпарат

Орташа отын шығыны, автокөліктің орташа жылдамдығы, жалпы жүріп өткен жолы, сапардағы уақыт сияқты деректер А және В деректер интерфейсінде сақталады.

- > А деректер интерфейсінде ағымдағы оталдыру циклімен шектелген сапар туралы деректер көрсетіледі. Олар оталдыру құлпын OFF күйіне ауыстырғаннан кейін 4 сағат өткен соң автоматты түрде қалпына келеді.
- > В деректер экранында сапар туралы мәліметтер соңғы рет қолмен жойылғаннан бері көрсетіледі.
- > Ақпарат орталығы автокөліктің жалпы жүріп өткен жолын, орташа отын шығынын, орташа жылдамдығын немесе сапардағы уақытын көрсеткенде, А деректер интерфейсін мен В деректер интерфейсін арасында ауысу үшін рульдегі ОК түймесін басыңыз.
- > Ақпарат орталығы автокөліктің жалпы жүріп өткен жолын, орташа отын шығынын, орташа жылдамдығын немесе сапардағы уақытын көрсеткенде, барлық А деректер интерфейсін мен В деректер интерфейсін деректерін қолмен қалпына келтіру үшін рульдегі ОК түймесін басып тұрыңыз.

### Мәзір баптауларының интерфейсі

Рульдегі «Артқа» түймесін басып, мәзір баптаулары қойындысына өтіңіз.

Рульде орналасқан ▲ (жоғары қарай ақтару) немесе ▼ (төмен қарай ақтару) түймелерін басу арқылы мәзір баптаулары интерфейсіндегі опциялар арасында ауысуға болады.

## Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту баптаулары

[OK] түймесін басу арқылы жылдамдықты шектен асыру туралы хабарлау функциясын қосуға немесе сөндіруге болады.

Жылдамдықты асыру туралы ескерту функциясы қосылғаннан кейін ▲ (жоғары қарай ақтару) немесе ▼ (төмен қарай ақтару) түймелерін басу арқылы осы ескерту берілетін автокөліктің жылдамдығын орнатуға болады.

Белгіленген жылдамдық мәніне жеткенде немесе одан асып кеткенде, аспаптар тақтасында жылдамдықтың асырылғаны және автокөлікті басқарған кезде абай болу керек екені туралы хабарлама пайда болады.

## Қозғалыс туралы деректердің баптаулары

Қозғалыс деректері мәзірінде көрсетілген кейбір тармақтарды жасыруға немесе ашуға болады. Түймені басу арқылы аралық жүрілген жол, орташа отын шығыны, сапардың ұзақтығы және автокөлік қозғалысының орташа жылдамдығы туралы деректерді нөлдеуге болады.

## Ескертулердің дауыс деңгейін баптау

Аспаптар тақтасында пайда болатын ескертулердің көлемін реттеуге болады.

## Қысымның өлшем бірліктері

Қысымның өлшем бірліктерін таңдауға болады.

## Температураның өлшем бірліктері

Температураның өлшем бірліктерін таңдауға болады.

## Отын шығынының өлшем бірліктері

Отын шығынының өлшем бірліктерін таңдауға болады.

## Тілді баптау

Аспаптар тақтасында ақпарат көрсетілетін тілді таңдауға болады.

## Техникалық қызмет көрсетуге дейін жүрілген жол

Сіз келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүрілген жол туралы ақпаратты көре аласыз. Бұл деректер тек дер кезінде техникалық қызмет көрсету қажеттілігін еске салу үшін қажет.

## Зауыттық баптаулар

Ақпарат орталығы дисплейінде көрсетілген параметрлердің бір бөлігі зауыттық баптауларға қайтарылуы мүмкін.

## Ескертулер интерфейсі

Рульдегі ☞ «Артқа» түймесін басып, ескертулер қойындысына ▲ өтіңіз.

Рульде орналасқан ▲ (жоғары қарай ақтару) немесе ▼ (төмен қарай ақтару) түймелерін басу арқылы барлық маңызды және қосалқы ескертуді ретімен қарауға болады.

Көптеген ескерту үшін аспаптар тақтасында арнайы жарық индикаторы бар. Жарық индикаторлары ескертулерге байланысты жанады.

Ескертулердің басымдығы сапар туралы хабарларға қарағанда жоғары, сондықтан олар аспаптар тақтасында бірінші көрсетіледі.

Ескертулердегі нұсқаулар мен деректерге қатаң сәйкес әрекет етіңіз. Егер белгілі бір нұсқау болмаса, тексеру үшін автокөлікті тоқтатыңыз немесе кеңес алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

### ▲ Назар аударыңыз!

- > Ескерту хабарларындағы ақпаратты елеусіз қалдыруға болмайды. Әйтпесе автокөлік бұзылып, күрделі жөндеуді қажет етуі мүмкін.
- > Егер ескерту индикаторы жанса, жағдайдың қауіпсіздігін алдын ала тексеріп алып, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатыңыз да, сервис орталығына хабарласыңыз.

## Маңызды ескертулер

Бірнеше маңызды ескерту болған кезде, олар кезек-кезек, циклді түрде қайталанады. Ескертудің пайда болу себебі жойылған кезде ол жоғалады. [OK] түймесін басқанда, маңызды ескертулер жасырылады (басып қалу көрсетіліп тұрған хабарламаны, басып тұру барлық хабарламаны жасырады). Сонымен қатар аспаптар тақтасының жоғарғы жағында ескертудің пайда болу себебі жойылмағанын еске салатын ▲ белгішесі пайда болады.

## Қосалқы ескертулер

Қосалқы ескертулер бірнеше секундтан кейін автоматты түрде жоғалады және аспаптар тақтасының дисплейінде ескерту қалпына келтірілмегенін көрсететін □ белгісі пайда болады.

# Аспаптар тақтасындағы индикаторлар

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпарат алу үшін сатқан кезде берілген құжаттарға жүгініңіз немесе көлікті сатқан дилерге хабарласыңыз.

## Аспаптар тақтасындағы индикаторлар

### Пайдалы ақпарат

- > Оталдыру жүйесінің қосқышы ON режиміне ауысқанда, кейбір көрсеткіштер және апаттық индикаторлар біраз уақыт жануы мүмкін. Бұл жүйелер өзін-өзі диагностикалауының және ақаулы емес екенін білдіреді.
- > Автокөліктің жинақтамасына байланысты аспаптар тақтасында орналаспайтын тиісті индикаторлар мен белгілер де жануы мүмкін.



### Маңызды ескертулер индикаторы

Бұл индикатордың жарқырауы қазіргі уақытта маңызды ескерту бар екенін және кем дегенде бір маңызды ескерту қолмен жасырылғанын көрсетеді.

### Ескерту

Ескертулер мен нұсқауларды елемей қоймаңыз. Олай болмаса, бұл автокөліктің зақымдалуына немесе апатқа себепші болуы мүмкін.

### Пайдалы ақпарат

Барлық алынған ескертуді аспаптар тақтасының интерфейсінен көруге болады.



### Қосымша ескертулер индикаторы

Егер бұл индикатор жанса, бұл қазіргі уақытта жүйеде екінші ескерту бар екенін білдіреді.

### Ескерту

Ескертулер мен нұсқауларды елемей қоймаңыз. Олай болмаса, бұл автокөліктің зақымдалуына немесе апатқа себепші болуы мүмкін.

### Пайдалы ақпарат

- > Қосалқы ескертулер ақпарат орталығының дисплейінде бірнеше секунд көрсетілгеннен кейін автоматты түрде жасырылады.
- > Барлық алынған ескертуді аспаптар тақтасының интерфейсінен көруге болады.



### Бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторлары

Сол жақ бұрылыс көрсеткіші жұмыс істеген кезде сол жақ бұрылыс индикаторы жанады.

Оң жақ бұрылыс көрсеткіші жұмыс істеген кезде оң жақ бұрылыс индикаторы жанады.

Апаттық сигнал беру жүйесі қосылған кезде бұрылыс көрсеткіштері мен олардың индикаторлары бірге жанып-сөнеді.

### Пайдалы ақпарат

Егер бұрылыс сигналының шамы тез жыпылықтаса, бұл бұрылыс сигналының дұрыс жұмыс істемейтінін және оның шамын ауыстыру қажеттілігін көрсетеді. Мұны мүмкіндігінше тезірек жасау керек, олай болмаса, басқа жүргізушілер сіз берген сигналды көрмейді.



### Жарықты қосу индикаторы

Қосылып тұрған құрамдасқан жарық қосқышының индикациясы.



### Габарит шамдарының индикаторы

Алдыңғы және артқы габарит жарықтарының және нөмір белгісінің көмескі жарығының қосылу индикациясы.



### Шалғай жарық индикаторы

Шалғай жарық қосылған кезде жанады.



### Тұман фараларының жарық индикаторы

Егер тиісті индикатор жанса, бұл тұман фараларының қосылғанын білдіреді.



**Артқы тұман шамдарының жарық индикаторы**

Егер тиісті индикатор жанса, бұл артқы тұман шамдарының қосылғанын білдіреді.

**Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы**

Жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын көрсетеді.

**Тұрақ тежегішінің индикаторы**

Тұрақ тежегіші қосылған кезде жанады. Индикатордың жыпылықтауы тежегіш дискілердің қызып кеткенін немесе жол төсемінің шамадан тыс еңістігін және автокөліктің сырғу қатерін білдіреді. Бұл жағдайда тежегіш педалін басып, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек теріс жерге қойыңыз.

**Тұрақ тежегіші ақауының индикаторы**

Жанып тұрған индикатор тұрақ тежегіші жүйесінің ақауын білдіреді.

**Автокөлікті бір орында ұстап тұру индикаторы**

Индикатордың сары түсі автокөлікті бір орында ұстап тұру жүйесі дайын режимде екенін көрсетеді.

Жасыл түсті индикатор автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясының қосулы күйін көрсетеді.

**Тежегішті блоктау жүйесі ақауының индикаторы**

Тежегішті блоктау жүйесінің ақауы пайда болған кезде жанады. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгініңіз. Бұл индикатор жанып тұрған кезде тежеу жүйесі тежегішті блоктау функциясынсыз істейді.

**Тежеу жүйесі ақауының индикаторы**

Жанып тұрған индикатор тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін немесе тежеу күшін тарату жүйесінде ақау бар екенін көрсетеді.

Автокөлікті тезірек қауіпсіз жерге тоқтатып, сервис орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе ауыр апат орын алуы мүмкін.

**Тұрақтылықты электрондық бақылау жүйесінің индикаторы**

Жыпылықтайтын индикатор электрондық тұрақтандыру жүйесінің қосулы күйін көрсетеді.

Жанып тұрған индикатор электрондық тұрақтандыру жүйесінде ақаудың бар екенін көрсетеді.

**Тұрақтылықты электрондық бақылау жүйесін өшіру индикаторы**

Жанып тұрған индикатор электрондық тұрақтандыру жүйесінің сөндірілгенін көрсетеді.

**Салқындату сұйықтығының қызып кету индикаторы**

Жанып тұрған индикатор салқындату сұйықтығының қызып кеткенін көрсетеді. Ол жанып тұрса, автокөлікті тоқтатыңыз. Әйтпесе қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.

**Төмен отын деңгейінің индикаторы**

Жанып тұрған индикатор отын деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Егер өрге көтерілген кезде немесе бұрылғанда бак ішіндегі отын қозғалатын болса, онда бұл көрсеткіш те жануы мүмкін.

**⚠ Назар аударыңыз!**

Отынның ең аз мөлшерімен жүруге тыйым салынады. Олай болмаса, отын өнімділігіне байланысты отын жүйесі, зиянды шығарындыларды бақылау жүйесі және қозғалтқыш істен шығуы мүмкін.

**Шина қысымын бақылау жүйесінің индикаторы**

Осы индикатор жанып тұрса, шиналардағы қысым тым төмен немесе температура тым жоғары екенін көрсетеді. Бұл жағдайда тексеру үшін автокөлікті тоқтатыңыз және сервис орталығына хабарласыңыз.

Егер осы индикатор белгілі бір уақыттан кейін жанса, ол бірнеше дыбыс сигналымен бірге сүйемелденсе, бұл шина қысымын бақылау жүйесі ақаулы екенін білдіреді.

**⚠ Ескерту**

Осы индикаторды қосқан кезде, шұғыл бұрылыстар мен төтенше тежеуден аулақ болу керек, мүмкіндігінше тезірек көлікті қауіпсіз жерде тоқтатып, оны тексеріңіз. Автокөлікті шиналардағы қысымы тым төмен болғанда немесе тым жоғары температурада жүргізу шиналардың зақымдану ықтималдығын арттырады және автокөліктің ауыр зақымдалуына немесе апатқа әкелуі мүмкін.

**Аккумулятор батареясы зарядының индикаторы**

Егер оталдырғаннан кейін осы индикатор жанса, бұл аккумулятор батареясының заряды жүйесінде ақау барын білдіреді. Автокөлікті тезірек қауіпсіз жерге тоқтатып, сервис орталығына хабарласыңыз.

**Қозғалтқыш ақауының индикаторы**

Егер оталдырғаннан кейін осы индикатор жанса, бұл қозғалтқышқа пайдаланылған газдар сапасына әсер ететін ақау бар екенін білдіреді. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгініңіз.

**ℹ Пайдалы ақпарат**

Егер отын бағының қақпағы орнына орнатылмаса, индикатор жануы мүмкін.

**Қозғалтқышқа қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторы**

Жанып тұрған индикатор қозғалтқышқа пайдаланылған газды шығару жүйесімен байланысты емес ақаудың бар екенін білдіреді. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгініңіз.

**Май қысымының индикаторы**

Жанып тұрған индикатор мотор майының жетіспейтінін көрсетеді. Бұл жағдайда автокөлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Кері жағдайда, қозғалтқыш бөлшектеріне үлкен зақым келуі мүмкін. Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін бірнеше минуттан соң май деңгейін тексеріп, қажет болған жағдайда оны құйыңыз. Егер май мөлшері жеткілікті болып, индикатор бұрынғыдай жанып тұрса, сервис орталығына хабарласыңыз.

**Қауіпсіздік жастығы ақауының индикаторы**

Жанып тұрған индикатор қауіпсіздік жастықтары жүйесінде ақау барын білдіреді. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгініңіз.

**120 км/сағ жылдамдық туралы ескерту индикаторы**

Бұл индикатордың жануы автокөліктің жылдамдығы 120 км/сағ шамасынан асқанын білдіреді.

**Қозғалтқыштың қызып кетуінің индикаторы**

Дизельдік қозғалтқыштары бар автокөліктерде қолданылады.

Егер суық мезгілде қозғалтқыштың температурасы нормадан төмен түссе, бұл индикатор жанады. Қыздыру білтесі жеткілікті қызған кезде, индикатор сөнеді, бұл қозғалтқыштың оталдыруға дайын екенін көрсетеді. Жылыту ұзақтығы қозғалтқыштың температурасына және салқындату сұйықтығына байланысты.

Егер қозғалыс барысында осы индикатор жыпылықтаса, бұл қозғалтқыштың электрондық басқару жүйесінің ақаулы екенін білдіреді. Дереву сервис орталығына хабарласыңыз.

**Май мен суды ажырату индикаторы**

Дизельдік қозғалтқыштары бар автокөліктерде қолданылады.

Егер май мен су ажыратқыштағы су мөлшері нормадан асып кетсе, бұл индикатор жанады. Бұл жағдайда суды ағызу үшін дереу сервис орталығына хабарласуыңыз қажет.

# 3

## Мультимедиа жүйесі

---

Сақтық шаралары .....	98
Радио .....	99
MP5-плеер .....	103



# Сақтық шаралары

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Қауіпсіздік

- > Жүйенің қызметін пайдаланған кезде, бұл сіздің назарыңызды басқа нәрселерге аудармайтынына және қауіпсіз жүргізуіңізге көдергі келтірмейтініне көз жеткізу керек. Автокөлікті басқару кезіндегі басты нәрсе — қауіпсіздік. Жол қозғалысының барлық ережесін бұлжытпай орындаңыз.
- > Автокөлікті жүргізу кезінде жүргізушіге мультимедиа жүйесін басқаруға тыйым салынады. Дыбыс деңгейін баптағанда, дыбыс алаңдатпайтындай және қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етпейтіндей болуы керек.
- > Жүйені тек заңда рұқсат етілген аймақтарда ғана пайдалануға болады. Кейбір елдер мен өңірлердің нормативтік актілерінде жүргізушінің көз алдында тұрған дисплейді пайдалануға тыйым салынған.
- > Жүйені бөлшектеуге немесе қайта орнатуға тыйым салынады.
- > Жүйеде ақаулар пайда болған жағдайда, оны пайдалануды дереу тоқтатып, сервис орталығына хабарласыңыз. Оны өз бетіңізше жөндеуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

## Пайдалану

- > Автокөлік қозғала бастаған кезде, кейбір функциялар қауіпсіздік мақсатында қолжетімді болмайды.
- > Тақтадағы түймелер мен реттегіштерді күшпен баспаңыз.
- > Дисплейді баспаңыз және оны өткір заттармен сызбаңыз.
- > Дисплейді тазарту үшін абразивті тазартқыш заттарды және органикалық еріткіштері бар жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- > Кескін дірілдеп тұрса, дисплейді ұрмаңыз.

## Радио туралы ақпарат

Автокөлік жүріп келе жатқанда әртүрлі жол, ауа райы шарттары және басқа жағдайлар кедергі келтіруі немесе радиосигналдар қабаттасуы мүмкін, сонымен қатар радиостанцияның бапталуына кедергі келтіруі мүмкін.


## USB-жинақтағыштар

USB-жинақтағыштардың түрлері көп болғандықтан, жүйенің барлық ұқсас құрылғымен үйлесімділігіне кепілдік беру мүмкін емес.

## Bluetooth

- > Әртүрлі функциялары бар мобильді телефондардың маркасы көп болғандықтан, жүйе олардың барлығымен үйлесімді болатындығына кепілдік беру мүмкін емес.
- > Bluetooth құрылғыларын іздеу кезінде мобильді телефон аудиовизуалды жүйені таппаса, телефондағы Bluetooth қызметін қайта іске қосып, құрылғыны қайтадан іздеңіз.
- > Bluetooth қосылысын орнату мүмкін болмаса, телефонмен байланысқан Bluetooth құрылғылары тізіміндегі барлық құрылғыны алып тастап, әрекетті қайталаңыз.
- > Bluetooth қызметін пайдалану кезінде ақаулар пайда болса, оны өшіріп, қайта қосыңыз.

## Басқару тақтасының сипаттамасы



00583010AB49

- |   |   |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>Ⓐ Күту режимінің түймесі</li> <li>Ⓑ 1-таңдаулы радиостанцияны таңдау түймесі / Кездейсоқ ойнату түймесі</li> <li>Ⓒ 2-таңдаулы радиостанцияны таңдау түймесі / Циклдік ойнату түймесі</li> <li>Ⓓ 3-таңдаулы радиостанцияны таңдау түймесі / Кіріс қоңырауды қабылдау түймесі</li> <li>Ⓔ 4-таңдаулы радиостанцияны таңдау түймесі / Кіріс қоңырауды қабылдамау түймесі</li> <li>Ⓕ 5-таңдаулы радиостанцияны таңдау түймесі / Келесі қалтаға өту түймесі</li> <li>Ⓖ 6-таңдаулы радиостанцияны таңдау түймесі / Алдыңғы қалтаға өту түймесі</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>⒣ Баптаулар түймесі</li> <li>Ⓘ Дыбыс деңгейінің бұралатын реттегіші</li> <li>Ⓙ Радио түймесі</li> <li>Ⓚ Дыбыс көзін таңдау түймесі</li> <li>Ⓛ Таңдаулы радиостанцияларды автоматты түрде іздеу түймесі</li> <li>Ⓜ «Алдыңғыға өту» түймесі</li> <li>Ⓝ «Келесіге өту» түймесі</li> <li>Ⓞ Көру түймесі</li> <li>Ⓟ Жиілікті реттеудің бұралатын тұтқасы</li> </ul> |
|---|---|

### Күту режимінің түймесі

Жүйе іске қосылғаннан кейін күту режиміне өту үшін [PWR] түймесін басыңыз. Күту режимінен шығу үшін [PWR] түймесін қайтадан басыңыз.

### 1-6 таңдаулы радиостанциялар

Радио режимінде тиісті таңдаулы радиостанцияны ойнату үшін осы түймені басыңыз. Ойнатылып жатқан радиостанцияны таңдаулыларға қосу үшін тиісті түймеге сақтау мақсатында осы түймені басып тұрыңыз.

### Кездейсоқ ойнату түймесі

USB арқылы ойнату режимінде кездейсоқ ойнату режимін қосу немесе өшіру үшін 1 RDM кездейсоқ ойнату түймесін басыңыз.

## Циклдік ойнату түймесі

USB арқылы ойнату режимінде циклдік ойнату режимін қосу немесе өшіру үшін 2RPT циклдік ойнату түймесін басыңыз.

## Кіріс қоңырауды қабылдау түймесі

Қоңырауға жауап беру үшін 3☎ кіріс қоңырауды қабылдау түймесін басыңыз.

## Кіріс қоңырауды қабылдамау түймесі

Қоңырауды қабылдамау үшін 4☎ кіріс қоңырауды қабылдамау түймесін басыңыз.

Ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін 4☎ қоңырауды қабылдамау түймесін басу керек.

## Келесі қалтаға өту түймесі

USB арқылы ойнату режимінде ойнату мақсатында келесі файлдар қалтасына өту үшін 5D+ келесі қалтаға өту түймесін басыңыз.

## Алдыңғы қалтаға өту түймесі

USB арқылы ойнату режимінде ойнату үшін алдыңғы файлдар қалтасына өту үшін 6D— алдыңғы қалтаға өту түймесін басыңыз.

## Баптаулар түймесі

Баптау параметрлеріне өту үшін [SET] түймесін басыңыз.

## Дыбыс деңгейінің бұралатын реттегіші

Дыбыс деңгейін төмендету үшін дыбыс деңгейін басқаруды [VOL] сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Дыбыс деңгейін жоғарылату үшін [VOL] реттегішін сағат тілі бағытында бұраңыз.

## Радио түймесі

Радио режимінде диапазондарды ауыстыру үшін [BAND] түймесін басыңыз.

## Дыбыс көзін таңдау түймесі

[SRC] түймесін басу арқылы дыбыс көзін ауыстыруға болады.

## Таңдаулы радиостанцияларды автоматты түрде іздеу түймесі

Радио режимінде радиостанцияларды автоматты түрде іздеу және оларды таңдаулыларға қосу мақсатында түймелерде сақтау үшін [AST] түймесін басыңыз.

## «Алдыңғыға өту» түймесі

Радио режимінде алдыңғы диапазондағы радиостанцияларды автоматты түрде іздеу үшін **⏪** «Алдыңғыға өту» түймесін басыңыз.

USB арқылы ойнату режимінде алдыңғы трекке өту үшін **⏪** «Алдыңғыға өту» түймесін басыңыз.

Bluetooth ойнату режимінде алдыңғы композицияға өту үшін **⏪** «Алдыңғыға өту» түймесін басыңыз.

## «Келесіге өту» түймесі

Радио режимінде келесі диапазондағы радиостанцияларды автоматты түрде іздеу үшін **⏩** «Келесіге өту» түймесін басыңыз.

USB арқылы ойнату режимінде келесі трекке өту үшін **⏩** «Келесіге өту» түймесін басыңыз.

Bluetooth ойнату режимінде келесі композицияға өту үшін **⏩** «Келесіге өту» түймесін басыңыз.

## Көру түймесі

Таңдаулы станцияларды ойнату үшін радио режимінде [SCAN] түймесін басыңыз. Ойнатылып жатқан радиостанцияны таңдау үшін [SCAN] түймесін тағы бір рет басыңыз.

## Жиілікті реттеудің бұралатын тұтқасы

Жиілікті қолмен реттеу үшін радио режимінде [TUNE] жиілікті баптау тұтқасын бұраңыз.


3

Мультимедиа жүйесі

## Сыртқы жалғанатын жабдық

### USB порттары

USB порттары аспаптар тақтасындағы кондиционер панелінің астында орналасқан. USB порттарында графикалық белгілер бар.



0FE6F72ADD4A

#### **i** Пайдалы ақпарат

- > Сыртқы жабдықтың кіріс ағытпа арқылы сенімді түрде қосылғанына көз жеткізіңіз.
- > Жүйенің жабдықты тану қатесі мен басқа да қателер орын алмауы үшін ойнату кезінде жабдықты шығарып алуға тыйым салынады.

## Мультимедиа сипаттамалары

Бұл жүйе келесі пішімдерді қолдайды:

Мультимедиа түрі	Спецификация
USB	FAT, FAT32 файлдық жүйесі бар және максималды сыйымдылығы 16 Гб-қа дейінгі USB құрылғылары.

## Файлдардың пішімі

Бұл жүйе келесі пішімдерді қолдайды:

Файлдар	Пішім
Аудио	MP3

#### **i** Пайдалы ақпарат

Файл сипаттамалары, файлдардың пішімі, файлдарды жазу үшін қолданылатын бағдарламалар, ойнату шарттары, жад құрылғылары сияқты және т.б. әртүрлі факторлар файлдың ойнатылуына мүмкіндік бермеуі мүмкін.

## Жүйе баптаулары

Жүйені орнату режимін ауыстыру үшін басқару тақтасында орналасқан [SET] түймесін басыңыз.

Басқару тақтасында орналасқан **⏪** «Алдыңғыға өту» немесе **⏩** «Келесіге өту» түймесін басы арқылы баптау параметрлері арасында ауыстырып қосуға болады. Бұл Bluetooth баптауларына, дисплей жарықтығына, дыбыс режиміне, уақыт баптауларына, әдепкі дыбыс баптауларына және т.б. қатысты.

Ағымдағы параметрлерді орнату үшін басқару тақтасында орналасқан [TUNE] тұтқасын бұраңыз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Егер сіз жүйені орнату режиміне өткеннен кейін біраз уақыт әрекет жасамасаңыз, жүйе автоматты түрде осы режимнен шығады.

## Bluetooth баптаулары

Жүйені орнату режимін ауыстыру үшін басқару тақтасында орналасқан [SET] түймесін басыңыз.

Басқару тақтасында орналасқан **⏪** «Алдыңғыға өту» немесе **⏩** «Келесіге өту» түймесін басы арқылы Bluetooth (BT) параметрлерін таңдауға болады.

Bluetooth құралын ON режиміне ауыстыру үшін басқару тақтасында орналасқан [TUNE] тұтқасын бұрап, осылайша оны осы жүйе үшін іске қосыңыз.


Bluetooth қосылғаннан кейін сіз мобильді телефонның көмегімен осы Bluetooth құрылғысын GreatWall POER атауымен анықтай және кеңестерге сүйене отырып, онымен байланыстыра аласыз.



## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Рульдегі түймелер



2BE1BAF8C7FD

- Ⓐ «Алдыңғыға өту» түймесі
- Ⓑ «Дыбыс деңгейі +» түймесі
- Ⓒ «Келесіге өту» түймесі
- Ⓓ «Дыбыс деңгейі →» түймесі
- Ⓔ Дауыспен басқару түймесі
- Ⓕ Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесі
- Ⓖ Бапталатын функциялары бар түйме

### «Алдыңғыға өту» түймесі

Алдыңғы композицияға/радиостанцияға өту үшін  
 ◀ «Алдыңғыға өту» түймесін түртіңіз.

### «Келесіге өту» түймесі

Келесі композицияға/радиостанцияға өту үшін  
 ▶ «Келесіге өту» түймесін түртіңіз.

### «Дыбыс деңгейі +» түймесі

Дыбыс деңгейін ұлғайту үшін [+] түймесін басыңыз.

### «Дыбыс деңгейі →» түймесі

Дыбыс деңгейін азайту үшін [-] түймесін басыңыз.

## Дауыспен басқару түймесі

Байланыс орнатылғаннан және Apple CarPlay жүйесі немесе Android Auto қолданбасы қосылғаннан кейін, дауыспен басқару функциясын қосу немесе өшіру үшін дауыспен басқару түймесін басыңыз.

## Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесі

Кіріс қоңырау болмаған жағдайда, Bluetooth қоңырау интерфейсіне өту үшін Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесін басыңыз.

Кіріс қоңырау болған жағдайда, қоңырауға жауап беру үшін Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесін басыңыз. Бұл жағдайда осы түймені ұзақ ұстап тұру кіріс қоңырауды қабылдамауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесін басыңыз.

## Бапталатын функциялары бар түйме

Кез келген функцияны орнату үшін \* бапталатын мүмкіндіктері бар түймесін басыңыз. Осы түймені ұзақ басқан кезде, түйме функциясының баптаулары мәзірі көрсетіледі, ол арқылы қажетті функцияны орнатуға болады.

## Мультимедиялық ауыстырып қосқыштар



A6C559D7DDb5

Түймені басу арқылы «Дыбыссыз» режиміне өтуге болады. Қайта басу арқылы дыбысты қайта қосуға болады.

Түймені шамамен 3 секунд басып тұрып, дисплейді сөндіруге болады. Дисплейді қайта қосу үшін түймені шамамен 3 секунд басып тұрыңыз немесе дисплейдің кез келген жерін түртіңіз. Түймені шамамен 15 секунд басып тұрып, жүйені қайта іске қосуға болады.


### ⚠ Назар аударыңыз!

Қайта жүктеу процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оны қауіпсіз жерде тұрған қозғалмайтын келікте орындаңыз. Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын N күйіне қойып, тұрақ тежегішін қосыңыз.

## Сыртқы жалғанатын жабдық

### USB порттары

USB порттарының орналасуы суретте көрсетілген.



993981DE28C2

Белгісі бар порт — бұл мультимедиа файлдарын ойнату, Apple CarPlay және Android Auto-ға қосылу үшін флэш-жинақтағыштарды қосуға жарамды USB1 порты.

Белгісі бар порт — бұл мультимедиа файлдарын ойнату үшін флэш-жинақтағыштарды қосуға жарамды USB2 порты.

### ℹ Пайдалы ақпарат

- > Сыртқы жабдықтың кіріс ағытпа арқылы сенімді түрде қосылғанына көз жеткізіңіз.
- > Жүйенің жабдықты тану қатесі мен басқа да қателер орын алмауы үшін ойнату кезінде жабдықты шығарып алуға тыйым салынады.

## Мультимедиа сипаттамалары

Бұл жүйе келесі пішімдерді қолдайды:

Мультимедиа түрі	Спецификация
USB	FAT32 және NTFS файл жүйесі бар USB құрылғылары
Bluetooth	Bluetooth A2DP дыбыс жабдығы, Bluetooth 4.0+EDR және AVRCP 1.0-1.3 нұсқасы

## Файлдардың пішімі

Бұл жүйе келесі пішімдерді қолдайды:

Файлдар	Пішім
Аудио	MP3, WMA, WAV
Бейне	MP4, MOV, MKV, AVI, 3GP

### ℹ Пайдалы ақпарат

Файлдардың қасиеттеріне (сапа, битрейт, кадр жиілігі, ажыратымдылық, қысу сапасы, зақымданудың болуы), ойнату талаптарына, сақтау құрылғыларына және басқа факторларға байланысты файлдар олардың пішімін жүйе қолдайтынына қарамастан ойнатылмауы мүмкін.

## Орталық дисплейдің күй жолағы

Орталық дисплейдің жоғарғы жағында әртүрлі функциялардың күйін білдіретін күй жолағының белгішелері көрсетіледі. Күй жолағының белгішелері функцияның сипаттамаларына, сигнал деңгейіне, қосылыс күйіне, коммутатордың орналасуына және т.б. байланысты нақты уақыт режимінде өзгереді.

Белгіше	Функция мәртебесі
	Уақытты көрсету
	«Дыбыссыз» режимі қосулы
	«Дыбыссыз» режимі өшірулі
	Bluetooth-қосылыс жоқ
	Bluetooth-қосылыс орнатылды
	USB-қосылыс орнатылды


## Орталық дисплеймен жұмыс

Орталық дисплейде түрту, жылжыту және сүйреу арқылы объектіні таңдау, тізімді айналдыру немесе қолданбаларды жылжыту сияқты әртүрлі әрекеттерді орындауға болады.

Қол қимылы	Әрекет	Нәтиже
	Түрту	Таңдау немесе ашу
	Түрту және сүйреу	Беттерді айналдыру немесе ауыстырып қосу
	Ұстап тұру және сүйреу	Мобильді функционал
	Түрту және екі саусақпен ашу	Масштабты үлкейту
	Түрту және екі саусақпен жылжыту	Масштабты кішірейту

## Бас мәзір интерфейсі

🏠 «Басты бет» түймесін түртіп, басты бетке өтіңіз.



DA655694BFCD

3

Мультимедиа жүйесі

### Қозғалмайтын бүйірлік тақта

Көптеген интерфейсте көрсетілетін қозғалмайтын бүйірлік тақта жұмыста қарапайым және ыңғайлы.

🏠 «Басты бет» түймесін түртіп, басты бетке өтіңіз.


🚗 «Автокөлік баптаулары» түймесін түртіп, автокөлік баптаулары интерфейсіне өтуге болады.


Кондиционер баптауларының интерфейсіне өтіп, кондиционер мен орындықтардың жұмыс параметрлерін орнату үшін 🌀 «Кондиционер» түймесін түртіңіз.

📞 Мобильді телефонды қосу түймесін түртіңіз. Егер сіз Apple CarPlay немесе Android Auto жүйесіне қосылған болсаңыз, бұл түйме сізге Apple CarPlay немесе Android Auto интерфейсіне өтуге мүмкіндік береді.

## Мобильді телефонды қосу

USB деректер кабелін пайдаланып, мобильді телефонды автокөліктегі USB1 портына қосыңыз (бақылау тақтасының орталық бөлігінде орналасқан және тиісті белгішемен көрсетілген).

Apple CarPlay интерфейсіне өту үшін басты беттегі  Apple CarPlay түймесін түртіңіз.

Android Auto интерфейсіне өту үшін басты беттегі  Android Auto түймесін түртіңіз.

Мобильді телефонды қосу режимінен шығу үшін деректер кабелін ажыратыңыз.

### Пайдалы ақпарат

> Apple CarPlay Apple мобильді телефондары үшін қолжетімді және оны қолданар алдында телефонға Apple CarPlay қосымшасын орнатуды қажет етеді.

Android Auto Android ОЖ бар мобильді телефондар үшін қолжетімді және оны қолданар алдында телефонға Android Auto қосымшасын орнатуды қажет етеді.

> Мобильді телефондарда орнатылған операциялық жүйелердің және олардың нұсқаларының үйлесімділік сипаттамалары әртүрлі болғандықтан, жүйесі орнатылған кейбір телефондар бұл функцияны қолдамауы мүмкін.

> Мобильді телефонды қосқаннан кейін Bluetooth арқылы қоңырау шалу мүмкіндігі қолжетімді болмайды. Осы мақсаттар үшін Apple CarPlay немесе Android Auto пайдалануға болады.

## Тез реттеу тақтасы

Көптеген интерфейс те экранды жоғарыдан төменге қарай сырғыту арқылы тез реттеу тақтасын ашуға болады.

> Навигация мақсатында Apple CarPlay немесе Android Auto қосылған жағдайда:

[Nav] Навигация жүйесінің дыбыс деңгейінің көрсеткіші: навигация жүйесінің дыбыс деңгейін реттеуге мүмкіндік береді.

ⓧ «Дыбыссыз» түймесін түрту арқылы дыбыссыз навигация функциясын қосуға немесе өшіруге болады.


> [Media] Медиа дыбыс деңгейінің индикаторы: медиа файлдардың ойнату көлемін реттеуге мүмкіндік береді.

ⓧ «Дыбыссыз» түймесін түрту арқылы медиафайлдармен дыбыссыз жұмыс функциясын қосуға немесе өшіруге болады.


> [Brightness] Жарықтық индикаторы: дисплейдің жарықтығын реттеуге мүмкіндік береді.

☼ «Автожарықтық» түймесін түрту арқылы жарық деңгейін автоматты түрде баптау функциясын қосуға немесе өшіруге болады.

> Жүйенің Bluetooth құрылғысын қосу немесе өшіру үшін Bluetooth түймесін түртіңіз. Бұл түймені басып тұру Bluetooth баптаулары интерфейсіне өтуге мүмкіндік береді. ✖

> Дисплейді өшіру үшін  дисплейді өшіру түймесін түртіңіз. Егер дисплейді қайта қосу қажет болса, оның кез келген жерінен түртіңіз.

## Жергілікті мультимедиа

Мультимедиа интерфейсіне өту үшін басты беттегі  Жергілікті мультимедиа түймесін түртіңіз. Сіз Bluetooth арқылы радиостанцияларды тыңдай аласыз, музыка ойната аласыз, USB арқылы музыка мен бейнелерді ойната аласыз.

## Жергілікті радиостанциялар

Жергілікті радиостанция интерфейсіне өту үшін жоғарғы жағында орналасқан [Жергілікті радиостанциялар] түймесін түртіңіз.

Тыңдау үшін [DAB], [FM] немесе [AM] таңдауыңызға болады.

## Bluetooth арқылы музыка ойнату

Bluetooth арқылы музыка тыңдау интерфейсіне өту үшін жоғарғы жағында орналасқан [Bluetooth арқылы музыка тыңдау] түймесін түртіңіз.

Егер Bluetooth қосылмаған болса, Bluetooth функциясын қосу және байланыстыру үшін [Жүйе баптаулары] → [Bluetooth] интерфейсіне өтіңіз. Егер музыка Bluetooth арқылы автоматты түрде ойнатылмаса, ойнатпас бұрын мобильді телефоннан аудио ойнатқышты ашыңыз.

### Пайдалы ақпарат

> Bluetooth құрылғылары қолдайтын Bluetooth аудиопротоколдары нұсқаларында айырмашылық болғандықтан, қолжетімді аудио ойнату функциялары да әртүрлі болуы мүмкін.

> Bluetooth арқылы аудио ойнату кезінде мобильді телефонға кіріктірілген ойнатқышты пайдаланыңыз. Аудиомазмұны жүктелген ойнатқышты пайдалану кезінде ақаулар болуы мүмкін.

## Аудиофайлды USB арқылы ойнату

USB арқылы музыка тыңдау интерфейсіне өту үшін жоғарғы жағында орналасқан [USB Музыка] түймесін түртіңіз. Музыканы USB арқылы тыңдау үшін медиа файлдары бар USB құрылғысын автокөліктің USB портына қосыңыз.

## Бейнефайлды USB арқылы ойнату

USB арқылы бейне көру интерфейсіне өту үшін жоғарғы жағында орналасқан [USB Бейне] түймесін түртіңіз. Бейнені USB арқылы көру үшін медиа файлдары бар USB құрылғысын USB автокөлік портына қосыңыз.

### Пайдалы ақпарат

Қозғалыс кезінде бейнені көргенде, автокөлік белгіленген жылдамдықтан асып кетсе, ескерту пайда болады. [Жүйе баптаулары] → [Дисплей] → [Қозғалыс кезіндегі бейне] арқылы автокөлік құралының жылдамдығын орнатуға немесе бұл функцияны өшіруге болады.

## Байланыс

Bluetooth арқылы қоңырау шалу интерфейсіне өту үшін басты беттегі Телефон түймесін түртіңіз. Егер Bluetooth қосылмаған болса, Bluetooth функциясын қосу және байланыстыру үшін [Жүйе баптаулары] → [Bluetooth] интерфейсіне өтіңіз.

- > Қажетті абонентке қоңырау шалу үшін телефон нөмірін енгізгеннен кейін «Теру» түймесін түртіңіз.
- > Синхрондалғаннан кейін контактілер тізімін көрсету үшін [Мекенжайлар тізімі] түймесін түртіңіз. Қоңырауды орындау үшін тізімдегі контактіні немесе телефон нөмірін түртіңіз.
- > Синхрондалғаннан кейін қоңырау шалу тарихын көрсету үшін [Қоңырау шалу тарихы] түймесін түртіңіз. Телефон нөмірін теру үшін журналдағы кез келген жазбаны түртіңіз.
- > Синхрондалғаннан кейін хабарламалар интерфейсін көрсету үшін [SMS] түймесін түртіңіз. Қосылған құрылғыдағы SMS-хабарламаларды көре аласыз.

### Пайдалы ақпарат


- > Контактілермен, қоңыраулар журналымен және ақпараттық функциялармен жұмыс істеу үшін байланыстырылған мобильді телефонға авторизациядан өтіп, содан кейін синхрондау қажет.
- > Кейбір мобильді телефондар құрылғыларды авторизациялауға байланысты шектеулер кесірінен хабарламаларды қарау мүмкіндігін қолдамайды.
- > [Жүйе баптаулары] → [Bluetooth] → [Ағымдағы қосылым] интерфейсінде байланыстырылған Bluetooth құрылғысы жойылған кезде борттық компьютерде сақталған контактілер мен қоңыраулар журналы да жойылады.

## Қоңырау шалу кезінде

Қосылыс орнатылғаннан кейін қоңырау шалу интерфейсіне өтіңіз.

- > Қоңырауды аяқтау үшін кіріс қоңырауды қабылдамау түймесін басыңыз.
  - > Кіріктірілген микрофонды сөндіру немесе қосу үшін микрофон түймесін түртіңіз.
  - > «Телефон/Дауыс зорайтқыш» түймесін пайдаланып «Телефон» және «Дауыс зорайтқыш» режимдері арасында ауысуға болады.
- «Телефон» режимі: сөйлесу жүйеге Bluetooth арқылы қосылған мобильді телефонның көмегімен орындалады.
- Қатты дыбыс режимі: қоңырау шалу автокөлік динамикатері мен микрофон арқылы жүзеге асырылады.
- > түймесі арқылы теру үшін пернетақтаны шығаруға немесе жасыруға болады.

## Жүйе баптаулары

Жүйе баптаулары интерфейсіне өту үшін басты беттегі  Жүйе баптаулары түймесін түртіңіз.

### Bluetooth

- > [Bluetooth]: Bluetooth функциясын қосу немесе өшіру үшін ауыстырып қосқышты түртіңіз.
- > [Bluetooth-ты табу]: бұл функцияны іске қосқаннан кейін басқа құрылғылар осы жүйенің Bluetooth функциясын көріп, байланыстыруды орындай алады.
- > [Құрылғының атауы]: осы жүйе аясында Bluetooth құрылғысының атауын көрсету. Осы жүйенің Bluetooth функциясын қосқаннан кейін, сіз басқа құрылғылардың көмегімен осы Bluetooth құрылғысының атын тауып, онымен байланыстыруды орындай аласыз.
- > [Ағымдағы байланыс]: құрылғыны өшіруге немесе жоюға болатын ағымдағы байланыстырылған Bluetooth құрылғысын көрсету.
- > [Қосылу тарихы]: Bluetooth құрылғыларының қосылу тарихын көрсету, бұл ретте құрылғыларды қосуға немесе жоюға болады.
- > [Қосылған құрылғы]: қосылуға болатын (C) Bluetooth құрылғыларының тізімін көрсету. Байланыстыру сауалын бастау үшін тізімдегі құрылғы атауын түртіңіз. Bluetooth құрылғыларын қайта іздеу үшін [Жаңарту] түймесін түртіңіз.

### Дыбыс

- > [Дауыс баптаулары]: сіз Навигатордың дыбыс деңгейі, Дауыстың дыбыс деңгейі, Мультимедиа дыбыс деңгейі, Қоңырау шалудың дыбыс деңгейі, Автокөліктің дыбыстық сигналы, Жоғары жылдамдықтағы дыбыс деңгейіне өту сияқты параметрлерді реттей аласыз.
- > [Дыбыстық әсерді баптау]: сіз DTS әсері, Дыбыс өрісі, Эквалайзер сияқты параметрлерді реттей аласыз.

### Дисплей

- > [Жарық деңгейі режимі]: сіз Автоматты режимді (жарықтық жалпы жарықтандыру қосқышының орналасуына байланысты өзгереді) немесе Қолмен реттеу режимін таңдай аласыз.
- > [Орталық консоль дисплейінің жарықтығы]: мультимедиа дисплейінің жарықтығын реттеу үшін қолданылады.

- > [Уақытты синхрондау]: Автоматты режимді (күн мен уақытты автоматты түрде синхрондау) немесе Қолмен реттеу режимін (күн мен уақытты қолмен орнату) таңдауға болады.
- > [Уақыт пішімі]: жүйе уақытын көрсету пішімін таңдауға болады.

### Жеке баптаулар

Мүмкіндіктерді таңдау роліндегі \* теңшелетін функциялары бар түймесі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

### Жүйе

- > [Нұсқа туралы ақпарат]: берілген құрылғының атауын, бағдарламалық құрал нұсқасын және т.б. қараңыз.
- > [Жүйе баптауларын қалпына келтіру]: барлық жүйе баптауын қалпына келтіреді.





# 4

## Қауіпсіздік

---

Қауіпсіздік белбеулері .....	112
Қауіпсіздік жастықтары .....	115
Бала бекіту жүйесі .....	119
Автокөлікті айдап әкетуден сақтау жүйесі .....	123
Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі .....	124
Оқиғалар туралы деректерді тіркегіш .....	125



# Қауіпсіздік белбеулері

## Автокөліктің жабдықтауы

Бұл нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Сақтық шаралары

- > Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы мойынның үстімен немесе қолтықтың астымен өтпеуі керек.
- > Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы дененің төменгі бөлігіне барынша нық жатуы тиіс.
- > Бір белбеуді тек бір адамға ғана қолдануға болады. Бір белбеуді бірнеше адамға (соның ішінде балаларға) бірге тағуға тыйым салынады.  
Егер бір белбеу екі немесе одан көп адамға тағылған болса, автокөлік соқтығысқан жағдайда белбеу соққы күшін бөле алмауымен қатар адамдардың бір-біріне соқтығысу қаупін де тудырады.
- > Қауіпсіздік белбеулерін шиыршықтауға немесе бастау етіп тағуға тыйым салынады.
- > Қауіпсіздік белбеуін бұрышы үшкір заттарға айналдыра бекітуге болмайды. Олай болмаса, соқтығысу орын алған кезде белбеу үзіліп кетуі мүмкін.
- > ЖКО кезінде қатты соққының әсеріне ұшыраған, сондай-ақ зақымдалған қауіпсіздік белбеуін пайдалануға тыйым салынады.
- > Қауіпсіздік белбеулерінің механизмдерін шешіп алуға, бөлшектеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.
- > Құлпының ішінде бөгде заттар болған жағдайда қауіпсіздік белбеуін пайдалануға тыйым салынады.
- > Пайдалану барысында кедергісіз суырылуы мен тартылуын қамтамасыз ету үшін белбеуді таза ұстау ұсынылады, оған кірдің, майдың, судың, құрамында май және ылғал бар заттардың, сусындардың, тамақтың және басқа заттардың түсуіне жол берілмейді.
- > Белбеулерді бензолдың, бензиннің және өзге де органикалық заттардың көмегімен тазалауға, сондай-ақ оларды ағартуға немесе бояуға тыйым салынады.

- > Балаларға қауіпсіздік белбеулерімен ойнауға тыйым салынады.

Егер бала белбеумен ойнаған кезде абайсызда оны мойнына орап алатын болса, ол ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақаттарға ұшыратуы мүмкін. Егер қауіпсіздік белбеуінің қапсырмасы құлыптан шығарылмаса, белбеуді қайшымен кесуге болады.

- > Автокөліктің қауіпсіздік белбеулері ересектерге есептеліп жобаланған. Балалар үшін сәйкес келетін бала бекіту жүйелерін пайдаланған жөн.

Егер дұрыс тағылған жағдайда қауіпсіздік белбеуі баланың мойнына немесе иегіне жанасатын және денесінің төменгі бөлігін ұстамайтын болса, сәйкес келетін бала орындығын пайдаланған жөн.

Егер бала қауіпсіздік белбеуін тағып отыра алатындай ересек болса, белбеудің дұрыс тағылғанын қадағалау қажет.

- > Жүкті әйелдерге арналған ерекше нұсқаулар.

Қауіпсіздік белбеуін пайдаланғаныңыз жөн. Нақтырақ ұсыным алу үшін дәрігермен кеңесіңіз. Жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуін әдеттегідей тағады, алайда олар келесі жағдайларға назар аударуы қажет:

- 1) Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы іштің астынан барынша төмен өтіп тұруы тиіс.
- 2) Белбеудің иық тармағы иықтың үстімен өтуі және іштің емес, кеуденің үстінде орналасуы тиіс.

Егер белбеу дұрыс тағылмаса, шұғып тежеу немесе соқтығысу жағдайында ол ішті қысып қалуы, соның нәтижесінде ананың да, жатырдағы баланың да ауыр жарақат алуына немесе тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

- > Өртүрлі аурулары және мүгедектігі бар жолаушылар да қауіпсіздік белбеуін пайдалануы керек. Нақтырақ ұсыным алу үшін дәрігермен кеңесіңіз.

- > Қауіпсіздік белбеулері пайдаланылмаса, олар толығымен ішке тартылуы керек. Олардың бұралуына, қысылуына және кез келген өткір затпен жанасуына жол бермеңіз. Қауіпсіздік белбеуі құлпының корпусын бөгде заттар жауып тұрмауы керек, өйткені бұл құлыптағы белбеу қапсырмасының дұрыс бекітілуіне әкелуі мүмкін.

## Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу

- > Орындық арқалығын реттеңіз, кеуденіңізді тіктеңіз, орындық арқалығына сүйеніңіз.
- > Белбеу таспасы тегіс жатуы тиіс.
- > Иық жақ белбеуі иықтың ортасына жанасып тұруы керек. Ол мойынның үстімен өтіп тұрмауы немесе иықтан сырғып түспеуі тиіс.
- > Белбеудің бел тармағы мүмкіндігінше дененің төменгі бөлігіне қонып тұруы тиіс.

### ▲ Ескерту

- > Автокөліктегі барлық адам қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағып отыруы тиіс. Жолаушы орындыққа дұрыс бекітілмеген жағдайда шұғыл тежеу немесе соқтығысу салдары ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақаттар алуға әкелуі мүмкін.
- > Автокөліктегі барлық адам, тіпті қысқа сапарлар кезінде де, әрқашан қауіпсіздік белбеуін тағуы керек. Олай болмаса, соқтығысу орын алған кезде өлімге әкелетін жарақат алу қаупі артады.

## Алдыңғы орындықтардың алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеулері

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтары алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған.

Соқтығысқан жағдайда алдын ала тартқыштар қауіпсіздік белбеулерін тартып қалып, автокөліктегі адамдардың ең жақсы қорғалуын қамтамасыз етеді.

Күш шектегіші белбеулерге жүктемені берілген мән шегінде ұстайды және кеудеге қысымды азайтады.

## Іске қосылу шарттары

Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеулері қатты алдыңғы соқтығыс орын алған кезде іске қосылады.

Төмендегідей мардымсыз соққылар кезінде ол іске қосылмауы мүмкін.

- > 25 км/сағ шамасынан кем жылдамдықпен бетон қабырғаға бетпе-бет соқтығысу және осыған ұқсас соққылар.
- > ЭТЖ бағанына, ағашқа немесе өзге шағын нысанға 35 км/сағ шамасынан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу.

Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеулері келесі қатты соқтығыстар орын алған кезде, толық көлемде іске қосылмауы мүмкін.

- > Автокөліктің 90°-қа немесе 180°-қа аударылуы.
- > Бүйірден немесе арттан тиген соққы.


### ▲ Ескерту

- > Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде оны дұрыс тағыңыз, сондай-ақ орындықты автокөлікті басқаруға барынша ыңғайлы күйге келтіріңіз. Әйтпесе құрылғы өз функцияларын жеткілікті дәрежеде тиімді орындай алмайды, бұл ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- > Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуін орнату, шешіп алу немесе бөлшектеу қажет болса, міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз. Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі дұрыс қолданылмаса, ол дұрыс іске қосылмайды, нәтижесінде ЖКО орын алған жағдайда, бұл ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- > Алдын ала тартқышты қайта қолдануға болмайды. Соқтығысу кезінде бір рет іске қосылғаннан кейін ол өз функциясын қайтадан атқара алмайды. Оны ауыстыру үшін міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз.
- > Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуінің іске қосылуымен бірге жарылыс дыбысы естіледі және ақ түсті түтін пайда болады. Бұдан өрт шықпайды және бұл жолаушылар үшін қауіпсіз.
- > Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі жарамсыз болып қалса, міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз. Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуінің өздігінен іске қосылуынан жарақат келуі мүмкін.

## Үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін пайдалану

1. Қауіпсіздік белбеуін қапсырмасынан ұстап, шарғысынан тартып шығарыңыз. Белбеудің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуі шарғыдан тартып шығарылмаса, оны күшпен тартып, жібере салу қажет, осы кезде ол қайтадан оралады. Осылайша қауіпсіздік белбеуін тартып, орау құрылғысынан кедергісіз тартып шығаруға болады.

2. Қауіпсіздік белбеуінің қапсырмасын құлыпқа сырт еткенше сырғытыңыз.



51BEF537BE08

3. Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын жоғары қарай тартып, бел тармағын денені сенімді ұстап тұратындай етіп реттеңіз. Соқтығысқан жағдайда соққы күші жамбас сүйектеріне тиеді, бұл жарақат алу ықтималдығын азайтады.
4. Иық тармағын көкірекке тиіп тұратындай және иықтың ортаңғы бөлігінен өтетіндей етіп реттеңіз. Бұл соққы күшін дененің жоғарғы бөлігінің мықты сүйектеріне бөлуге мүмкіндік береді.
5. Қауіпсіздік белбеуін шешу үшін құлып түймесін басыңыз. Құлыптан ағытқаннан кейін белбеу тартылып оралғанша оның қапсырмасын ұстап тұрыңыз. Оның жолаушыларға немесе жақын тұрған заттарға тиіп кетпеуі шарт.

4

Қауіпсіздік

## Артқы ортаңғы орындыққа арналған үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін қолдану тәсілі

Артқы бүйірлік орындықтардың қауіпсіздік белбеулерін пайдалану тәртібі алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерін пайдалану тәртібіне ұқсас. Төменде артқы ортаңғы орындыққа арналған үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін қолдану тәсілі ұсынылады.

1. Қауіпсіздік белбеуін қапсырмадан ұстап, оны артқы орындықтың арқалығынан тартып шығарыңыз. Белбеудің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз.
2. Қауіпсіздік белбеуінің төменгі қапсырмасын құлыпқа сырт еткенше сырғытыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

## Қауіпсіздік жастықтары

### Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

### Сақтық шаралары

> Қауіпсіздік жастығын қайта пайдалануға болмайды.

Соқтығысу кезінде бір рет жайылғаннан кейін ол өз функциясын қайтадан атқара алмайды. Оны ауыстыру үшін міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз.

> Қауіпсіздік жастығы — бұл қауіпсіздік белбеуімен бірге жұмыс істеп, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған көмекші құрылғы. Қауіпсіздік жастықтары тиімді жұмыс істеуі үшін жүргізуші мен жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін дұрыс таққан болуы және орындықтарда дұрыс отыру қалпын сақтауы тиіс.

> Дұрыс қолданған жағдайда қауіпсіздік жастықтары тиімді жұмыс істейді, алайда оларды дұрыс қолданбау салдарынан жастықтар өз қызметін дұрыс атқармайтынымен қатар, олар мерткітіруі де мүмкін.

> Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғанда жарылыс дыбысы естіледі және ақ түсті түтін пайда болады. Бұл өрт тудырмайды. Бөлінген түтінмен тыныстаған кезде демікпесі және кеңірдегінің аурулары бар жүргізушіде және жолаушыларда тыныс алуына байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда олар автокөліктен дереу шығуы қажет. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөліктің терезесін немесе есігін ашып, таза ауа кіргізу қажет.


> Егер қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін қалған заттар (газ және т.б.) көзге немесе теріге тиген болса, мүмкіндігінше тездетіп сумен жуу қажет. Өйтпесе аллергиялық реакция пайда болуы мүмкін.

> Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастығының элементтерін ұстамаңыз. Кейбір элементтері қатты қызып кететіндіктен, бұл күйікке және басқа да ауыр жарақаттарға әкеп соғуы мүмкін.

- > Қауіпсіздік жастықтарын белгіленгеннен басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.
- > Егер сізге автокөлікке радиоаппаратура орнату қажет болса, өкілетті дилерге хабарласыңыз. Радиоаппаратурадан таралатын электромагнитті толқындар қауіпсіздік жастықтарының басқару блогына елеулі әсер етеді.
- > Қауіпсіздік жастықтарын және олардың айналасындағы аймақты соққылауға немесе қатты басуға тыйым салынады.

Мұның салдарынан қауіпсіздік жастықтары ЖКО болған кезде дұрыс іске қосылмай қалуы және ЖКО болмаған күнде де өздігінен іске қосылып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайлардың салдары ауыр жарақат алуға немесе тіпті адамның өліп кетуіне алып келуі мүмкін.

### Қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жері



8E458266421B

- A Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары келесілерге бөлінеді:  
Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы  
Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы
- B Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары
- C Қауіпсіздік қалқалары

### Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

#### Жалпы мәлімет

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары рульде және алдыңғы жолаушы орындығының алдындағы аспаптар тақтасының ішінде орналасқан. Рульде және аспаптар тақтасында тиісті белгілер бар. Құшті бетпе-бет соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуі тартылады да, сонымен бір мезгілде жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары іске қосылады, бұл жүргізушінің және жолаушының басына және көкірегіне түсетін соққы күшін таратады және жұмсартыды.

## Жұмыс істеу принципі

Бетпе-бет соқтығысқан кезде орташа және ауыр соққы тигенде датчик автокөлік жылдамдығының кенеттен төмендеуін тіркейді, ал басқару блогы қауіпсіздік жастықтарын дереу іске қосады.

## Айрықша нұсқаулар

> Қауіпсіздік жастықтары автокөліктің түбіне төмендегідей күшті соққылар тиген жағдайда іске қосылуы мүмкін.

- 1) Жиектасқа соғылу
- 2) Автокөліктің жолдың ойықтарынан немесе терең жырадан өтуі кезінде көрсетілген кедергілерге түсіп кетуі.
- 3) Кедергіден өткеннен кейін жолдың бетіне соғылу.

> Автокөлік 90° және 180° төңкерілген кезде, қауіпсіздік жастықтары толық көлемде ашылмауы мүмкін.

> Қауіпсіздік жастықтары төмендегідей күшті соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін:

- 1) 25 км/сағ шамасынан кем жылдамдықпен бетон қабырғаға бетпе-бет соқтығысу және осыған ұқсас соққылар.
- 2) ЭТЖ бағанына, ағашқа немесе өзге шағын нысанға 35 км/сағ шамасынан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу.

> Егер соқтығысу орын алған нысан деформацияланатын немесе орнынан жылжитын болса, соққы күші азаяды. Мұндай жағдайда қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін.

Жүк автокөлігінің артқы бөлігіне соғылған жағдайда автокөлігіңіз оның шанағының астына кіреді, датчик шағын соққы күшін анықтамауы ықтимал, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін.

> Соққы бұрышы және бағыты секілді факторлар, тіпті соқтығысу жоғары жылдамдықпен орын алған жағдайда да, қауіпсіздік жастықтарының іске қосылмау себебі болуы мүмкін.

> Рульге немесе аспаптар тақтасының төменгі бөлігіне тым жақын отыруға тыйым салынады:

- 1) Қалыпты жағдайларда жүргізуші рульде дұрыс отыру қалпын сақтап, мүмкіндігінше одан алысырақ отыруы тиіс.
- 2) Алдыңғы орындықтар аспаптар тақтасынан мүмкіндігінше алысырақ орналасуы тиіс.
- 3) Автокөліктің жүргізушісі мен жолаушылары белбеулерді дұрыс тағып отыруы тиіс.

> Автокөліктің қозғалысы кезінде орындықтың шетінде отыруға немесе аспаптар тақтасына сүйенуге тыйым салынады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы жоғары жылдамдықпен және соққы күшімен ашылады. Егер ол жолаушыға немесе жүргізушіге жақын жерде ашылса, бұл ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақаттарға әкелуі мүмкін.

> Балаларды қауіпсіздік жастықтарына қарама-қарсы отырғызып тасымалдауға тыйым салынады.

Алдыңғы фронталды қауіпсіздік жастықтарын іске қосу баланың ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақат алуына әкелуі мүмкін. Барлық бала артқы орындықтарда отыруы және белбеулерді дұрыс тағыуы тиіс.

> Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жарақат алудан сақтану үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

- 1) Аспаптар тақтасына қандай да бір затты (қолшатырлар және т.с.с.) орналастыруға немесе оларды аспаптар тақтасына сүйенуге тыйым салынады.
- 2) Ұсақ-түйек тартпасына салынған заттар одан шығып тұрмауы тиіс.
- 3) Терезелерге және ішкі артқы көрініс айналарына қандай да бір сәндік зат ілуге тыйым салынады.
- 4) Рульдегі дыбыс сигналының түймесіне қандай да бір сәндік зат бекітуге тыйым салынады.
- 5) Қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының арасына жүк, үй жануарларын және қандай да бір зат орналастыруға тыйым салынады.

> Автокөлік салонын сумен және жуғыш құралдармен жууға тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастығы газгенератордың арқасында іске қосылады. Ылғалдану жастықтың жұмысына әсер етуі және ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

> Қауіпсіздік жастығының қақпағына пломбалау балауызын жағуға, жабысқақ таспа және т.с.с. жабыстыруға тыйым салынады.

Бұл жастықтың іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін.

> Қауіпсіздік жастығы қақпағының зақымдалуына жол бермеңіз.

Егер зақымдалатын болса, қауіпсіздік жастығы дұрыс ашыла алмайды. Сондықтан ешбір жағдайда өз бетіңізше қауіпсіздік жастығының қақпағын ашуға немесе оның зақымдалуына жол беруге болмайды.

> Қауіпсіздік жастықтарын, аспаптар тақтасын және рульді шешіп алуға, қайта жабдықтауға және қайта орнатуға тыйым салынады.

Олармен жасалған қате іс-әрекет салдары қауіпсіздік жастықтарының дұрыс істемеуіне немесе өздігінен іске қосылып кетуіне алып келуі ықтимал, ал бұл ауыр жарақаттар келтіруі немесе тіпті кісі өліміне жетелеуі мүмкін.

- > Аспаны қайта жабдықтауға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған жағдайда шанақтың биіктігін немесе аспаның қаттылығын өзгерту ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақаттарға әкелуі мүмкін.

- > Автокөліктің алдыңғы бөлігіне молдингілер немесе қаптамалар орнатқыңыз келсе, кеңес алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөліктің алдыңғы бөлігіндегі өзгертулер қауіпсіздік жастығының датчигіне берілетін импульске әсер етеді. Бұл жастықтардың кездейсоқ іске қосылу қаупіне және ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Автокөліктің алдыңғы бөлігіне немесе жүргізуші орындығына жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болса, кеңес алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Дұрыс жүргізілмеген жөндеу жұмыстары қауіпсіздік жастығының датчигіне берілетін импульске әсер етуі мүмкін. Бұдан жастықтар дұрыс жұмыс істемеуі ықтимал және ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

## Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

### Жалпы мәлімет

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары алдыңғы орындықтардың арқалықтарының сырт қапталындағы қаптауыш астында орналасқан. Орындықтардың арқалықтарында тиісті белгілер көрсетілген. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін толықтырады. Бүйірден соққы тиген жағдайда олар жүргізушінің және жолаушылардың жарақат алу қаупін азайтады және оларды қайталама соққыдан қорғайды.

### Жұмыс істеу принципі

Бүйірден соқтығысқан кезде датчик автокөліктің бүйірге қарай жылдамдықты үдетуінің кенеттен өзгерісін тіркейді және басқару блогына сигнал жібереді. Егер тиісті талаптар орындалса, жастық іске қосылады.

Бүйірден соқтығысу орын алған кезде тек соқтығысу жағында орналасқан қауіпсіздік жастығы ашылады. Егер соққы алдыңғы жолаушы орнының тұсына келсе, оның бүйірлік жастығы орындықта адам отырмағанына қарамастан іске қосылады.

### Айрықша нұсқаулар

- > Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары төмендегідей соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін.
  - 1) Бетпе-бет соққы.
  - 2) Нәтижесінде электрондық басқару блогына әлсіз сигнал берілетін күші шағын бүйірлік соққы.
  - 3) Автокөліктің артынан келген соққы.
  - 4) Автокөліктің төңкерілуі.
- > Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарын қандай да бір затпен жабуға тыйым салынады. Бұл олардың қалыпты ашылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- > Бүйірлік жастықтардың ашылу аймағына қандай да бір затты орнатуға тыйым салынады. Орнатылған жағдайда жастық ашылғанда бұл заттар салон ішінде жан-жаққа шашырап ұшуы мүмкін.
- > Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарды, сондай-ақ осы қауіпсіздік жастықтарының аймағында орналасқан элементтерді өз бетіңізше шешіп алуға, жөндеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.

## Ескерту жапсырмасы



9160135596FC

Бұл белгілер орталық тіреуде орналасқан және автокөліктің бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанын және тиісті нұсқауларға назар аудару қажеттігін хабарлауға арналған.

## Қауіпсіздік қалқалары

### Жалпы мәлімет

Қауіпсіздік қалқалары төбенің қаптамасының астында төбенің бүйірлік жолақтарына жақын орналасқан. Сонымен бірге олардың тиісті белгілері болады. Қауіпсіздік қалқасы қауіпсіздік белбеуіне көмекші құрал болып табылады. Бүйірлік соқтығысу орын алған кезде олар көліктегі адамдардың жарақат алу қаупін азайтады, сонымен қатар олардың салон жабдықтарымен қайта соқтығысуына жол бермейді.

### Жұмыс істеу принципі

Бүйірлік соқтығысу орын алған кезде датчиктер автокөліктің бүйірге қарай үдетуінің кенеттен өзгерісін сезінеді және басқару блогына сигнал жібереді. Егер қауіпсіздік жастығының, қалқасының іске қосылу талаптары орындалса, соқтығысу жағынан қауіпсіздік қалқасы, жастығы бірден іске қосылады.

### Айрықша нұсқаулар

- > Қауіпсіздік қалқалары төмендегідей жағдайларда іске қосылмауы мүмкін.
  - 1) Бетпе-бет соққы.
  - 2) Нәтижесінде электрондық басқару блогына әлсіз сигнал берілетін күші шағын бүйірлік соққы.
  - 3) Автокөліктің артынан келген соққы.
  - 4) Автокөліктің төңкерілуі.

> Есіктерге, тіректерге және төбе арқалықтарының жанындағы аймаққа сүйенуге, сондай-ақ алдыңғы жолаушының орындығына тізерлеп тұруға тыйым салынады. Олай болмаса, перде іске қосылған кезде, бас қатты соққыға ұшырауы ықтимал, бұл ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақаттарға әкеп соғуы мүмкін. Балалардың дұрыс отыруына ерекше назар аударыңыз.

> Қауіпсіздік қалқаларының ашылу аймағына қандай да бір затты орнатуға тыйым салынады. Орнатылған жағдайда қалқа ашылғанда олар салон ішінде жан-жаққа шашырап ұшуы мүмкін.

> Киімге арналған ілмектерге ауыр немесе өткір заттарды ілуге тыйым салынады.

Ілмектерге киімді ілінген киімді ілуге тыйым салынады. Ілмекке киімнің өзін ғана іліңіз. Өйтпесе қауіпсіздік қалқасы ашылған кезде киімді ұшып кетіп, салондағы адамдарға қауіп төндіруі мүмкін.

> Қауіпсіздік қалқаларының ашылу аймағында орналасқан элементтерді өз бетіңізше шешіп алуға, жөндеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Төбені, тұтқаларды, тұтқалардың қаңқаларын және бүйірлік төбе плафондарын өз бетіңізше қайта жабдықтауға тыйым салынады.



## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Бала орындығының ұсынылатын үлгілері

- > Артқа қаратылған бала орындығы, 0/0+ салмақ тобы.
- > Артқа қаратылған бала орындығы, I салмақ тобы.
- > Кіріктірілген жастықтары бар бала орындығы, II/III салмақ тобы.

## Бала орындығын бекіту нүктелері



7787BE9A3718

Бала орындығының астында артқы орындықтың арқалығы мен жастығы арасындағы саңылауда орналасқан 4 бекіту нүктесі бар.

Бала орындығының зәкір белбеуі үшін артқы орындықтың артқы тақтайшасында орналасқан 2 бекіту нүктесі бар. Орнатқан кезде тиісті артқы орындықтың арқалығы қайырылып тұруы керек.

### ⚠ Ескерту

ISOFIX бекіткіштері дұрыс орнатылған бала орындықтарының жүктемесіне шыдайтындай етіп есептелген. Олар ешбір жағдайда ересектерге арналған қауіпсіздік белбеулерін орнату, аспалы таспаларды бекіту және қандай да бір затты немесе құрылғыны автокөлікпен байланыстыру үшін қолданыла алмайды.

## ISOFIX стандартындағы бала орындықтарын қолдану туралы ақпарат

Автокөлікте тек БҰҰ ЕЭК №44 қағидаларына сәйкес келетін бала орындықтары ғана қолданыла алады.

БҰҰ ЕЭК №44 қағидаларына сәйкес бала орындықтары келесі бес санатқа бөлінеді.

- > 0 санаты: 10 кг дейін (0-ден 9 айға дейін).
- > 0+ санаты: 13 кг дейін (0 жастан 2 жасқа дейін).
- > 1 санаты: 9 кг бастап 18 кг дейін (9 айдан 4 жасқа дейін).
- > 2 санаты: 15 кг бастап 25 кг дейін (4 жастан 7 жасқа дейін).
- > 3 санаты: 22 кг бастап 36 кг дейін (6 жастан 12 жасқа дейін).

## Әртүрлі орындардың бала орындықтарын орнатуға сәйкес келуі

Салмақ тобы	Орнату орны		
	Алдыңғы жолаушы орындығы	Артқы орындықтар	
		Артқы орындықтың бүйірлік жақтары	Артқы ортаңғы орындық
«0» тобы	X	U	X
0+ тобы	X	U	X
«I» тобы	X	U	X
«II» тобы	X	U	X
«III» тобы	X	U	X

Ескертпе: кестедегі белгілердің түсіндірмесі:

U — жас тобы үшін мақұлданған әмбебап бала бекіту жүйелеріне жарайды.

X — осы салмақ тобы үшін мақұлданған бала бекіту жүйелеріне жарамайды.

## Автокөліктегі ISOFIX бекіту нүктелерінің ISOFIX бекіткіштері бар бала орындықтарына сәйкестігі

Салмақ тобы	Типтік өлшемі	Бекіткіш	ISOFIX бекіткіштерінің орналасқан жерлері
			Артқы орындықтың бүйірлік жақтары
Автобесік	F	ISO/L1	X
	G	ISO/L2	X
«0» тобы	E	ISO/R1	IL
«0+» тобы	E	ISO/R1	IL
	D	ISO/R2	IL
	C	ISO/R3	X
«I» тобы	D	ISO/R2	IL
	C	ISO/R3	X
	B	ISO/F2	IUF
	B1	ISO/F2X	IUF
	A	ISO/F3	IUF

Ескертпе: кестедегі белгілердің түсіндірмесі:  
 IUF — жас тобы үшін мақұлданған және автокөліктің қозғалу бағытына қаратылған ISOFIX әмбебап бала бекіту жүйелеріне жарайды.  
 IL — тізімдемеге кіргізілген ISOFIX ерекше бала бекіту жүйелеріне жарайды. Бұл бала бекіту жүйелері арнайы көлік құралдарына арналған, белгілі шектеулері болуы немесе жартылай әмбебап санатына жатуы мүмкін.  
 X — ISOFIX бекіткіштерінің орналасуы осындай типтік өлшемі бар және (немесе) осы жас тобының ISOFIX бала бекіту жүйелеріне жарамайды.

## Ескерту жапсырмасы



90A96F30A2E6

Бұл белгілер алдыңғы жолаушының құнқағарында орналасқан және автокөліктің алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанын және тиісті нұсқауларға назар аудару қажеттігін хабарлауға арналған.

### ⚠ Ескерту

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы бар орындыққа нәресте ұстағышын орнатпаңыз — бұл баланың ауыр жарақат алуына, тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

## Бала орындығын орнату тәртібі

### Бала орындығын арнайы бекіткіштердің көмегімен орнату

ISOFIX және LATCH — бұл бала орындықтарын бекіту үшін арнайы әзірленген стандартты жүйелер. Артқы шеткі орындықтарға орнату кезінде бала орындығын бекіту үшін ISOFIX жүйесін де, LATCH жүйесін де қолдануға болады.

1. Алдыңғы орындықты тірелгенше алға жылжытыңыз.
2. Бала орындығы орнатылатын орындықтың бассүйегішін реттеңіз немесе шешіп алыңыз.

### **i** Пайдалы ақпарат

- > Бала орындығын қозғалыс бағытына қарсы орнатып, пайдаланған кезде, бассүйегішті барынша төмен түсіру немесе шешіп алу қажет.
- > Егер қозғалыс бағытына қаратып орнатылған бала орындығын пайдалану кезінде бассүйегіш бала орындығының артқы орындық арқалығына нық тиіп тұруына кедергі келтірсе, оны шешіп алу қажет.
- > Баланың отыру қалпын биіктету үшін арнайы бустер пайдаланатын болсаңыз, бассүйегішті шешіп алуға тыйым салынады. Бұл жағдайда бассүйегіштің ең биік нүктесі баланың басымен бір деңгейде немесе оған барынша жақын орналасуы тиіс.

3. Артқы орындықтың арқалығын ашыңыз, оны алға қарай еңкейтеңіз және белбеудің бұралып қалмауын қадағалап, зәкір белбеуін тиісті бекіту нүктесіне бекітіңіз. Сақтандыру белбеуін бекіткен кезде оны бассүйегіштің астынан өткізу қажет.

### **i** Пайдалы ақпарат

- > Орталық орындықтың қауіпсіздік белбеуін қысып алмау үшін абай болыңыз.
- > Алдымен зәкір белбеуін бір бекіту нүктесіне мұқият бекітіңіз, содан кейін оны келесі нүктеге орнатуға өтіңіз.

4. Артқы орындықтың арқалығын бекітіп, бала орындығын бекіткіштерді төменгі бекіту нүктелеріне салыңыз. ISOFIX қондырғысының екі механизмі де мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
5. Үстіңгі белбеуді бекітіп, оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін бала орындығын аздап шайқаңыз.

## **Бала орындығын қауіпсіздік белбеуінің көмегімен орнату**

- > Алдыңғы орындықты тірелгенше алға жылжытыңыз.
- > Бала орындығы орнатылатын орындықтың бассүйегішін реттеңіз немесе шешіп алыңыз.

### **i** Пайдалы ақпарат

- > Бала орындығын қозғалыс бағытына қарсы орнатып, пайдаланған кезде, бассүйегішті барынша төмен түсіру немесе шешіп алу қажет.
- > Егер қозғалыс бағытына қаратып орнатылған бала орындығын пайдалану кезінде бассүйегіш бала орындығының артқы орындық арқалығына нық тиіп тұруына кедергі келтірсе, оны шешіп алу қажет.
- > Баланың отыру қалпын биіктету үшін арнайы бустер пайдаланатын болсаңыз, бассүйегішті шешіп алуға тыйым салынады. Бұл жағдайда бассүйегіштің ең биік нүктесі баланың басымен бір деңгейде немесе оған барынша жақын орналасуы тиіс.

- > Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын тартып шығарыңыз, оны бала орындығы арқылы өткізіңіз және қауіпсіздік белбеуінің қапсырмасын сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа сұғыңыз.
- > Бала орындығын өз салмағыңызбен орындыққа басыңыз және белбеу керіліп тұратындай және сенімді бекітуді қамтамасыз ететіндей етіп иық тармағын шарғылы механизмге тартып орауға мүмкіндік беріңіз.
- > Егер бала орындығы қауіпсіздік белбеуінің бекіткішімен жабдықталмаған болса, белбеуді бекітуге арналған арнайы ілгешекті сатып алуыңызға болады.
- > Бала орындығын сәл ырғап, оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

## **Бала орындығын орнатуға қатысты айрықша нұсқаулар**

- > Егер артқы орындық арқалығының көлбеу бұрышы реттелетін болса, оны бала орындығының көпшігі мен арқалығы артқы орындыққа нық тиіп тұратындай күйге келтіріңіз.
- > Егер бала орындығын арнайы бекіткіштерді қолданбай орнататын болсаңыз, ол үшін қауіпсіздік белбеуін қолданыңыз. Бала орындығына қосып берілген орнату нұсқаулығын орындаңыз.
- > Бала орындығы автокөлік орындығына дұрыс бекітілген болуы тиіс.  
Бала орындығы дұрыс орнатылмаған жағдайда шұғыл тежеу немесе соқтығысу салдарынан бала ауыр жарақат алуы немесе тіпті мерт болуы мүмкін.
- > Автокөлікке бекітілмеген баланы қорғау құрылғыларын орналастырмаңыз.

Шұғыл тежеу немесе жол-көлік оқиғасы орын алғанда құрылғы автокөлік ішіндегі адамдарға және заттарға соқтығысуы мүмкін, соның салдарынан ауыр жарақат келуі немесе тіпті кісі өлімі орын алуы мүмкін.

- > Бала орындығын алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға тыйым салынады. Өйткені бала қауіпсіздік жастығына тым жақын орналасатын болады. Соқтығысу жағдайында жастық іске қосылса, бала ауыр жарақат алуы немесе тіпті мерт болуы мүмкін.
- > Бала орындығын баланың жасына және бойына сәйкес таңдап, артқы орындыққа орнату қажет.

Статистика бойынша қорғау құрылғылары дұрыс қолданылған жағдайда балаларды артқы орындықтарға орналастыру, алдыңғы орындықтармен салыстырғанда, көбірек қауіпсіздікке кепілдік береді.

Қозғалыс кезінде баланы қолға алып отыруға жол берілмейді. Бұл бала орындығын алмастыра алмайды. ЖКО-ға ұшыраған жағдайда, бала алдыңғы әйнекке соғылуы немесе сіз бен салон қаптамасының арасына қысылып қалуы мүмкін.

- > Тіпті бала орындығында отырса да балаға басын немесе денесінің басқа жерлерін есік тіреуіне немесе автокөлік төбесінің қаптал бөлігіне сүйеуіне жол бермеңіз.

Қауіпсіздік қалқаларының іске қосылуы өте қауіпті болуы мүмкін. Олардың соққысының күші ауыр жарақат алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Бала орындықтарының түрлері көп болғандықтан, бала орындығын орнатар және шешіп алар кезде оның жеткізу жиынтығындағы нұсқаулықты орындап, тиісті сақтық шараларын сақтаңыз.
- > Егер бала орындығы сақтандыру белбеуімен жабдықталған болса, оны бала орындығын орнату нұсқаулығын және тиісті сақтық шараларын орындай отырып бекіту қажет.

Олай болмаған жағдайда шұғыл тежеу немесе соқтығысу ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Егер бала орындығы сақтандыру белбеуімен жабдықталған болса, ол бассүйегіштің астымен өтуі тиіс.

Өйтпесе бала орындығы бекітілмейді және шұғыл тежеу немесе соқтығысу салдары ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Бала орындығының сақтандыру белбеуін тиісті бекіту нүктесіне бекіткеннен кейін, бассүйегішті түсірмеген жөн.

Бассүйегіш сақтандыру белбеуіне жанасып тұрса, ол белбеудің керілуін босатуы және шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында бала орындығының аударылып кетуіне себеп болуы мүмкін. Бұл ауыр, тіпті өлімге апаратын жарақаттарға ұшыратуы ықтимал.

# Автокөлікті айдап әкетуден сақтау жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Жүйе туралы жалпы мәлімет

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі автокөлікті айдап әкетуден және ондағы бағалы заттардың ұрлануынан сақтайды. Автокөлікке кіруге әрекет жасалған жағдайда жүйе дыбысты жарық сигналын беру жүйесін іске қосады.

### Ескерту

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесін қайта жабдықтауға тыйым салынады.

## Қолдану тәсілі

### Жүйені қосу

Автокөліктің есіктерін сыртынан құлыптағаннан кейін, бұрылыс сигналдары 1 рет жыпылықтайды және жүйе алдын ала күзет режиміне өтеді.

Алдын ала күзету режимінде бұрынғыша автокөлікпен кез келген манипуляцияны орындауға болады, сигнал беру жүйесі іске қосылмайды.

Шамамен 15 секундтан кейін жүйе автоматты түрде бұзып кіруден қорғау функциясы бар толық күзету режиміне ауысады.

### Назар аударыңыз!

Автокөліктің барлық есігінің және жүксалғыш есігінің жабық екеніне көз жеткізіңіз, себебі олар жабылмаса, автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі іске қосылмайды.

### Пайдалы ақпарат

Айдап әкетуге қарсы жүйенің барлық жұмыс режимінде орталық басқару түймелері жұмыс істемейді.

### Жүйені ажырату

Автокөліктің есіктерін сыртынан ашқаннан кейін (механикалық кілттен басқа кез келген тәсілмен) бұрылыс сигналдары 2 рет жыпылықтайды және бұзудан қорғау функциясы өшіріледі.

## Сигнал беру жүйесінің іске қосылу шарттары

- > Есікті механикалық кілтпен ашу;
- > Автокөлік есігін мәжбүрлеп ашу;
- > Оталдыру жүйесінің құлпын ауыстырып қосу.

## Сигнал беру жүйесін ажырату тәсілдері

- > Оталдыру жүйесінің құлпын ON күйіне ауыстырыңыз.
- > Қозғалтқышты оталдырыңыз.
- > Оталдыру жүйесінің құлпын OFF күйіне ауыстырып, автокөлік есігін сыртынан (механикалық кілттен басқа кез келген тәсілмен) ашыңыз.

# Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі

ЖКО орын алғанда қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын болса, бұл жүйе отынның берілуін тоқтатады, осылайша отынның төгілуіне байланысты қауіпті азайтуға мүмкіндік туады.

Бұл жүйе іске қосылғаннан кейін қозғалтқышты қайта іске қосу қажет, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Оталдыру жүйесінің құлпын OFF күйіне ауыстырыңыз.
2. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.



### Ескерту

Қозғалтқышты оталдырар алдында автокөліктің астындағы жердің бетін қарап шығу қажет. Автокөлік түбінде отынның аққан іздері байқалса, автокөліктің отын жүйесінің зақымдалғанын білдіреді. Бұл жағдайда қозғалтқышты оталдырмаған жөн.

4

Қауіпсіздік

# Оқиғалар туралы деректерді тіркегіш

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Жүйе туралы жалпы мәлімет

Автокөлік оқиғалар туралы деректерді тіркегішпен (EDR) жабдықталған. EDR негізінен оқиға кезінде автокөлік жүйелерінің жұмысы туралы ақпарат алу үшін динамиканы бақылау жүйелерінің және автокөліктің белсенді қауіпсіздік жүйелерінің деректерін тіркеу мақсатында қолданылады. Алайда соқтығысудың ауырлығына және түріне байланысты EDR тиісті деректерді тіркемеуі мүмкін.

### **i** Пайдалы ақпарат

EDR деректерді тіркеуді тек күрделі ЖКО жағдайында ғана жүзеге асырады. Қалыпты жағдайларда EDR деректерді жазбайды.

## Деректерді оқу

Автокөлік өндірушісінен өзге басқа тараптар (мысалы, құқық қорғау органдары) CANoe құрылғысын қолдана отырып, ноутбукты автокөліктің диагностикалық орталығына жалғай және жазылған EDR деректерін оқи алады.

Деректерді оқуға арналған құрылғыны CANoe арналған БҚ жеткізушісінен сатып алуға болады. EDR арқылы тіркелетін деректер және олардың мақсаты:

Деректер	Арналған мақсаты
Тежеу режимі	Соқтығысу сәтіндегі тежегіш
	педальдің күйін тіркеу
Соқтығысу кезіндегі жылдамдық	Соқтығысу сәтіндегі жылдамдықты тіркеу
Қауіпсіздік белбеуі құлпының күйі	Соқтығысу сәтіндегі қауіпсіздік белбеуінің күйін тіркеу
Пассивті қауіпсіздік жүйесі жұмысының жарық индикаторының күйі	Соқтығысу сәтінде пассивті қауіпсіздік жүйесінің ақауын білдіретін жарық индикаторының жанып тұрғаны не тұрмағаны туралы мәліметтерді тіркеу

## Деректерді ашу

Төмендегі мән-жайларды қоспағанда, EDR жазбалары үшінші тараптарға жария етілмейді:

- > Автокөлік иесінің немесе оны жалға берушінің келісімімен.
- > Полицияның, соттың немесе үкіметтік органдардың деректерді сот процесі кезінде қолдану үшін ресми сұрауы бойынша.

Алайда, қажет болса, жазылған EDR деректері келесі мақсаттар үшін қолданылуы мүмкін:

- > Автокөліктің қауіпсіздік сипаттамаларын зерттеу және тиісті өзіндік әзірлемелерді жүргізу.
- > Зерттеулер мен өзіндік әзірлемелер үшін: тіркегіштің деректері автокөлік иесі мен оның көлік құралы туралы ақпаратты үшінші тарапқа ашпай беріледі.





# 5

## Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

---

Жүргізуші құрал-саймандары.....	128
Қосалқы дөңгелек .....	129
Дөңгелекті ауыстыру.....	131
Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда.....	134
Автокөлікті сыртқы қуат көзінен оталдыру .....	135
Қозғалтқыштың қызып кетуі .....	137
Сүйреу.....	138
Төтенше жағдайда көмек көрсету жүйесі .....	141



# Жүргізуші құрал-саймандары

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Орналасуы

### Домкрат



1CF170A6A742

Домкрат оң жақ артқы орындықтың артында орналасқан. Оны артқа еңкейту арқылы көруге болады.

1. Артқы орындықты төмендету үшін арқадағы сымарқанды жоғары қарай тарту керек. (> 27-бет)
2. Домкратты реттеу тұтқасын бекіту кронштейнінен домкрат алынғанша сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
3. Домкратты пайдаланғаннан кейін оны шығаруға қарсы тәртіппен орнына қойыңыз. Домкраттың мықтап орнатылғанына көз жеткізіңіз.

## Басқа борттық құрал-саймандар



8680979AF569

Жүргізуші құралдарының жинағы, үшбұрышты ескерту белгісі және дөңгелек сомындарына арналған кілт сол жақ артқы орындық жастығының астында орналасқан. Жүргізуші құралдарын алу үшін артқы орындық жастығын көтеріңіз. (> 27-бет)

Өртсөндіргіш алдыңғы жолаушының жағында (аяқтарында) еденде орналасқан. Ілеспе құжаттар пакеті мен алғашқы көмек қобдишасы алдыңғы жолаушы жағындағы бақылау тақтасының ұсақ-түйек тартпасында орналасқан. (> 50-бет)


### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Жүргізуші апаттық жағдайларда шұғыл әрекет етуі үшін домкрат сияқты жүргізуші құрал-саймандарының орналасқан жері мен оларды пайдалану тәсілдерін білуі тиіс.
- > Автокөлікпен бірге жеткізілетін домкрат — осы автокөлікке арналған арнайы құрал-сайман. Бұл домкратты басқа автокөліктерге, сондай-ақ осы автокөлікті көтеру үшін өзге домкраттарды пайдалануға тыйым салынады.
- > Құралдарды пайдаланғаннан кейін оларды міндетті түрде көрсетілген орнына қайта қойып, нық бекіту керек. Құралдардың тиісті жерде орналаспауы ЖКО-ға немесе жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.
- > Алғашқы көмек жинағындағы өртсөндіргіш пен дәрі-дәрмектің жарамдылық мерзімі бар, сондықтан оларды үнемі тексеріп, қажет болған жағдайда ауыстыру керек.

# Қосалқы дөңгелек

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.



DD6D5349D0AE


Қосалқы дөңгелек жүксалғыштың түбінде орналасады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Қосалқы дөңгелек сирек қолданылатындықтан және оның протекторының тозуы аз болғандықтан, оны орнатқаннан кейін дөңгелектердің үйкеліс коэффициенттері сәл өзгеше болады. Автокөлік жүргізген кезде абай болыңыз. Біз стандартты дөңгелекті мүмкіндігінше тезірек жөндеп, оны ауыстыруды ұсынамыз.
- > Ақау пайда болғанда оның даярлығына кепілдік беру үшін қосалқы дөңгелектің күйін, мысалы, шинадағы қысымды, жырықтар мен деңестердің және т.б. бар-жоғын жүйелі түрде тексеріңіз.

## Шығару және орнына салу

1. Дөңгелек сомындарына арналған кілтті және қосалқы дөңгелекті көтеру шығырын шығарыңыз.



757EEABE4DBA

Қосалқы дөңгелекті көтеру шығырының алдыңғы, ортаңғы және артқы бөліктерін суретте көрсетілгендей дөңгелек сомынының кілтімен біріктіріңіз.

2. Қосалқы дөңгелекті түсіріңіз.



18D4CCFC5B73

Қосалқы дөңгелекті көтеруге арналған шығырды автокөлік түбінің астына орнатыңыз, қосалқы дөңгелекті шығырдың ойығына орнатып, дөңгелек сомындарына арналған кілтті сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, қосалқы дөңгелекті абайлап түсіріңіз.

5

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

3. Қосалқы дөңгелекті шешіп алыңыз.



AF3598B5F231

Қосалқы дөңгелекті толығымен түсіргеннен кейін, оның ұстағышын алып тастаңыз және қосалқы дөңгелекті жүксалғыштың негізгі бөлігінің астынан абайлап алыңыз.

4. Зақымдалған дөңгелекті көлікке қосалқы дөңгелекті алып тастауға қарсы ретпен салыңыз.

**⚠ Назар аударыңыз!**

> Зақымдалған немесе қосалқы дөңгелекті орналастырған кезде оның толық көтерілгеніне және мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Оның қозғалмайтынына көз жеткізу үшін оны итеріп, тартып немесе бұрап көріңіз. Қажет болса, сомындарды босатыңыз және оларды қайта қатайтыңыз. Егер дөңгелек дұрыс бекітілмесе, қозғалыс кезінде шайқау қосалқы дөңгелектің көтеру механизмі кабелінің үзілуіне және оның жоғалуына әкелуі мүмкін.

5

Автокөлікке техникалық  
қызмет көрсету және  
күтім жасау

# Дөңгелекті ауыстыру

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Шина ақауларының белгісі

Егер келесі жағдайлар орын алса, шиналарда жыртылған жерлер немесе жарықтар бар-жоғын тексеріңіз:

- > Руль дірілі;
- > Автокөлікке тән емес діріл;
- > Автокөлікке тән емес қисаю.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Егер жүріс кезінде шина жыртылып немесе жарылып кетсе, жылдамдықты төмендету үшін рульді мықтап ұстап, тежегіш педалін аздап басыңыз. Шұғыл тежеуге немесе рульді күрт бұруға тыйым салынады, өйткені автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.
- > Шина жарылғаннан кейін қосалқы дөңгелекті дереу орнату керек. Тесілген шинамен жүрген кезде автокөліктің қозғалысы тұрақсыз болуы мүмкін, оның салдары ЖҚО-ға әкеп соғуы мүмкін. Оған қоса, дөңгелек дискілерін, дөңгелектерді, аспаны, автокөлік шанағын, т.б. оңай зақымдап алуыңыз мүмкін.

## Дөңгелекті ауыстыру алдындағы дайындық

1. Жолаушылар көліктен шығып, жүксалғышты заттардан босатуы керек.
2. Көліктің қалыпты қозғалысына кедергі келтірмеу үшін автокөлікті қауіпсіз жердегі тегіс бетке тұраққа қойыңыз.
3. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
4. Қозғалтқышты өшіріңіз.

Берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын 1 немесе R күйіне ауыстырып, қозғалтқышты өшіріңіз.

### ⚠ Ескерту

Егер берілістерді ауыстырып қосу тұтқасы N күйінде болса, автокөлікті ұстап тұру үшін домкратты пайдалануға тыйым салынады, бұл жағдайда домкраттың тұрақтылығы қамтамасыз етілмейді, бұл апатқа әкеледі.

5. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және апаттық аялдау белгісін қойыңыз.
6. Қосалқы дөңгелекті, домкратты, қосалқы дөңгелек шығырын, дөңгелек сомындарына арналған кілттерді және дөңгелек тіреуіштерін дайындап қойыңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Домкратты пайдаланар алдында дөңгелек тіреуіштерін орнату керек.
- > Дөңгелек тіреуіштерін қызмет жеткізушісінен сатып алуға болады. Барлық сұрақ бойынша қызмет жеткізушісіне хабарласыңыз.
- > Дөңгелек тіреуіштері болмаған кезде дөңгелектің астына үлкен тасты қоюға болады.


## Дөңгелекті ауыстыру процедурасы

### Ақаулы дөңгелекті шешіп алу

1. Дөңгелекті бекітіп қойыңыз.

Дөңгелектерге сәйкес келетін тығындарды қолдануды ұмытпаңыз және оларды дөңгелектердің екі жағына ауыстырылатын шинаға қатысты диагональ бойынша қойыңыз.


2. Дөңгелек сомындарының сәндік қаппақтарын шешіңіз.



4D62008BA454

Сомындардың сәндік қаппақтарымен жабдықталған автокөліктерде алдымен арнайы құралдың көмегімен дөңгелек сомындарынан сәндік қаппақтарды дәйекті түрде алып тастау керек.


3. Дөңгелек сомындарын босатыңыз.



BF64F616C304

Дөңгелек сомындарына арналған кілттің көмегімен сомындарды суретте көрсетілген тәртіппен теріс бағытта (шамамен 1 айналымға) бұраңыз.

4. Домкратты орнатыңыз.



7EC4320F061E

Домкратты тірек нүктесінің астына қойып, домкраттың көтерілу орнында мықтап бекітілуін қамтамасыз ету үшін домкраттың орны мен биіктігін реттеңіз.

**⚠️ Назар аударыңыз!**

Домкратты пайдаланған кезде келесі талаптарды орындау керек. Әйтпесе автокөлік оңай зақымдалуы немесе домкрат ығысып кетуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға әкеледі:

- > Қозғалтқышты міндетті түрде сөндіріңіз.
- > Автокөлікте адамдар бар болғанда домкратты пайдалануға тыйым салынады.
- > Домкратты тегіс қатты бетке орнату керек.
- > Домкраттың астына немесе үстіне заттар төсемеңіз.
- > Домкраттың көтерілу биіктігі тым үлкен болмауы және дөңгелекті ауыстыру үшін талап етілетін деңгейден аспауы шарт.
- > Автокөлікті домкратпен көтергеннен кейін автокөліктің астына кіруге тыйым салынады.
- > Автокөлікті түсірген кезде басқа адамдардың қысылып қалмауын мұқият қадағалау керек.

5. Қосалқы дөңгелекті көтеру шығырын орнатыңыз.



0629B3BED59B

Қосалқы дөңгелекті көтеру шығырының алдыңғы, ортаңғы және артқы бөліктерін суретте көрсетілгендей дөңгелек сомының кілтімен біріктіріңіз. Содан кейін қосалқы дөңгелекті көтеру шығырын ұяның жоғарғы жағындағы тесікке салыңыз.

6. Автокөлікті көтеріңіз.

Дөңгелек сәл көтерілгенше құрамдас құралды сағат тілі бағытында бұраңыз.

### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Домкратты пайдаланған кезде домкраттың реттеу тұтқасын домкрат бұрандасының айналу орталығымен бір білікпен бұраңыз.
- > Алдымен автокөлікті сәл көтеріп, барлығының дұрыс екенін мұқият тексеріңіз, одан кейін көтеруді жалғастырыңыз.


7. Барлық бекіткіш сомынды алып, одан кейін дөңгелекті шешіп алыңыз.

### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Дөңгелекті жерге қойғанда, оны зақымдамау үшін шабақтарын жоғары қаратыңыз.
- > Домкрат ығысқан жағдайда және күтпеген өзге жағдайларда сақтану үшін қосалқы дөңгелекті орнатар алдында шешіп алынған дөңгелекті автокөліктің астына қойыңыз.

## **Қосалқы дөңгелекті орнату**

1. Дөңгелек күпшегінің бетін тазарту. Қосалқы дөңгелекті орнатар алдында дөңгелек күпшегінің бетін тазарту керек, әйтпесе қозғалыс кезінде дөңгелек сомындары босап кетуі мүмкін, салдарынан дөңгелектен айырылып қалуыңыз мүмкін.
2. Қосалқы дөңгелекті орнатып, сомындар күпшекке толық тиетіндей күш сала отырып, сомындарды тартып бұраңыз.
3. Домкрат иінін теріс бағытта бұрап, автокөлікті түсіріңіз.
4. Әрбір дөңгелек шпилькасындағы сомындарды суретте көрсетілген тәртіппен 2-3 рет тартып бұраңыз.



6F25EC8B8456

Тартып бұрау моменті: 120±10 Нм

### **ℹ Пайдалы ақпарат**

Дөңгелекті ауыстырғаннан кейін, динамометрлік сомын кілтін пайдаланып, сомындарды талап етілетін тартып бұрау моментіне дейін мүмкіндігінше тезірек тартыңыз. Әйтпесе дөңгелек сомындары оңай босап, түсіп қалуы ықтимал, салдарынан ауыр жарақаттар алу қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.

5. Сәндік қақпақтары бар сомындармен жабдықталған автокөліктерде дөңгелек сомындарына сәндік қақпақтарды орнатыңыз.
6. Ақаулы дөңгелекті орнатыңыз, барлық құралды орнына қойыңыз және оларды бекітіңіз.

### **⚠ Ескерту**

Дөңгелек қаптарын өз бетінше өртеген кезде улы газ бөлінеді. Дөңгелек қаптарын қайта өңдеу үшін жеткізушіге өткізіңіз.

### **⚠ Назар аударыңыз!**

- > Зақымдалған, жарылған немесе деформацияланған сомындарды немесе дөңгелек дискілерін пайдалануға тыйым салынады.
- > Дөңгелек сомындарына арналған кілттің көмегімен сомындарды тартып бұраңыз, әйтпесе дөңгелек айналған кезде бұралып шығуы ықтимал, соның салдарынан жарақаттар алуға болады.
- > Дөңгелек сомындарына арналған кілтті басуға немесе басқа құралдардың көмегімен дөңгелек сомындарын шамадан тыс қатайтуға тыйым салынады. Оларды зақымдау оңай.
- > Сомындарды орнатқан кезде бұрандаға жағармай немесе май жағуға тыйым салынады. Тым қатты бұрап тартқан кезде сомындар мен дөңгелектер зақымдалып қалуы мүмкін; егер сомындар бос болса, бұл қозғалыс кезінде дөңгелектің ажырап кетуіне немесе ЖКО-ға әкелуі мүмкін.

## Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда

### Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

### Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда

Жол-көлік оқиғасына немесе көлік құралының бұзылуына байланысты жолда еріксіз тоқтаған кезде басқа көлік құралдарына ескерту үшін келесі шараларды орындау керек:

- > Апаттық сигнал беру жүйесін қосу керек.
- > Жергілікті жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес автокөліктің артына апаттық аялдау белгісін қойыңыз.

### Егер автокөлік кептеліп қалса немесе түбіне «отырса»

Қарда, балшықта, құмда қозғалған кезде көлік кептеліп қалуы немесе түбіне «отыруы» мүмкін, сондықтан абай болу керек. Автокөлік батып қалғанда келесі шараларды қолданып көруге болады:

1. Қуатты өшіріп, көлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз.
2. Кептелген дөңгелектердің айналасындағы кірді, қарды немесе құмды тазалаңыз.
3. Шиналардың топыраққа немесе қарға ілінісуін жақсарту үшін дөңгелектердің астына ағаш білеулер, тастар немесе өзге материалдар салыңыз.
4. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.
5. Тұрақ тежегішін өшіріп, кедергіден өту үшін жылдамдықты біртіндеп арттырыңыз.

#### Ескерту

Автокөлікті шұңқырдан итеріп шығару кезінде келесі жайттарға назар аудару керек:

- > Соқтығысуды болдырмау үшін автокөліктің жанында басқа көлік құралдарының немесе адамдардың жоқ екеніне көз жеткізу керек.
- > Автокөлікті шұңқырдан итеріп шығару кезінде ол алға немесе артқа қарай жұлқуы мүмкін, сондықтан аса абай болған жөн.

Егер көлік кептеліп немесе батып қалса және оны жоғарыда аталған әдістермен босату мүмкін болмаса, кәсіби құтқарушыларға хабарласыңыз немесе клиенттерге арналған сенім телефонына қоңырау шалыңыз. Кәсіпқой емес адамдардың қызметін пайдалануға тыйым салынады.



## Автокөлікті сыртқы қуат көзінен оталдыру

### Автокөліктің жабдықталуы

Бұл нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

### Қуаты таусылған аккумулятордың белгілері

- > Стартер сыртылдаған дыбыс шығарып, айналмайды. Стартер айналады, бірақ оның қуаты жетпей, қозғалтқыш іске қосылмайды.
- > Автокөліктің алдыңғы фараларының жарығы әдеттегіден гөрі көмескі.
- > Гүл жұмыс істемейді немесе оның дыбысы әлсіз.


### Қозғалтқышты басқа автокөліктен оталдыру тәсілі

Егер автокөлік аккумулятор қуаты таусылғандықтан оталмаса, қозғалтқышты басқа көліктен оталдыруға арналған кабельдерді пайдалануға болады. Іске қосу кабелінің қимасы кемінде 25 мм<sup>2</sup> болуы тиіс.

#### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Бұл мақсатта кез келген автокөліктің аккумуляторы пайдалануға келмейді. Қозғалтқышты басқа автокөліктен оталдыру үшін номинал кернеуі 12 В құрайтын аккумуляторды ғана пайдалануға болады.
- > Трейлерлер немесе автотіркемелерді автокөлікті оталдыруға үшін пайдалануға болмайды.

1. Көмекші кабельдерді келесі схема бойынша жалғаңыз.



- A Автокөліктің заряды таусылған батареясының оң клеммасы ⊕  
Қосылған кезде батареяның «оң» терминалының қорғаныс қақпағын ашу керек.
  - B Донор автокөлік аккумуляторының оң клеммасы ⊕
  - C Донор автокөлік аккумуляторының теріс клеммасы ⊖
  - D Автокөліктің заряды таусылған батареясының теріс клеммасы ⊖
2. Аккумуляторды зарядтаңыз.

Автокөлікті оталдыратын көлік құралын оталдырыңыз, қозғалтқыштың айналу жылдамдығын сәл арттырып, осы жылдамдықты шамамен 5 минут сақтаңыз, бұл автокөліктің қуаты таусылған аккумуляторын аздап қуаттауға мүмкіндік береді.

3. Аккумуляторының қуаты таусылған автокөлікті оталдырыңыз.  
Егер қозғалтқыш бұрынғыша оталмаса, қозғалтқышты басқа көліктен оталдыруға арналған кабельдердің дұрыс қосылғанына көз жеткізіп, кейін аккумуляторды қайтадан қуаттау керек.
4. Іске қосу сымдарын ажыратыңыз.  
Автокөлік қуатын қосқаннан кейін, іске қосу кабельдерін қосылу тәртібіне кері ретпен ажыратыңыз.

5

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

### **Ескерту**

- > Қозғалтқышты басқа көліктен қуаттаған немесе оталдырған кезде аккумулятордан газ бөлінуі мүмкін. Бұл ретте жарылыс қаупі бар. Аккумуляторды ұшқын көздерінен, ашық оттан немесе тез тұтанатын материалдардан алшақ ұстау керек.
- > Аккумулятор сұйықтығының күйдіретін қасиеті бар және ол көз бен теріні ауыр зақымдауы мүмкін. Сұйықтық кездейсоқ тиген жерді судың көп мөлшерімен дереу жуып, медициналық көмек алу керек.
- > Қозғалтқышты басқа көліктен оталдыруға арналған кабельдерді қосқан немесе ажыратқан кезде олардың желдеткіштерге, белдіктерге және т. б. тиюіне жол бермеңіз.
- > Барлық кабельдің дұрыс қосылғанына көз жеткізіп, оң және теріс клеммалардың арасында қысқа тұйықталуға жол бермеңіз.

### **Назар аударыңыз!**

Аккумулятор қуаты жиі таусылған жағдайда тексерістен өткізу үшін жеткізушіге хабарласу керек.

5

Автокөлікке техникалық  
қызмет көрсету және  
күтім жасау

## Қозғалтқыштың қызып кетуі

### Автокөліктің жабдықталуы

Бұл нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

### Қозғалтқыш қызып кеткенде

#### **i** Пайдалы ақпарат

Төтенше пайдалану жағдайлары (мысалы, сүйреу, көлбеумен көтерілу, шамадан тыс жүктеме және т. б.) қозғалтқыштың қызып кетуіне және автокөліктің жалпы қуатының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

### Қызып кету көрсеткіштері

- > Су температурасының индикаторы қызыл түспен жанады.
- > Қозғалтқыш баяу үдейді.
- > Капот астынан бу шығады.
- > Кондиционер компрессоры автоматты түрде тоқтайды.

### Проблеманы шешу тәсілдері

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты сөндіріңіз. Егер кондиционер қолданылып тұрса, оны өшіріңіз.
2. Капот астынан будың шығатынын не шықпайтынын тексеріңіз.
  - > Егер бу шықпаса, капоттың қақпағын ашыңыз, одан кейін қозғалтқышты оталдырыңыз.
  - > Егер бу шықса, ол сөйілгенше күте тұрыңыз, одан кейін капоттың қақпағын ашып, қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Суытушы желдеткіштің жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
  - > Егер желдеткіш жұмыс істемесе, қозғалтқышты сөндіріп, жеткізушіге хабарласу керек.
  - > Егер желдеткіш стандартты режимде жұмыс істесе, қозғалтқышты сөндірмес бұрын су температурасының төмендегенін күтіңіз.

4. Салқындату сұйықтығының көлемін тексеріңіз. Егер салқындату сұйықтығы аз болса, оны үстемелеп құю қажет. Сонымен бірге келтеқұбырлардан сұйықтықтың ағып кеткен жерлерінің бар-жоғын тексеру керек. Жылыстаған жерлер болған жағдайда жеткізушіге хабарласыңыз.
5. Радиаторда бөгде заттардың бар-жоғын тексеріңіз. Жылу беруге ықпал ететін бөгде заттар болған жағдайда радиаторды тазалаңыз.

#### **▲** Ескерту

- > Егер капот астынан бу шықса, қақпақты бірден ашуға болмайды. Әйтпесе ауыр жарақат алуыңыз мүмкін, мысалы, күйік шалуы мүмкін.
- > Егер радиатор ыстық болса, радиатор қақпағын немесе кеңейткіш бак қақпағын ашуға болмайды, әйтпесе бу немесе салқындату сұйықтығы ернеуден асып төгілуі мүмкін, салдарынан күйік шалу сияқты ауыр жарақат алуыңыз мүмкін.
- > Радиатор қақпағын немесе кеңейткіш бак қақпағын ашу кезінде желдеткіштерге немесе белдіктерге тиіп кетпеу немесе жақындамау керек. Қақпақты матамен орап, оны ақырын ашыңыз.
- > Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде желдеткіштерге немесе белдіктерге тиюге немесе жақындауға тыйым салынады, әйтпесе қол немесе киім ішке тартылып кетіп, ауыр жарақаттар аласыз.
- > Қозғалтқыш қызып кеткенде салқындату сұйықтығын құюға тыйым салынады. Салқындату сұйықтығы құйылатын болса, қозғалтқыш тез зақымдалады. Салқындату сұйықтығын қозғалтқыш толық суығаннан кейін құюға болады.

#### **▲** Назар аударыңыз!

Егер автокөлік қозғалысы кезінде су температурасының индикаторы қайтадан қызыл түспен жанса, тексерістен өту үшін ең жақын сервис орталығына дереу хабарласу керек.

# Сүйреу

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпарат алу үшін сатқан кезде берілген құжаттарға жүгініңіз немесе көлікті сатқан дилерге хабарласыңыз.


## Арнайы техникамен сүйреу

### ⚠ Ескерту

Сүйреген кезде автотіркемелерді сүйреуге қатысты жергілікті заңдар мен қағидаларды сақтау қажет.

Автокөлікті сүйреген кезде платформасы немесе көтергіші бар жүктиегішті пайдалану және сүйреуді мүмкіндігінше сервис орталығына немесе көлік құралдарын сүйреумен айналысатын кәсіби компанияға сеніп тапсыру ұсынылады.


## Платформасы бар тиегішті пайдалану



Платформасы бар тиегішті пайдаланған кезде автокөлікті мықтап бекіту керек.


## Көтергіші бар тиегішті пайдалану.

## Автокөліктің алдыңғы бөлігінен іліп сүйреу




Сүйреу арбасын артқы дөңгелектердің астына орналастырып, оны мықтап бекітіңіз.

## Автокөліктің артқы бөлігінен іліп сүйреу



Сүйреу арбасын алдыңғы дөңгелектердің астына орналастырып, оны мықтап бекітіңіз.

## Автокөлікті сүйреу үшін шығыры бар тиегішті пайдалануға тыйым салынады.



5


Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Сүйреу үшін шығыры бар тиегішті пайдалануға тыйым салынады, себебі автокөлік корпусы тез зақымдалуы мүмкін.

### ⚠️ Назар аударыңыз!

Толық немесе артқы жетекті автокөліктерді сүйреу үшін платформасы бар тиегішті немесе сүйреу платформасын пайдалану керек. Автокөліктің екі дөңгелегі жер бетінде болатын сүйреу әдісін қолданбаңыз, әйтпесе автокөлік қатты зақымдалады.

## Сүйреу құлақшасы



5BD7B3E5FD4C

Алдыңғы сүйреу құлақшасы шассидің сол жақ алдыңғы жағында орналасқан.

## Сүйреу сымарқаны

Автокөлікті қорғау үшін сүйреу сымарқаны икемді болуы керек. Жасанды талшықтан немесе ұқсас серпімді материалдардан жасалған сымарқанды пайдалану ұсынылады. Сүйреу сымарқанын тек автокөлікке арналған сүйреу құлақшасына немесе ілмек түріндегі тартқышқа орнатуға болады.

Сүйреу сымарқанын орнатқан кезде автокөліктің корпусына зақым келтірмеу үшін абай болыңыз. Трактор мен сүйретілетін автокөлік арасындағы қашықтық 4 м шамасынан жоғары және 10 м шамасынан аз болуы керек. Сүйреу сымарқанының ортаңғы бөлігінде жалаулар болуы керек. Қараңғыда сүйреген кезде жарық шағылыстыратын материалдардан жасалған сүйреу сымарқанын пайдалану ұсынылады, бұл оның көрінуін жақсартыды.

### ⚠️ Назар аударыңыз!

- > Сүйреу сымарқанын өзіңіз сатып алуыңыз керек.
- > Сүйреу үшін болат арқанды пайдаланбаған жөн, әйтпесе бамперді зақымдап алуыңыз мүмкін.

## Сүйреу құлақшасынан сүйрету

Сынған жағдайда, сүйреуге арналған кәсіби техниканы пайдалану мүмкіндігі болмағанда уақытша шара ретінде сүйреу құлақшасын пайдалануға болады. Мұндай тәсіл жабыны қатты жолдармен тек қысқа қашықтыққа және төмен жылдамдықпен сүйреуге мүмкіндік береді.

### ⚠️ Ескерту

Сүйреген кезде автотіркемелерді сүйреуге қатысты жергілікті заңдар мен қағидаларды сақтау қажет.

## Автокөлікті сүйрету

Автокөлігіңізді сүйреген кезде жүргізуші руль мен тежегіш педалінің көмегімен басқару үшін автокөлікте отыруы керек. Оған қоса, дөңгелектер, автокөлік осьтері, руль, тежеу жүйесі, трансмиссия (беріліс қорабы және т. б.), жарықтандыру жүйесі (бұрылыс көрсеткіштері, стоп-сигналдар) жұмыс күйінде болуы тиіс. Сүйреу тәсілі:

1. Қуатты қосыңыз (қозғалтқышты оталдырыңыз) және берілістерді ауыстыру тұтқасын бейтарап (N) күйіне ауыстырыңыз. Егер автокөлік қозғалтқышы оталмаса, оталдыру жүйесі құлпының ауыстырып қосқышын ON күйіне ауыстыру керек.

### ⚠️ Назар аударыңыз!

Оталдыру жүйесі құлпының ауыстырып қосқышын бейтарап (N) күйіне ауыстыруға мүмкін болмаса, автокөлікті сүйреу үшін сүйреу құлақшасын пайдалануға тыйым салынады.

2. Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз, тұрақ тежегішін жіберіп, сүйреудің басталуын күтіңіз. Сүйреген кездегі жылдамдық 30 км/сағ шамасынан, ал сүйреу қашықтығы 80 км шамасынан аспауы тиіс.

### **▲ Назар аударыңыз!**

- > Егер автокөлік оталмаса, күшейткіштердің жүйелері жұмыс істемей, руль мен тежеу жүйесінде қиындықтар туындайды, сондықтан автокөлікті баяу жылдамдықпен сүйреу керек.
- > Сүйрейтін сымарқанның босап кетуіне жол бермеу үшін сүйреу кезінде автокөліктің алдыңғы жағында орналасқан стоп-сигналдарға назар аудару керек.
- > Ұзын еңіс аймақпен қозғалған кезде автокөлікті сүйреу үшін сымарқанды пайдаланбау керек.
- > Автокөлікті артқа жүргізіп сүйретуге тыйым салынады.

# Төтенше жағдайда көмек көрсету жүйесі

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Төтенше жағдайда көмек көрсету жүйесі

Полицияны немесе жедел медициналық көмекті шақыру қажет болған кезде бұл жүйені PSAP қызметімен (қоғамдық қауіпсіздік қызметі) байланысу үшін пайдалануға болады.

## Шұғыл қызметтерді шақыру түймесі



1C5D46377CA6

Шұғыл қызметтерді шақыру түймесі (SOS) кітап қуға арналған шамның жанында орналасқан.

## Шұғыл көмек нөмірі

Оталдыру жүйесі құлпының ауыстырып қосқышы ON күйінде болса, SOS түймесін ұзақ уақыт (3 секундтан аса) басып тұру жүйеге шұғыл қызметке қоңырау шалу қажеттілігі туралы сигнал болады. Сонымен қатар жүйе PSAP қызметіне автокөліктің орналасқан жері туралы ақпаратты жібереді. Егер телефон нөмірін терген кезде (түйменің қызыл шамы) қоңырауды болдырмау қажет болса, SOS түймесін (2 секундтан астам) басып тұру керек.

Оталдыру жүйесі құлпының ауыстырып қосқышы ON күйінде болса, автокөліктің қатты соқтығысуы немесе аударылуы жүйеге шұғыл қызметке қоңырау шалу қажеттілігі туралы сигнал болады. Сонымен бірге жүйе автокөліктің орналасқан жері туралы ақпаратты жедел қызметтер орталығына жібереді.

## Пайдалы ақпарат

Көмек шақыру үшін телефонмен байланысқаннан кейін тек PSAP қызметі шақыруды аяқтай алады.

## Жүйе күйінің индикаторы

Егер оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышы ON күйінде болса, SOS түймесі көмескі жарығының келесі режимдері болуы мүмкін:

Функциялардың сипаттамасы	Түймені жарықтандыру режимі
Қуат қосылғаннан кейін жүйенің өзін-өзі диагностикалауы (ON күйі)	Қызыл жарық қосқаннан кейін 5 секундтан соң сөнеді
Жүйе қуту режимінде тұрғанда	Егер автокөліктің көмескі жарығы қосылуы болса, түйме жасыл түспен жанады; егер жарық өшіп тұрса, түйме жанбайды
Нөмірді теру	Қызыл жарық жыпылықтайды
Сөйлесу барысында	Қызыл жарық жанады
Жүйе ақаулы болғанда	Қызыл жарық жанады (сөйлесу кезінде емес)

## Пайдалы ақпарат

Жүйенің ақаулары туындаған кезде тексерістен ету үшін сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

## Қосалқы аккумулятор

Төтенше жағдайда көмек көрсету жүйесінің 1 қосалқы аккумуляторы бар, ол ЖКО болған кезде және негізгі аккумулятор зақымдалған кезде жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қалыпты жағдайда, қосалқы аккумулятордың қуаты таусылған кезде жүйе автокөлік оталғаннан кейін автоматты қуаттау функциясын қосады.

## Пайдалы ақпарат

Қосалқы аккумулятордың қызмет ету мерзімі 3 жылды құрайды.

Егер қосалқы аккумулятордың жай-күйін анықтау қажет болса, тексерту үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

5

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

This page is designed for writing and contains the following elements:

- 18 horizontal lines for text, starting from the top and ending just above the footer.
- Registration marks (crosshairs) located at the top center, bottom center, left center, and right center of the page.
- Corner crop marks in the top-left, top-right, bottom-left, and bottom-right corners.



# 6

## Апаттық жағдайлар

---

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау қажеттілігі.....	144
Мотор бөлімі.....	145
Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған белгілер мен жапсырмалар .....	149
Бөлшектерді ауыстыру.....	150
Автокөлікке күтім жасау....	154



## Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау қажеттілігі

---

**Техникалық қызмет көрсету — бұл автокөлікті жөндеумен байланысты күрделі ақаулардың туындауының алдын алуға көмектесетін автокөлік күйін диагностикалау шарасы.**

Автокөлікті пайдалану барысында оның құрамдас бөлшектері сөзсіз тозады. Автокөлікті жүргізу кезінде оның күйі туралы уайымдамауыңыз үшін автокөліктің өнімділігін қалпында ұстау және қалпына келтіру мақсатында жүйелі түрде қарап тексеру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын өткізіп тұру қажет.

**Автокөлікке техникалық қызмет көрсету көлік жүргізу барысында оның күйі туралы уайымдамауыңызға мүмкіндік береді**

Техникалық қызмет көрсету барысында автокөлік бөлшектерінің күйіне сәйкес алдын алу шаралары ретінде профилактикалық жөндеу жұмысын жүргізуге болады, бұл көлік құралын қауіпсіз жүргізе алуыңыз және келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін оның күйі туралы уайымдамауыңыз үшін қажет.

**Осының арқасында автокөліктің қызмет ету мерзімі артып, пайдалану шығындары азаяды.**

Тежегіш қалыптары, шиналар және өзге де бөлшектер пайдалану барысында біртіндеп тозады және олардың қызмет ету мерзімі шектеулі. Тозу шегіне жеткен бөлшектерді пайдалану ақау тудырып, тіпті жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін. Демек жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету қажетті рәсім болады.

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Сақтық шаралары

### ⚠ Ескерту

> Мотор бөлімі — қауіп жоғары аймақ. Мотор бөлімінде жұмыс жүргізген кезде ерекше ақ болу қажет!

> Майды тексеру және құю кезінде күйік шалудан немесе өрттің шығуынан сақтану үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

Қозғалтқышты өшіріңіз.

Тұрақ тежегішін қосыңыз.

Қозғалтқыштың толық суығанын күтіңіз.

Мотор бөліміне балаларды жақындатпаңыз.

Ыстық қозғалтқыштың үстіне майдың төгілуіне жол бермеңіз.

Мотор бөліміне судың тиюіне жол бермеңіз.

> Отын жүйесімен немесе электр жабдықтарымен жұмыс істегенде өрттің шығуынан сақтану үшін келесі ережелерді орындаңыз:

Аккумулятордың теріс клеммасын ағытыңыз.

Шылым шегуге тыйым салынады.


Ашық от көздеріне жақын жерде жұмыс істеуге тыйым салынады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Толықтырып май құйған жағдайда қандай майдың құйылатынын қадағалаңыз. Қадағаламаған жағдайда автокөлікте күрделі функция ақаулары орын алуы және бөлшектер зақымдалуы мүмкін.

## Майлар мен сұйықтықтар


### GW4C20B қозғалтқышы бар автокөлік



8024A013A048

- Ⓐ Май құятын ауыздың қақпағы
- Ⓑ Майөлшегіш сүңгі
- Ⓒ Тежегіш сұйықтығына арналған бак
- Ⓓ Аккумулятор батареясы
- Ⓔ Радиатор қақпағы
- Ⓕ Кеңейткіш бак
- Ⓖ Руль гидроқұшейткішінің сұйықтығына арналған бак
- Ⓗ Алдыңғы әйнекқұйыштың бағы

### GW4D20M қозғалтқышы бар автокөлік




B6E0497CC3DF

- Ⓐ Май құятын ауыздың қақпағы
- Ⓑ Майөлшегіш сүңгі
- Ⓒ Тежегіш сұйықтығына арналған бак
- Ⓓ Аккумулятор батареясы
- Ⓔ Руль гидроқұшейткішінің сұйықтығына арналған бак
- Ⓕ Радиатор қақпағы
- Ⓖ Кеңейткіш бак
- Ⓗ Алдыңғы әйнекқұйыштың бағы

## Мотор майы

### Тексеру



8F3D41CDBC64

- Ⓐ Төменгі шегі
- Ⓑ Жоғарғы шегі

Автокөлікті тегіс жолға қойыңыз, қозғалтқышты қыздырыңыз, судың температурасы жұмыс үшін стандарт көрсеткішке жетуі тиіс, содан кейін оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын OFF күйіне ауыстырыңыз. 10 минуттан кейін майөлшегіш сүңгіні шығарып алып, оны сүртіңіз. Май деңгейін тексеру үшін майөлшегіш сүңгіні май деңгейін көрсеткіштің түтігіне толығымен салыңыз, шамамен 10 минут күтіп, қайта шығарып алыңыз. Май деңгейі майөлшегіш сүңгінің төменгі және жоғарғы белгілерінің арасында орналасуы тиіс. Егер май деңгейі төменгі деңгей белгісіне жақын немесе одан төмен болса, деңгейді төменгі және жоғарғы деңгейдің арасындағы белгіге дейін көтеру үшін дер кезінде қосымша май құю қажет.

### Пайдалы ақпарат

Майөлшегіш сүңгінің пішіні қозғалтқыш түріне байланысты әртүрлі болады.

### Ескерту

- > Егер қозғалтқыштың жұмысы кезінде айналып тұрған бөлшектерге, мысалы, белбеулерге және желдеткішке қолыңызды тигізсеңіз немесе оларға жақын тұрсаңыз, қолдарыңызды, киімдеріңізді, құрал-саймандарды және т. с. с. тартып әкету қаупі бар, бұл жазатайым оқиғаға алып келуі мүмкін.
- > Мотор майын тексеру немесе құю кезінде күйік шалудан сақтану үшін ерекше сақтық таныту қажет.
- > Қолданылмай тұрған кезінде мотор майын дұрыс сақтаңыз. Майдың топыраққа немесе суға төгілуі қоршаған ортаның ластануына алып келуі мүмкін.

## Сұйықтықты қосымша құю

Қозғалтқыштың май құятын аузының қақпағын ашыңыз да, майды ернеуден асып төгілуіне жол бермей, жайымен құйыңыз. Абайсызда сұйықтық ернеуден асып төгілсе, дереу шүберекпен сүртіп алыңыз. Сүртілмеген жағдайда мотор бөлімінің бөлшектері зақымдануы мүмкін. Қозғалтқыштың жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету және қызмет ету мерзімін келіпдендіру үшін мотор майының маңызы зор, сондықтан жоғары сапалы тазартылған мотор майын пайдаланған жөн. Автокөліктің жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін міндетті түрде мотор майының көрсетілген түрін пайдаланыңыз.

## Мотор майына қосылатын қоспалар

Сіздің автокөлігіңіздің мотор майына қандай да бір қоспа қосу қажет емес. Қоспалар қозғалтқыштың жұмысын жақсартуға ықпал етпейді және қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін ұзартпайды. Керісінше, олар қозғалтқыш майымен химиялық реакцияға түсіп, оны бұзып, қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

### Назар аударыңыз!

- > Қозғалтқыштағы мотор майын жүйелі түрде тексеріп және ауыстырып отырыңыз. Олай етпеген жағдайда майдың жеткіліксіз мөлшері немесе оның ескіруі қозғалтқыштың айналатын бөлшектерінің нашар майлануына алып келеді де, қозғалтқыштың қақтануы және зақымдалуы орын алады.
- > Мотор майы майлау және салқындату функциясын атқарады, тіпті қалыпты жүргізу мәнерінде де поршеньдер мен клапандарды майлап тұратын майдың бір бөлігі отынмен араласып, жану камерасында жанып кетеді, бұл қозғалыс кезінде май көлемінің азаюына алып келеді. Май көлемінің азаю дәрежесі қозғалыс жағдайларына байланысты.
- > Қозғалтқышқа қосымша май құйған кезде талап етілетін май көлемінен асырмау қажет.

## Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы

### Тексеру

Кеңейткіш бактағы сұйықтықтың деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс. Егер салқындату сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасында болатындай етіп, үстемелеп құйыңыз, сондай-ақ салқындату жүйесінде сұйықтықтың жылыстаған жерлерінің бар-жоғын тексеріңіз.

## Сұйықтықты қосымша құю

Қозғалтқыш салқындағанша күтіп, тығынды баяу бұрап алыңыз.

Егер салқындату сұйықтығы сыртқа ақса, бөлшектер мен бояуды зақымдамауы үшін оны дереу сүртіп алу қажет.

Міндетті түрде салқындату сұйықтығының көрсетілген түрін пайдаланыңыз.

### **i** Пайдалы ақпарат

- > Салқындату сұйықтығын этиленгликольмен араластыру оның қату температурасын төмендетуге мүмкіндік береді. Сұйықтықты ерікті түрде ағызуда тыйым салынады, себебі бұл су қоймаларының ластануына әкелуі мүмкін.
- > Салқындату сұйықтығын ауыстыру үшін уәкілетті дилерге хабарласыңыз.

### **▲** Ескерту

- > Суымаған қозғалтқыштағы кеңейту бағының қақпағын алуға тыйым салынады. Салқындату жүйесінің ішінде жоғары қысым болуы мүмкін; қақпақты ашқан кезде ыстық салқындату сұйықтығы атқылап шығуы мүмкін, бұл күйік шалуға немесе басқа жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- > Салқындату сұйықтығының құрамында зиянды заттар бар. Дене мүшелерінің салқындату сұйықтығымен жанасуына жол бермеңіз, егер бұл орын алса, мол сумен шайыңыз.
- > Салқындату сұйықтығын абайсыз жұтып қойған жағдайда, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

## Тежегіш сұйықтығы

### Тексеру

Бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

Бақтағы сұйықтықтың төменгі және жоғарғы белгілердің арасындағы деңгейде орналасуын қадағалаңыз.

Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі төменгі шекті белгіден төмен болса, деңгейді төменгі және жоғарғы шектердің арасындағы белгіге дейін көтеру үшін қосымша сұйықтық құю және тежеу жүйесінде сұйықтықтың жылыстайтын жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

## Сұйықтықты қосымша құю

Резервуардың қақпағын ашып, сұйықтықты баяу толтырыңыз, асыра құймаңыз. Асып кеткен жағдайда, артық сұйықтықты дереу алып тастаңыз. Сүртілмеген жағдайда мотор бөлімінің бөлшектері зақымдануы мүмкін.

Тежегіш сұйықтығының тек көрсетілген түрін пайдаланыңыз.

### **▲** Ескерту

- > Тежегіш сұйықтығының жеткіліксіздігі тежелу тиімділігіне әсер етеді және ЖКО-ның орын алу қаупін тудырады.
- > Тежегіш сұйықтығы денсаулыққа қауіп төндіреді және коррозия тудырады. Тежегіш сұйықтығы теріге тиген кезде, жанасу аймағын дереу көп мөлшерде таза сумен шайыңыз. Сұйықтықты жұтып қойған жағдайда кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

## Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығы

### Тексеру

Бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс.

Руль гидрокүшейткіші сұйықтығының бақтағы деңгейі ең төменгі белгіден төмен түссе, деңгей төменгі және жоғарғы белгілер арасында болатындай етіп үстемелеп құю қажет, сондай-ақ руль жүйесінде аққан жердің болмауын тексеріңіз.

## Сұйықтықты қосымша құю

Бактың қақпағын бұрап ашыңыз, ернеуінен асып төгілуіне жол бермей, сұйықтықты абайлап құйыңыз. Асып кеткен жағдайда, артық сұйықтықты дереу алып тастаңыз. Сүртілмеген жағдайда мотор бөлімінің бөлшектері зақымдануы мүмкін.

Міндетті түрде руль гидрокүшейткіші сұйықтығының көрсетілген түрін пайдаланыңыз.

### **▲** Ескерту

- > Руль гидрокүшейткіші сұйықтығының жеткіліксіз мөлшері руль гидрокүшейткішінің істен шығуына әкелуі немесе руль жүйесіне зақым келтіруі мүмкін, бұл ЖКО қаупінің жоғарылауын білдіреді.

## Алдыңғы әйнекжуғыш сұйықтығы

### Сұйықтықты қосымша құю

Резервуардың қақпағын ашып, сұйықтықты баяу толтырыңыз, асыра құймаңыз. Асып кеткен жағдайда, артық сұйықтықты дереу алып тастаңыз.

Тазартқыш сипаттамаларын жақсарту және суық ауа райында қатып қалуын болдырмау үшін жоғары сапалы жуу сұйықтығын пайдаланыңыз.

#### **i** Пайдалы ақпарат

Егер қоршаған ортаның температурасы 0 °C шамасынан төмен болса, антифриз қасиеттері бар сұйықтықты қолдану керек. Сұйықтықты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Сұйықтық тез тұтанады және оны тұтану көздерінен алыс ұстау керек.

#### **▲** Назар аударыңыз!

Жуғыш сұйықтығын сабын ерітіндісімен немесе басқа сұйықтықтармен алмастырмаңыз. Бұл шанақтың лак-бояу жабынының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

#### **▲** Ескерту

Қозғалтқыш қызып тұрған және жұмыс істеп тұрған кезде жуу сұйықтығын құймаңыз. Жуу сұйықтығының құрамында спирт бар, оның қозғалтқышқа төгілуі тұтануға алып келуі мүмкін.

## Радиатор, желдеткіш

Қозғалтқыш бөлігіндегі радиаторды, желдеткішті және басқа салқындату құрылғыларын үнемі тексеріп отырыңыз, егер олар қатты ластанған болса, оларды дереу тазалаңыз. Радиатордың үздіксіз жұмыс істеуіне күмән туындаған жағдайда, тексеру жүргізу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Төтенше жағдайларда (мысалы, суда, құмда, қиыршық таста және т. б.) әр сапардан кейін радиатордың, желдеткіштің және қозғалтқыш бөлігіндегі басқа салқындату құрылғыларының ластанбағанын тексеріңіз. Ластанған жағдайда, тексеру және тазалау үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Аккумулятор батареясы

Сіздің автокөлігіңізде қолданылатын қайта зарядталатын батареяға қызмет көрсетілмейді.

Аккумулятор батареясының заряды жеткіліксіз болса, оны зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз. Ауыстыру үшін уәкілетті дилерге хабарласыңыз.

# Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған белгілер мен жапсырмалар


## Радиатор қақпағындағы ескерту жапсырмасы



361F87CC1BAF

Бұл белгі радиатор қақпағында орналасқан. Ол қозғалтқыш қызып кеткен кезде радиатор қақпағын ашуға тыйым салынғанын ескертеді. Олай болмаса, күйіп қалу және салқындату сұйықтығының төгілу қаупі бар.

## Мотор бөліміндегі ескертуші жапсырмалар




6FC9C3B803CD

Жапсырмалар мотор бөлімінің немесе сәндік тор тақтасының алдыңғы қабырғасында орналасқан және мыналар жөнінде хабарлайды:

- > Кондиционер жүйесінің тоңазытқыш агентінің маркасы мен көлемі.
- > Салқындату желдеткіші кез келген уақытта қосылуы мүмкін және қолыңызды желдеткіштің қорғаныс корпусының астына қоюға қатаң тыйым салынады. Олай болмаса, оның кенеттен қосылуы ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

## Аккумулятор батареясындағы ескертулер



340CF5EC9B21

Бұл ескертулер аккумулятор батареясында орналасқан және аккумулятор батареясын орнатудың, шешіп алып, тексерудің алдында келесі сақтық шараларын сақтау қажет екені туралы ақпаратты қамтиды.

- > Аккумулятор батареясына балаларды жолатпаңыз.
- > Аккумулятор батареясын қолданған немесе зарядтаған кезде жанғыш газ шығуы мүмкін, сондықтан оны қатты жылу көздерінен және ашық оттан алшақ ұстау қажет. Олай болмаса, аккумулятор батареясы өртенуі немесе жарылуы мүмкін.
- > Аккумулятордың ішінде күйдіргіш сұйықтық бар.
- > Онымен жұмыс істеген кезде қорғаныш көзілдірік кию және өзге де сақтық шараларын сақтау қажет.

6

Апаттық  
жағдайлар

## Бөлшектерді ауыстыру

### Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

### Сақтандырғышты ауыстыру

Егер қандай да бір электр құрамдас бөлігі істен шықса, оның себебі сақтандырғыштың күйіп кетуімен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда төменде сипатталған тәртіпке сәйкес тексеру жүргізуді және қажет болса, сақтандырғышты ауыстыруды ұсынамыз.

1. Барлық электр тұтынушыны өшіру керек.
2. Оталдыру жүйесі құлпының қосқышын OFF режиміне қойыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз және батарея жинағынан «теріс» сымды ажыратыңыз.
3. Сақтандырғыштар келесі жерлерде орналасқан.

### > Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогында



06F384789A21

Сақтандырғыш блогы қақпағының екі ысырмасын басыңыз, содан кейін сақтандырғыш блогын ашу үшін қақпақты жоғары қарай тартыңыз.

### > Рульдің жанындағы бақылау тақтасында




87465446EAD2

Қақпақты алып тастағаннан кейін бәрі түсінікті болады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Электр компоненттеріне зақым келтірмеу үшін реле мен сақтандырғыш блогына су мен басқа сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз.
- > Қақпақты реле мен сақтандырғыштар блогына орнатар кезде оның дұрыс орналасуын қамтамасыз етіңіз. Олай болмаса, блокқа су мен кірдің түсуі реле мен сақтандырғыштардың жұмысын бұзуы мүмкін.

4. Сақтандырғышты шешіп алу үшін автокөлікпен жиынтықта жеткізілетін арнайы ісекте қолданыңыз. Ақаулы электр құралына сәйкес келетін сақтандырғышты табу үшін сақтандырғыштар блогының қақпағындағы тізбек туралы ақпаратпен танысыңыз және оны тексеріңіз.




AAB82A99DA36



### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Арнайы іскек пен қосалқы сақтандырғыштар мотор бөлімінің реле блогында орналасқан.
- > Сақтандырғыштар тізбегі, сондай-ақ сақтандырғыштар мен электр тораптарының арасындағы тиісті өзара байланыс туралы ақпарат сақтандырғыштар блогының қақпағында көрсетілген.
- > Ақау бірнеше сақтандырғыштан туындауы мүмкін болғандықтан, оны алып тастаудың алдында сақтандырғыштарды тексеру қажет. Егер ақау жойылмаса, өкілетті дилерге хабарласыңыз.

5. Егер сақтандырғыштың ішіндегі сымы күйіп кеткен болса, оны дәл сондай номиналы бар қосалқы сақтандырғышқа ауыстырыңыз.



6DC672024A26

- Ⓐ Қалыпты сақтандырғыш  
Ⓑ Күйіп кеткен сақтандырғыш

### ⚠ Ескерту

Ауыстыру үшін жөнделген сақтандырғыштарды немесе номиналы басқа сақтандырғыштарды пайдалануға тыйым салынады, себебі мұндайда тізбектегі шектен тыс жүктемеден өрт шығуы мүмкін.

6. Электр компоненттерінің жарамдылығын тексеріңіз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Егер аз уақыттан кейін резервтік сақтандырғыш күйіп кетсе немесе электр тораптарының жұмысында бұрынғыша бұзылулар орын алып жатса, бұл автокөліктің электр жүйесінде күрделі ақаудың бар екенін көрсетеді. Бұл жағдайда сіз дереу өкілетті дилерге хабарласуыңыз керек.

## Алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларын ауыстыру (I түр)


Алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларының күйін үнемі тексеріп отыру керек. Щеткалар келесі жағдайларда ауыстырылуы керек.

- > Щетка қырғыштарында жарықтардың болуы немесе резеңкенің ішінара қатаюы.
- > Әйнектазалағышты қолданған кезде, онда жолақтар немесе тазартылмаған жерлер қалады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Әйнектазалағыштарды көтергенде және түсіргенде щеткалардың деформациялануын және бұзылуын болдырмау үшін оларды қатты тартуға тыйым салынады.

1. Оталдыру жүйесі құлпының қосқышын OFF күйіне ауыстырыңыз, алдыңғы әйнектазалағышты басқарудың құрамдасқан қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз және осы күйде шамамен 3 секунд ұстаңыз. Әйнектазалағыштар суретте көрсетілгендей техникалық қызмет көрсетуге қолайлы күйге автоматты түрде орналасады.




6D6133D0AE5C

2. Әйнектазалағыштың тұтқаларын одан қайырыңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Тұтқаларды көтеру үшін әйнектазалағышты техникалық қызмет көрсету режиміне ауыстырыңыз. Олай болмаса, алдыңғы әйнектазалағышты зақымдауыңыз мүмкін.
- > Капотты әйнектазалағыштың тұтқалары көтерілген кезде ашпаңыз. Олай болмаса, әйнектазалағыштар тұтқалары мен капотты зақымдауыңыз мүмкін.

3. Щетканы әйнектазалағыштың тұтқасынан шешіп алыңыз.



2904F738879B

- А) Алдыңғы әйнектазалағыштың щеткалары  
 Б) Серпімді қапсырма  
 Серпімді қапсырманы басып, щетканы көрсеткі бағытында тартып, шешіп алыңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Щетка орнатылмаған тұтқаны алдыңғы әйнектазалағышқа түсірмеңіз — бұл әйнекке зақым келтіруі мүмкін.

4. Жаңа щетканы орнатыңыз және жаңа щетка мен тұтқаны алдыңғы әйнектің бетіне түсіріңіз. Орнату аяқталғаннан кейін, нық бекітілгеніне көз жеткізу үшін әйнектазалағышты жоғары және төмен жылжытыңыз.
5. Әйнектазалағышты бастапқы күйіне келтіру  
 Оталдыру жүйесі құлпының қосқышын ON режиміне қойыңыз немесе қозғалтқышты оталдырыңыз, сонда әйнектазалағыштар автоматты түрде бастапқы күйіне оралады.

## Алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларын ауыстыру (II түр)

Алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларының күйін үнемі тексеріп отыру керек. Щеткалар келесі жағдайларда ауыстырылуы керек.

- > Щетка қырғыштарында жарықтардың болуы немесе резеңкенің ішінара қатаюы.
- > Әйнектазалағышты қолданған кезде, онда жолақтар немесе тазартылмаған жерлер қалады.

### ⚠ Назар аударыңыз!

Әйнектазалағыштарды көтергенде және түсіргенде щеткалардың деформациялануын және бұзылуын болдырмау үшін оларды қатты тартуға тыйым салынады.

1. Оталдыру жүйесі құлпының қосқышын OFF күйіне ауыстырыңыз, алдыңғы әйнектазалағышты басқарудың құрамдасқан қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз және осы күйде шамамен 3 секунд ұстаңыз. Әйнектазалағыштар суретте көрсетілгендей техникалық қызмет көрсетуге қолайлы күйге автоматты түрде орналасады.




6D6133D0AЕ5C

2. Әйнектазалағыштың тұтқаларын одан қайырыңыз.

### ⚠ Назар аударыңыз!

- > Тұтқаларды көтеру үшін әйнектазалағышты техникалық қызмет көрсету режиміне ауыстырыңыз. Олай болмаса, алдыңғы әйнектазалағышты зақымдауыңыз мүмкін.
- > Капотты әйнектазалағыштың тұтқалары көтерілген кезде аспаңыз. Олай болмаса, әйнектазалағыштар тұтқалары мен капотты зақымдауыңыз мүмкін.

3. Щетканы әйнектазалағыштың тұтқасынан шешіп алыңыз.



543490B16B8E

- А) Алдыңғы әйнектазалағыштың щеткалары  
 Б) Серпімді қапсырма  
 Ысырманы ағытып, щетканы көрсеткі бағытында тартып, шешіп алыңыз.

### **▲Назар аударыңыз!**

Щетка орнатылмаған тұқаны алдыңғы әйнектазалағышқа түсірмеңіз — бұл әйнекке зақым келтіруі мүмкін.

4. Жаңа щетканы орнатыңыз және жаңа щетка мен тұқаны алдыңғы әйнектің бетіне түсіріңіз. Орнату аяқталғаннан кейін, нық бекітілгеніне көз жеткізу үшін әйнектазалағышты жоғары және төмен жылжытыңыз.
5. Әйнектазалағышты бастапқы күйіне келтіру Оталдыру жүйесі құлпының қосқышын ON режиміне қойыңыз немесе қозғалтқышты оталдырыңыз, сонда әйнектазалағыштар автоматты түрде бастапқы күйіне оралады.

### **Шамдар**

Автокөлік шығаратын зауытта фаралар реттеледі. Алайда сіз автокөлікті жүктерді тасымалдау үшін жиі қолдансаңыз, қайта реттеу қажет болуы мүмкін. Фаралар сәулесінің бұрышын реттеу үшін өкілетті дилерге хабарласыңыз.

### **Шамдарды тексеру**

Автокөліктің сыртқы жарықтандыру құрылғыларының күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Зақымдалған шам автокөліктің көрінуді нашарлатады және басқа көлік құралдарының жүргізушілеріне ескерту сигналдарын беруге кедергі келтіреді, бұл қозғалыс қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.

### **Шамдарды ауыстыру**

Шамдарды ауыстыруды маман орындауы тиіс. Әдеттегі жағдайда шамдарды өзіңіз ауыстырмаңыз — бұл үшін маманға хабарласыңыз. Бұны жасау қажет, өйткені шамдарды ауыстыру үшін көліктің кейбір бөлшектерін алып тастау керек. Бұл әсіресе мотор бөлімінен ауыстырылатын шамдарға қатысты. Сондықтан шамдарды ауыстыру үшін өкілетті дилерге хабарласуды ұсынамыз.

### **▲Ескерту**

- > Шамдардың ішінде қысымды газ бар, ол ауыстыру процесінде жарылыс пен жарақатқа әкелуі мүмкін.
- > Егер автокөлік газ разрядты (ксенон) шамдармен жабдықталған болса, ауыстырған кезде оларды өшіру керек. Олай болмаса, жоғары кернеу ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- > Сыртқы жарық аспаптарының конструкциясын өзгертуге тыйым салынады.
- > Стандарттарға сәйкес келмейтін сыртқы жарық құралдарын орнатуға тыйым салынады.

### **Фаралар әйнегінің булануы**

Жаңбырлы ауа райында көлік жүргізгенде немесе автокөлікті жуған кезде фаралар әйнегі булануы мүмкін. Бұл фаралар ішіндегі және сыртқы ауа температурасының айырмасынан туындайды және жаңбыр жауған кезде автокөлік әйнектерінің булануына ұқсас. Бұл жабдықтың функционалдығына әсер етпейді. Алайда әйнектің астында немесе шамдарда су жиналса, тексеру үшін өкілетті дилерге хабарласыңыз.

### **▲Назар аударыңыз!**

Зақымдалуына жол бермеу үшін фаралардың әйнектеріне химиялық еріткіштер немесе күшті әсер ететін жуғыш құралдар қолдануға тыйым салынады.

# Автокөлікке күтім жасау

## Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдық, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдық және автокөліктің нақты бір үлгісіне арналған жабдық қамтылғанын ескеріңіз. Осылайша осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтар немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы немесе кейбір нарықтарда ғана қолжетімді болуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

## Шиналарға күтім жасау

Қозғалыс қауіпсіздігі үшін дөңгелектердің түрі мен өлшемі автокөлігіңізге сәйкес келуі және шиналар протекторының суреті мен ауасының қысымы дұрыс келуі тиіс.

### ⚠ Ескерту

- > Тозған, зақымдалған, сондай-ақ жеткілікті емес немесе шамадан тыс үрленген шиналарды пайдаланбаңыз. Бұл ЖКО-ға және жарақаттарға себеп болуы мүмкін.
- > Пайдалану нұсқаулығында келтірілген шиналардағы ауа қысымына және оларға күтім жасауға қатысты барлық талап сақталуы керек.
- > Шиналар жанған кезде уытты газ пайда болады. Дөңгелек қаптарын қайта өңдеу үшін жеткізушіге өткізіңіз.

## Шиналарды тексеру

Әрқез шиналардағы қысымды тексерген кезде, зақымдардың, тесілген жерлерінің болмағанына көз жеткізу, олардың тозу дәрежесін және т. с. с. бағалау қажет. Келесі жағдайларда шиналарды дереу ауыстыру қажет.

- > Протекторда немесе шиналардың бүйірлік жақтарында зақымданулар мен тегіс емес жерлер бар.
- > Протектордың шектен тыс тозуы.

## Шиналардағы ауаның қысымы

Шиналардағы қалыпты ауа қысымын сақтау автокөліктің қалыпты басқарылуын қамтамасыз етеді, шиналар протекторының қызмет ету мерзімін ұзартады және қозғалыс кезінде қажетті жайлылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Ауа қысымы жеткіліксіз болған кезде, шиналар әрқелкі тозуға ұшырайды. Сонымен қатар бұл өңдеу мен энергияны тұтынуға (отын шығынына) теріс әсер етеді. Шиналардың қызып кетуіне байланысты ауа ағып кетуі де мүмкін.

Шиналардағы шамадан тыс ауа қысымы қозғалыс кезінде жайлылықтың төмендеуіне әкеледі. Бұл жол төсемінің тегіс болмауына байланысты шиналардың зақымдану және әрқелкі тозу ықтималдығын арттырады.


Қосалқы дөңгелекті (бар болса) қоса алғанда, шиналардағы ауа қысымын жүйелі түрде тексеріп тұруға кеңес беріледі.

Шиналардағы ауа қысымын шина суығаннан кейін өлшеу қажет. Ең дәл өлшеу деректерін автокөлік қозғалысыз 3 сағаттан көп уақыт тұрған кезде немесе жүріп өткен жолдың 1,5 км шамасынан аспаған жағдайда алуға болады. Егер суығанын күтпестен (бірнеше километр жол жүргеннен кейін) шиналардағы ауа қысымын өлшесеңіз, онда қысым көрсеткіштері суыған шинамен салыстырғанда 30-40 кПа шамасына жоғары болады. Бұл - қалыпты жағдай. Мұндай жағдайда қысымды суық күйде күтілетін мәнге жеткенше азайтуға болмайды, өйткені соңында ол нормадан төмен болады.

### ℹ Пайдалы ақпарат

Шинаның өте қанағаттандырылдық күйде болғанына қарамастан шинадағы ауа қысымы айына 10-20 кПа шамасына түсіп отыруы мүмкін. Қысымды жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

## Шиналардың тозуы



Ⓐ Тозу индикаторы

Ⓑ Тозу индикаторларының орналасу схемасы

### ℹ Пайдалы ақпарат

Бұл сурет тек үлгі ретінде берілген. Индикаторлардың нақты орналасуын басшылыққа алыңыз.

Тозу шегіне жеткеннен кейін шинаны мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек.

Егер бедері терең емес немесе тозу белгілері бар шиналарды пайдалануды жалғастырсаңыз, бұл тежеу жолының ұлғаюына, рульдің бұзылуына және шинаның жарылуына алып келеді, нәтижесінде ЖКО орын алуы мүмкін.

Егер шиналардың әркелкі тозуы байқалса немесе қозғалыс кезінде үздіксіз діріл сезілсе, тексерту үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Жаңа шиналарды орнатқан кезде қозғалыс кезінде барынша жайлылықты қамтамасыз ету және шиналардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін міндетті түрде дөңгелектерді теңгеру қажет.

## Шиналарды алмастырып салу

Шиналардың қызмет ету мерзімін ұзарту және олардың біркелкі тозуын қамтамасыз ету үшін жинақтағы шиналардың немесе дөңгелектердің үнемі орындарын ауыстырып отыру ұсынылады.

Шиналарды маман алмастырып салуы тиіс. Өкілетті дилерге хабарласуды ұсынамыз.

## Дөңгелектерді теңгеру

Дөңгелектер теңгерімінің бұзылуы автокөліктің басқарылу сипаттамасына және шиналардың қызмет ету мерзіміне әсер етеді. Дөңгелектер теңгерімінің бұзылуы қалыпты жұмыс кезінде де орын алады. Сондықтан динамикалық теңгеру параметрлеріне сәйкес дөңгелектерге теңгеру орындау қажет.

## Шиналардың тегістелуі туралы ескерту

Автокөлік жоғары температурада ұзақ тұрған кезде шина жол бетіне тиген жерде аздап деформацияланады. Бұл құбылыс «шинаның тегістелуі» деп аталады, бұл - қалыпты болып табылады. Дегенмен тегістелу қозғалыс кезінде көлік пен рульдің дірілдеуіне әкелуі мүмкін. Қозғалыс кезінде шиналар қызып, дұрыс пішінге ие болған кезде діріл мен тегістелу жоғалады.

Автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұрған кезде шиналардың тегістелуін келесі әдістердің бірі арқылы азайтуға болады.

> Шиналардағы ауа қысымын арттыру (шамамен 300 кПа мәніне дейін). Мұндай қысыммен автокөлікті жүргізуге тыйым салынады. Автокөлікті пайдаланар алдында шиналардағы ауа қысымын ұсынылған мөндерге дейін азайтып алу қажет.

> Автокөлікті кемінде 30 күн сайын орнынан 1 рет қозғап отыру (оңтайлысы — 15 күн сайын 1 рет қозғау). Орнынан қозғаған кезде автокөліктің дөңгелектері кемінде 90°-қа бұрылуы тиіс.

## Шанаққа күтім жасау

### Автокөлікті жуу

Автокөлікті жиі жуу оның сыртқы көрінісін сақтауға көмектеседі. Шаң-тозаң мен қиыршық тас лак-бояу жабынын қырнауы мүмкін, ал жапырақтар мен құс саңғырығы шанақ бетін ластайды.

Автокөлікті күн сәулесінің тікелей түсуіне жол бермей жуу керек. Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы күн көзіне тұраққа қойылған болса, алдымен оны көлеңкелі салқын жерге ауыстырып қойыңыз және шанағының сууын күтіңіз, содан кейін жууға кірісіңіз.

### Автокөлікті жуу

1. Шанақтың бетінде жапырақтар мен құс саңғырығы іздерінің болмауына көз жеткізіңіз.

Егер мұндай ластану болса, оларды шүберекпен немесе тазартқышпен алып тастаңыз, содан кейін шанақтың бетін таза ұстау үшін таза сумен шайыңыз.

2. Шаңды кетіру үшін шанақты таза сумен жақсылап шайыңыз.

Шанақты жуғыш зат қосылған сумен жұмсақ щеткамен, ысқышты немесе жұмсақ шүберекті қолданып жуыңыз.

3. Шелекті суға толтырып, шанақты шаюға арналған арнайы құралды қосыңыз және төбеден бастап төмен қарай бірнеше рет шайыңыз.

4. Жуу мен шаюды аяқтағаннан кейін, шанақты арнайы күдері матамен немесе жұмсақ түкті сүлгімен құрғатыңыз. Автокөлікті табиғи түрде кептіруге қалдыруға болмайды, бұл шанақтың лак-бояу жабынының көмескіленуіне және дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

### ▲ Назар аударыңыз!

- > Химиялық еріткіштер және агрессивті тазалау құралдары шанақтың лак-бояу жабынын, сондай-ақ металл және пластик бөлшектерін зақымдауы мүмкін.
- > Жуғаннансоң, сондай-ақ жолдың су басқан аймақтарынан өткеннен кейін тежегіш педалін басу арқылы тежегіш жүйесінің жарамдылығын тексеру керек.
- > Ауа райы суық болған кезде, тығыздағыштардың немесе кілт саңылауларының қатып қалуын болдырмау үшін кілт саңылауларына, есік саңылауларына және сол сияқтыларға су кіргізбеңіз.
- > Автокөлікті жуған кезде оның ішкі бөлігін жуу үшін жанармай бағының оңуі мойнының люгін ашуға тыйым салынады.

### Шанақты жылтырату

Шанақты жылтырату шанаққа күтім жасау және оған техникалық қызмет көрсету үшін профилактикалық мақсатта орындалады. Жылтырату әрекетін орындар алдында жақсы нәтиже алу үшін автокөлікті мұқият тазалап алу қажет.

Бүгінгі таңда нарықта автокөлік жылтыратқыштарының сипаттамалары әртүрлі көптеген түрі бар, сондықтан оларды таңдауда мұқият болған жөн. Жылтырату үшін жарамсыз материалдарды пайдалану шанақтың лак-бояу жабынын сенімді қорғауды қамтамасыз етпейтінімен қоса, оның түсі мен күйінің өзгеруіне әкеледі.

Жылтыратқышты таңдау кезінде оның функционалдық сипаттамаларына, автокөліктің жасына, лак-бояу жабынының түсіне, сондай-ақ автокөлікті жүргізу жағдайларына және т.б. назар аудару қажет. Толық ақпарат алу үшін өкілетті дилерге немесе мамандарға хабарласыңыз.

### Лак-бояу жабынын қалпына келтіру

Шанақта жарықшақтар мен сызаттар бар-жоғын үнемі тексеріп отыру керек. Егер мұндай ақаулар табылса, шанақтың металл бөліктерінде коррозияны болдырмау үшін лак-бояу жабынын дереу қалпына келтіру керек.

Лак-бояу жабынын қалпына келтіруді шанақтың тек бояуы қатпарланып ажыраған немесе сызаттары бар шағын аймақтарында ғана жүргізуге болады. Шанақтың үлкен аймақтарында бояу қатпарланып ажыраған жағдайда мамандандырылған сервис орталығына жүгініңіз.

### Сұйықтықтардың жылыстауын бақылау

Автокөлікті беті тегіс жерге тұраққа қойып, біршама уақытқа қалдырыңыз, артынан автокөлік орнында отынның, майдың және өзге де сұйықтықтардың аққан іздерінің бар-жоғын тексеріңіз. Аққан сұйықтық іздері байқалған жағдайда қарап тексерту үшін сервис орталығына жүгініңіз.

### Салонға күтім жасау

#### ▲ Ескерту

Тазартқыш құралдардың құрамында денсаулыққа зиянды және қауіпті заттар болуы мүмкін. Салонды тазалау кезінде есіктерді немесе терезелерді ашып қоюға кеңес береміз. Тек салонды тазалауға арналған құралдарды ғана пайдаланыңыз және қаптамасында көрсетілген талаптар мен нұсқауларды орындаңыз.

#### i Пайдалы ақпарат

- > Автокөліктің ішін тазалаған кезде судың немесе басқа сұйықтықтардың тікелей аспаптар тақтасының саңылауларына, еденге немесе жақын орналасқан электр құрылғыларына түсуіне жол бермеңіз.
- > Шанақтың коррозиясын болдырмау үшін автокөліктің еденін сумен жууға болмайды.

### Еден жабыны

Еден кілемшелері мен еден жабынындағы кір мен шаңды шаңсорғышпен үнемі тазалап отырыңыз. Шаң-тозаңның шектен тыс көп жиналуы еден жабынының мезгілінен бұрын тозуына алып келеді. Жабынды тиісті тазалау құралдарымен үнемі тазалап отырыңыз. Кілем жабындар үшін көбіктенетін жуғыш құрал пайдалануға кеңес береміз. Жабын мүмкіндігінше құрғақ күйінде қалуы үшін жуғыш құралға су қоспаңыз.

### Мата қаптауыштар

Мата қаптауыштардың шаң-тозаңын кетіру үшін жүйелі түрде шаңсорғышты пайдаланыңыз. Қарапайым тазалау үшін жылы сабынды су ерітіндісіне малынған таза жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Айғыздану іздерінің пайда болуының алдын алу үшін кепкеннен кейін қаптауышты таза ылғал шүберекпен сүртіңіз, содан кейін ашық ауада кептіріңіз. Жойылуы қиын дақтарды кетіру қажет болса, матаны тазалауға арналған құралдарды пайдаланыңыз. Тазартқыш құралды пайдалану бойынша нұсқаулықтарды орындаңыз.

## Былғарымен қапталған элементтер

Шаң-тозаңды және кір-қоқысты кетіру үшін әсіресе қатпарлар және тігістер құрылған жерлерде жүйелі түрде шаңсорғышты пайдаланыңыз.

Теріні тазарту үшін таза суға малынған жұмсақ шүберекті қолдануға болады, содан кейін оны жұмсақ, құрғақ шүберекпен жылтырағанша ақырын сүрту керек. Қосымша тазалау қажет болған жағдайда былғарыға арналған арнайы тазартқыш құралды пайдалануға болады.

Былғарыға арналған тазартқыш құралды пайдаланғаннан кейін бірден оны жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Былғарыға арналған тазартқыш құрал сіңірілген шүберекті салонда ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Былғарыға арналған кейбір тазартқыш құралдар мата түсінің көмескіленуіне немесе бұзылуына әкелуі мүмкін.

## Резеңке бөлшектер

Қоршаған ортаның әсерінен резеңке бөлшектердің бетіне кір-қоқыс жиналуы мүмкін, осының әсерінен бөлшектің беті көмескіленеді. Резеңке бөлшектерді, әсіресе тозған бөлшектерді резеңке бұйымдарға күтім жасауға арналған құралдардың көмегімен тазалаңыз.

Шу оқшаулағыштың зақымдалуына немесе бұзылуына жол бермеу үшін күнделікті күтім жасау барысында резеңке тығыздауыштарға күтім жасауға арналған құрамында силиконы бар құралдарды пайдаланбаңыз; тек су және сәйкес келетін құралдарды ғана қолданыңыз.

## Пластмасса бөлшектер

### Пайдалы ақпарат

Құрамында спирті немесе еріткіші (мысалы, нитробояуға арналған еріткіш, бензин, әтірлер және косметикалық құралдар) бар сұйықтықтар бөлшектердің бетін зақымдауы мүмкін. Тазалау үшін (суға жеңіл малынған) микрофибрадан жасалған жұмсақ мата қолдану қажет.

Мұндай элементтерге жасанды былғарыдан жасалған қаптамалар, төбенің қаптамалары, төбе плафондары және басқа плафондар, дефлекторлар, боялған әрлеу бөлшектері жатады.

## Терезелер

Автокөлік әйнектерінің ішкі және сыртқы беттерін әйнектерге арналған жуғыш құралдың көмегімен тазалаңыз және барлық әйнек және пластик бетті жұмсақ шүберекпен немесе қағаз сүлгімен сүртіңіз.

## ⚠ Назар аударыңыз!

Егер артқы әйнектің ішкі бетіне сым жылытқыш орнатылған болса, жылытқыштың жіптеріне зақым келтірмеу үшін бетті қатты баспаңыз. Сақ болыңыз және әйнекті қыздыратын жіпке қарай бағытталған жеңіл қимылдармен сүртіңіз.

## Қауіпсіздік белбеулері

> Қауіпсіздік белбеулерін тазалау үшін жылы сабынды су ерітіндісін қолданыңыз. Ағартқыштар, бояғыштар немесе еріткіштер пайдаланбаңыз — бұл қауіпсіздік белбеулерінің қызмет ету мерзімін қысқартады.

Қауіпсіздік белбеулерін тазалағаннан кейін автокөлікті жүргізбес бұрын, олардың табиғи жолмен кебуіне мүмкіндік беріңіз.

> Қауіпсіздік белбеулерінің бағыттауыш гильзаларына көп шаң-тозаңның жиналуы олардың тартылып жиналуының қиындауына алып келеді. Бағыттауыш гильзалардың ішкі бөлігін тазалау үшін жылы сабынды су ерітіндісін пайдаланыңыз.

## Коррозияны болдырмауға бағытталған шаралар

### Коррозияның пайда болуына әсер ететін факторлар

> Шанақтың төменгі бөлігінде балшықтың, құмның және қардың жинақталуы коррозияның түзілу процесін жылдамдатады.

> Қиыршық тастың әсерінен немесе ұсақ соқтығысудан бояулар мен басқа қорғаныс жабындарының зақымдануы коррозияны тездетеді.

> Ылғалдылығы жоғары аймақтарда, сондай-ақ ауа температурасы Цельсий бойынша нөлден төмен түспейтін аймақтарда коррозия тезірек пайда болады.

> Аймақтардың өнеркәсіптік ластануы, тұзды теңіз ауасы және жолдарда тұздың шектен тыс көп қолданылуы лак-бояу жабынының бұзылу процесін жылдамдатады.

> Нашар желдетілетін жерлерде жоғары температурада коррозия тез пайда болады.

### Коррозиядан қорғау

> Автокөлікті таза ұстаңыз, оны үнемі таза суық сумен және бейтарап жуғыш заттармен жуып отырыңыз.

> Лак-бояу жабынында зақымданудың бар-жоғын үнемі тексеріп отырыңыз және оларды мүмкіндігінше тезірек жойып отырыңыз.

- > Шанақтың түбінде құмның, кірдің немесе мұздың жиналуын тексеріп, қажет болған жағдайда оларды сумен алып тастаңыз.
- > Судың жиналуына жол бермеу үшін автокөлік есіктеріндегі дренаждық саңылауларды жаппаңыз.
- > Егер шанақта жәндіктер, асфальт, цемент және т.б. іздері болса, оларды уақтылы алып тастап отырыңыз.
- > Тұз себілген жолдарда, тұзды топырақтарда, жағалаудағы аудандарда және сол сияқты жерлерде көлікпен жүрген кезде, кем дегенде айына бір рет шанақтың түбін жуыңыз.
- > Қиыршық тас жолдарымен жиі қозғалғанда, шашыратқыштарды орнатуды ұсынамыз.

## Автокөліктің тұрақта ұзақ тұрып қалуы

Автокөліктің тұрақ орны оның күйінің нашарлауынан сақтауы және қозғалтқышты оталдыруды/қайтадан оталдыруды жеңілдетуі тиіс. Мүмкіндігінше автокөлікті жабық тұрақта қалдырыңыз.

Автокөлікті ұзақ уақыт (бір айдан ұзақ) тұраққа қою қажет болса, дайындық шараларын жүргізіңіз:

- > Қосымша отын құйыңыз.
- > Автокөліктің шанағын мұқият жуыңыз және кептіріңіз.
- > Таза және құрғақ күйде ұстау үшін салонды тазалаңыз.
- > Тұрақ тежегішін өшіріңіз және дөңгелектердің алдына тоқтатқыштар орнатыңыз.
- > Терезелерді сәл ашыңыз (автокөлікті жайда тұраққа қойған кезде).
- > Аккумулятордың теріс клеммасын ағытыңыз.
- > Алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларының астына оларды әйнектерге тигізбеу үшін бүктелген сүлгі немесе шүберек қыстырыңыз.
- > Жабысып қалмау үшін барлық есік ойығы тығыздауышына силиконды жағармай жағыңыз.
- > Көліктің шанағын кеуекті мақта матамен жабыңыз. Полиэтилен пленкасы сияқты өткізбейтін материалдар ылғалдың жиналуына ықпал етеді, бұл шанақтың лак-бояу жабынына зақым келтіруі мүмкін.
- > Мүмкіндігінше қозғалтқышты жүйелі түрде жұмыс температурасына дейін қызғанша біршама уақытқа оталдырып тұрыңыз.



# 7

## Кепілді техникалық қызмет көрсету

---

Кепілдік міндеттемелері жайлы ақпарат .....	160
Шанақты тексеру.....	163
Кепілдік туралы нені білу керек.....	166
Автокөлік иесінің міндеттері .....	170
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету .....	171
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі .....	173
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік.....	178
Одометрді ауыстыру картасы .....	182
Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы .....	184
Ерекше белгілер .....	186
Сатуға дейінгі дайындық ..	187

## Кепілдік міндеттемелері жайлы ақпарат

### Жалпы ережелер

Әрбір жаңа автокөлік оны иесіне берер алдында сату алдындағы дайындықтан өтеді, GWM компаниясы белгілеген процедураға сәйкес тексеріледі. Сатушы ұйым автокөлікті сатар алдында сервис кітапшасына міндетті түрде белгі қоя отырып, сату алдындағы дайындық бойынша кешенді жұмыстар жүргізгеннен кейін автокөлікті сізге сатуға міндетті. Автокөлігіңіздің ұзақ қызмет етуі сервис кітапшасында көзделген уақтылы қызмет көрсетуге толықтай байланысты болады.

### Кепілдік міндеттемелері жайлы ақпарат

GWM ұсынатын кепілдік міндеттемелер өкілетті Дилерден сатып алған әрбір автокөлікке қолданылады. Кепілдік кезеңі автокөлікті бірінші сатып алушыға сатқан сәттен бастап есептеле бастайды. Автокөлік тиісінше қолданылған жағдайда, төмендегі әр бөлімде көрсетілген мерзім немесе жүріп өткен қашықтық ішінде зауыттық ақау (автокөлікті өндіру кезінде сапасыз материалдарды қолдану немесе өндіру технологиясын бұзу) салдарынан жарамсыздық себептері туындаса, GWM компаниясының кез келген өкілетті Дилері осы бөлімде келісілген автокөліктің жарамсыз бөліктерін жөндеуге немесе ауыстыруға міндетті. Жөндеу немесе ауыстыру әдісін Дилер анықтайды. Кепілдік бойынша ауыстырылған бөлшектер және тораптар дайындаушы зауыттың меншігіне айналады.

Кепілдік мерзім түрінде белгіленсе, кепілдік кезеңі автокөлікті бірінші иесіне берген күннен бастап есептеледі. Автокөлікті бірінші иесіне беру күні осы сервис кітапшасында келтірілген автокөлікті тіркеу картасында көрсетіледі. Кепілдік жүріп өткен қашықтық түрінде белгіленген кезде, жүріп өткен қашықтық сапа бойынша өтініш берген күнгі одометр көрсеткіштеріне сай анықталады.

Одометр істен шықса, шағым-талап берген күні жүріп өткен қашықтықты анықтау мүмкін болмаса, жүріп өткен қашықтық жеке бастың, отбасылық, үй шаруасы қажеттіліктері және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес басқа қажеттіліктер үшін сатып алынған автокөліктерге айына 4000 км есебінен анықталады, ал көсіпкерлік қызметті асыру үшін сатып алынған автокөліктер үшін айына 10 000 км есебінен анықталады. Одометр істен шықса, автокөліктің иесі одометрді ауыстыру үшін GWM компаниясының сервис орталығына жүгінуі тиіс. GWM өкілетті Дилері осы сервис кітапшасында келтірілген «Одометрді ауыстыру картасына» белгілер қоюға және өз мерін қоюға тиіс.

GWM автокөлігінің қызмет ету мерзімі 6 жылды құрайды.

#### ▲ Назар аударыңыз!

Ақаулы автокөлікті пайдалануға қатаң тыйым салынады!

### Жаңа автокөлікке берілетін кепілдік

Егер анықталған жарамсыздық зауыттық ақауға (автокөлікті өндірген кезде сапасыз материалдарды қолдану немесе өндіру технологиясын бұзу) байланысты туындаса, кепілдік ресми Дилерден сатып алынған әрбір автокөліктің бөліктері мен бөлшектеріне қолданылады. Кепілдік кезеңі қайсысы ертерек туындайтынына байланысты 3 жылды немесе 150 000 км жүріп өткен қашықтықты құрайды (тез тозатын бөлшектерге арналған кепілдіктен басқа). Автокөлікті пайдалану нәтижесінде анықталған немесе туындаған барлық кепілдікке кіретін ақауды GWM компаниясының ресми дилері жояды.

7

Кепілді  
Техникалық  
Қызмет көрсету

## Тез тозатын бөлшектерге берілетін кепілдік

Уақыт/жүріп өткен қашықтық (қайсысының ертерек болатынына байланысты)	Спецификация
1 ай/1000 км	Әйнектазалағыш щеткалары
2 ай/3000 км	Шамдар (ерекшелік: жарықдиодты көмескі жарығы бар аспаптар, ксенон шамдар), әйнектер
12 ай/20 000 км	Аккумулятор батареялары (тиісті пайдаланылған және штаттан тыс жабдық болмаған кезде)
24 ай/50 000 км	Автокөліктің барлық хромдалған бөлшегі, сондай-ақ жылтыр металданған жабыны (әртүрлі әдістермен жағылған) бар бөлшектер
Кепілдік мыналарға қолданылмайды	Барлық сақтандырғыш, шина, сүзгі (ауа сүзгісі, кондиционер сүзгісі), ауа шығару жүйесінің коррозиясы
6 ай/5000 км	Қашықтан басқару пультіне арналған қуат элементтері, май сүзгісі, отын сүзгісі, ілінісу бөлшектері, оталдыру бітелелері, тежегіш қалыптары, тежегіш дискілері, кәдімгі реле (басқару блогын қоспағанда)

## Қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік

### Түпнұсқа қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік мерзімі

Автокөлікке орнатылған немесе ресми Дилерлер сатқан барлық түпнұсқа қосалқы бөлшекте ақаудың болмауына және олардың жарамдылығына кепілдік беріледі. Автокөліктерге орнатылған немесе ресми Дилерлер орнатпай сатып алушыларға сатқан барлық жаңа түпнұсқа қосалқы бөлшек автокөлікке орнатылған күннен бастап немесе жүріп өту қашықтығы шектелмейтін сатылған күннен бастап есептелетін 12 айлық (тез тозатын бөлшектерден басқа) кепілдікпен қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте, егер түпнұсқа қосалқы бөлшек автокөлікке берілген кепілдік аясында ауыстырылса, онда ауыстырылған қосалқы бөлшек үшін кепілдік мерзімі автокөлікке берілген кепілдік мерзімімен бір уақытта аяқталады. Егер түпнұсқа қосалқы бөлшек түпнұсқа қосалқы бөлшекке берілген кепілдік аясында ауыстырылса, онда оның кепілдік мерзімі ауыстырылған түпнұсқа қосалқы бөлшекке берілген кепілдік мерзімімен бір уақытта аяқталады.

## Шанаққа және лак-бояу жабынына қолданылатын коррозияға қарсы кепілдік

### Лак-бояу жабынына берілетін кепілдік

Егер беттің зақымдануы зауыттық ақаулардан (сапасыз материалдарды пайдалану немесе өндіріс технологиясын бұзу) туындаған болса, лак-бояу жабынына берілетін кепілдік автокөлік шанағының барлық боялған бөлігіне (түбі мен пайдаланылған газды шығару жүйесін қоспағанда) қолданылады. Лак-бояу жабынына берілетін кепілдік мерзімі — 36 ай немесе 150 000 км жүріп өткен қашықтық.

Көлік иесі Пайдалану нұсқаулығында баяндалған автокөлікке күтім жасау жөніндегі ұсынымдарды орындаған жағдайда.

### Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік, өтпелі коррозия сапасыз материалдарды пайдалану немесе өндіріс технологиясын бұзу салдарынан туындаса да, барлық металл панельге қолданылады. Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік мерзімі жүріп өткен жолына қарамастан 6 жылды құрайды. Ресми дилерлердің сервис орталықтарына барған кезде шанақты жыл сайын тексеру өтпелі коррозияға қарсы кепілдік міндеттемелерін орындаудың міндетті шарты болып табылады. Бұл ретте дилер Сервис кітапшасында тиісті жазбалар жасауы тиіс. Автокөлікті тексеру барысында дилерлік желінің мамандары шанақтың күйін және тиісті жұмыстарды орындау қажеттілігін анықтайды. Олар көлік иесіне сыртқы әсерден (сызаттар, жарықтар және бояудың жарықшақтары) туындаған, коррозияның болашақ ошағына айналуы мүмкін анықталған ақаулар туралы хабарлайды және Сервис кітапшасына тиісті жазбалар енгізеді.

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік құқығын сақтау үшін Автокөлік иесі тексеруден кейін 3 апта ішінде түпнұсқа бөлшектер мен материалдарды пайдалана отырып, GWM белгілеген технологияға сәйкес өз есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ресми дилердің шанақты жөндеу мамандарына жүгінуі керек.



Егер осы нұсқаулар орындалмаса, Автокөлік иесі өтпелі коррозияға қарсы кепілдік құқығын жоғалтады.



### **i** Пайдалы ақпарат



«Өтпелі коррозия» термині шанақта материалдың немесе өндірістің бастапқы ақауына байланысты қорғаныш жабынының астында шанақ металының коррозиясы нәтижесінде пайда болған өтпелі саңылаудың барын білдіреді. «Шанақ» анықтамасында дөңгелек дискілері мен жылтыратылған сәндік бөлшектер, бамперлер, қалыптар және ілмектер сияқты бөліктер жоқ.

# Шанақты тексеру

Графикалық кескін барлық модельге қолданылады

Тиісті таңбаны пайдаланып тексеру нәтижесін белгілеу

- құм ағыны, тас қиыршықтары
- майысқан, дөңес жер
- + сызат
- шанақ зақымданған
- ⚡ лак-бояу жабыны зақымданған
- ▶ автокөліктің түбі зақымданған

**Шанақтың жыл сайынғы тексерісі**  
 Автокөліктің жалпы күйі  
 керемет  жақсы  
 қанағаттандырарлық  нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді  
 иә  жоқ



Пікір \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_



Күні \_\_\_\_\_  
 Одометр көрсеткіштері, км \_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельге қолданылады

Тиісті таңбаны пайдаланып тексеру нәтижесін белгілеу

- құм ағыны, тас қиыршықтары
- майысқан, дөңес жер
- + сызат
- шанақ зақымданған
- ⚡ лак-бояу жабыны зақымданған
- ▶ автокөліктің түбі зақымданған

**Шанақтың жыл сайынғы тексерісі**  
 Автокөліктің жалпы күйі  
 керемет  жақсы  
 қанағаттандырарлық  нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді  
 иә  жоқ

Пікір \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_  
 Одометр көрсеткіштері, км \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

сервис орталығының мөрі мен қолы

7

Келіпті  
Техникалық  
Қызмет көрсету

Графикалық кескін барлық модельге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып тексеру нәтижесін белгілеу

- құм ағыны, тас қиыршықтары
- майысқан, дөңес жер
- + сызат
- шанақ зақымданған
- ++ лак-бояу жабыны зақымданған
- ▶ автокөліктің түбі зақымданған

**Шанақтың жыл сайынғы тексерісі**

Автокөліктің жалпы күйі

- керемет
- жақсы
- қанағаттандырарлық
- нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

---

---

---

---

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып тексеру нәтижесін белгілеу

- құм ағыны, тас қиыршықтары
- майысқан, дөңес жер
- + сызат
- шанақ зақымданған
- ++ лак-бояу жабыны зақымданған
- ▶ автокөліктің түбі зақымданған

**Шанақтың жыл сайынғы тексерісі**

Автокөліктің жалпы күйі

- керемет
- жақсы
- қанағаттандырарлық
- нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

---

---

---

---

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

7

Келіпді  
Техникалық  
Қызмет көрсету

Графикалық кескін барлық модельге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып тексеру нәтижесін белгілеу

- құм ағыны, тас қиыршықтары
- майысқан, дөңес жер
- + сызат
- шаңақ зақымданған
- ++ лак-бояу жабыны зақымданған
- ▶ автокөліктің түбі зақымданған

**Шаңақтың жыл сайынғы тексерісі**

Автокөліктің жалпы күйі

- керемет
- жақсы
- қанағаттандырарлық
- нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

---

---

---

---

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып тексеру нәтижесін белгілеу

- құм ағыны, тас қиыршықтары
- майысқан, дөңес жер
- + сызат
- шаңақ зақымданған
- ++ лак-бояу жабыны зақымданған
- ▶ автокөліктің түбі зақымданған

**Шаңақтың жыл сайынғы тексерісі**

Автокөліктің жалпы күйі

- керемет
- жақсы
- қанағаттандырарлық
- нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

---

---

---

---

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

7

Келілді  
Техникалық  
Қызмет көрсету

## Кепілдік туралы нені білу керек

### Шиналар

Жаңа автокөлікке бастапқыда орнатылған шиналарға берілетін кепілдікті шина өндірушісі ұсынады.

### Мерзімді техникалық қызмет көрсету

Ресми Дилерде мерзімді техникалық қызмет көрсету — кепілдік берудің міндетті талабы және GWM компаниясы белгілейтін және осы сервис кітапшасында көрсетілген талаптарға сәйкес орындалуы тиіс.

### Түпнұсқа қосалқы бөлшектер

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер — бұл сапа тексерісінен өткен, тікелей ұсынылатын немесе GWM компаниясы бекіткен қосалқы бөлшектер. Тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану қауіпсіздік мақсатында қатаң міндетті болып табылады және автокөліктің жалпы пайдалану шығындарын азайтуға көмектеседі. Кепілдік тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерге қолданылады.

### Конструкцияны өзгерту

GWM қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автокөліктерді қайтарып алу науқанын жүргізу, шығарылған автокөліктердің конструкциясы мен спецификацияларына өзгерістер енгізу немесе сатылған автокөліктерге өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

### Кепілдік төмендегі жағдайлардан туындаған мына кемшіліктерге қолданылмайды:

- 1) Автокөлікті басқа мақсаттарда, мысалы, жарыстар, ралли, уақытпен тексеру үшін қолдану, сондай-ақ автокөліктің толық рұқсат етілген салмағынан асып кету, тиісті жабдықтары жоқ тіркемені және рұқсат берілген салмақтан асатын тіркемені сүйреу үшін қолдану;
- 2) жол-көлік оқиғалары;
- 3) автокөліктің бақылау жүйелерінің дилердің өкілетті сервис станцияларына бару қажеттілігі туралы нұсқауларына қарамастан, Клиенттің жарамсыз автокөлікті өкілетті дилерге жөндеуге кешіктіріп беруі немесе бермеуі;
- 4) автокөлікті толық/қайта жабдықтау, GWM компаниясының алдын ала келісімін алмай, автокөліктің жинақтамасына өзгерістер енгізу;
- 5) жылыстауды уақтылы анықтамау немесе отынды артық шығындауға байланысты GWM компаниясы ұсынбаған пайдалану материалдары мен отынды қолдану нәтижесінде пайдалану материалдары жетіспеген кезде (мысалы, тежегіш немесе салқындату сұйықтығы, май немесе жағармай) автокөліктің қозғалыс кезінде зақымдалуы;



- 
- 6) «Сервис кітапшасында» және «Пайдалану нұсқаулығында» сипатталғандай тиісті техникалық қызмет көрсетпеу;
- 7) сапасыз жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету, тиісінше күтім жасамау және сақтамау;
- 8) автокөлік қуатының немесе түрінің өзгеруі;
- 9) осыке түсетін жүктеменің рұқсат берілген мөндерінің, сүйретілетін жүктің ең көп салмағының асып кетуі;
- 10) сәйкес келмейтін отынды, құйылатын сұйықтықтар мен майларды қолдану;
- 11) арнайы құралды қолданбай бөлшектеу кезіндегі сыртқы әсер ету (мысалы, былғары руль тырналған), рульдің механикалық бұғаттауышынан былғарыдағы майысқан жерлер, соққыдан немесе механикалық әсер етуден ағаш элементтердегі зақымдалу іздері;
- 12) мыналардың нәтижесінде туындаған ақауларға, жарамсыздықтарға немесе коррозияға:
- > қышқылдардың немесе сілтілердің әсері;
  - > өнеркәсіптік немесе химиялық шығарындылардың, ауаның қышқылды немесе сілтілі заттарының, өсімдік шырынының, құстардың саңғырығы мен жануарлардың тезек қалдықтарының, ағаш шайырының, тұздардың (оның ішінде жол тұзының), мұзға қарсы реагенттердің, бұршақтың, жаңбырдың, желдің және өзге де табиғи құбылыстардың, қиыршық тастардың, тастардың, металл бөлшектердің немесе басқа да нысандардың әсері;
- 13) сервис кітапшасының нұсқауларына сәйкес техникалық қызмет көрсетудің белгіленген регламентін сақтамау;
- 14) автокөліктерді такси, жеткізу, оқыту қызметі және т.б. ретінде қолдану;
- 15) түпнұсқа емес аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланудан туындаған зақым (түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерге (аксессуарларға) және осындай қосалқы бөлшектерді (аксессуарларды) пайдалану нәтижесінде келген зақымдарға кепілдік қолданылмайды);
- 16) сату алдындағы дайындыққа кіретін операциялар;
- 17) «Пайдалану нұсқаулығында» және «Көлік иесінің міндеттері» бөлімінде келтірілген автокөлікке күтім жасау ережелерін бұзу;
- 18) форс-мажор жағдайлары (найзағай, өрт, табиғат апаттары, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, тәртіпсіздіктер, лаңкестік әрекет және т.б.);
- 19) автокөлік пен оның элементтерінің сипаттамалары мен жұмысқа қабілетіне ықпал етпейтін әлсіз бөтен дыбыстар, шу, діріл. Нығыздауыштар мен тығыздамалар аймақтарында майлы дақтардың түзілуі;
- 20) сыртқы және ішкі әрлеу бөлшектерінің, лак-бояу жабынының табиғи тозуы;
- 21) кез келген жанама зақым: автокөлікті қолданудың мүмкін болмауы, ыңғайсыздықтар және қаржылық шығындар;
- 22) көлік иесі жазбаша түрде алдын ала хабардар болған ақауы бар автокөліктер;
- 23) климаттық және физикалық жағдайлардың нәтижесінде туындаған жарықтандыру аспаптарындағы ылғалдың конденсациялануы;
-

24) аспа, руль, трансмиссия бөлшектерінің және басқа да бөлшектердің автокөліктің оның бөлшектеріне соққылы жүктемелердің түсірілуіне алып келетін тегіс емес жол төсемімен басқару, соның ішінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланушылық күйіне қойылатын талаптарға сай келмейтін жолдармен және көшелермен пайдалану нәтижесінде туындаған бөтен дыбыстары, ақаулары және зақымдары;

## Мыналарға да назар аударыңыз:

1. Автокөлікті пайдалану кезеңінде оларға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ төмендегі әрекеттерді орындау, автокөлікке тиісінше күтім жасамау, апаттар, тозу, сыртқы және өзге де факторлардың әсері салдарынан туындайтын ақауларды жою, төменде көрсетілген бөлшектерді жөндеу және ауыстыру кепілдік міндеттемелеріне кірмейді және автокөлік иелері үшін ақылы түрде жүргізіледі:

- > отын жүйесін тазарту;
- > ілінісу механизмін реттеу;
- > дөңгелектерді орнату бұрыштарын реттеу;
- > қозғалтқыштың компьютерлік диагностикасы;
- > шиналарды ауыстыру жұмыстарын жүргізу;
- > дөңгелектерді теңгеру;
- > фаралар жарығының бағытын реттеу;

сондай-ақ төмендегілер кепілдік міндеттемелеріне кірмейді және автокөлік иелері үшін ақылы түрде жүргізіледі: шығыс материалдарын, қалыпты пайдалану кезінде пайдаланылатын немесе тозуға және бұзылуға ұшырайтын басқа элементтерді ауыстыру, жөндеу немесе қалпына келтіру, оның ішінде:

- > сүзгілер;
- > оталдыру және қыздыру білтелері;
- > бүріккіш форсункалар;
- > балқымалы сақтандырғыштар;
- > жетек белдіктері;
- > шамдар және олардың функциясын атқаратын элементтер;
- > электр қозғалтқыштардың, генераторлардың, стартердің щеткалы тораптары;
- > тежегіш қалыптары;
- > майлар;
- > салқындату сұйықтығы;
- > ілінісу мен тежегіш гидрожетегінің сұйықтығы;
- > консистенттік жағармайлар;
- > электролит;
- > тоңазытқыш агент;
- > әйнектер мен фара жуғышқа арналған сұйықтық;
- > отын;
- > әйнектер;
- > салон қаптамасы мен ішкі әрлеу;
- > гальванжабынды бөлшектер;
- > амортизаторлар;
- > серіппелер;
- > орындықтар;
- > дөңгелек дискілері, шиналар;
- > әйнектазалағыш щеткалары;
- > тежегіш қосылыстар немесе қалыптар, барабандар, дискілер;
- > ілінісу дискілері;
- > резеңке бөлшектер: құбырлар, белдіктер, тығыздағыштар, келтеқұбырлар, тұрақтандырғыш төлкелер, сайлент-блоклар, манжеттер, тозаңдықтар және т.б.

2. Арнайы мақсаттағы автокөліктерге кепілдікті қызмет көрсетілмейді.

Өндірушінің кепілдігі көлік құралдарының келесі санаттарына қолданылмайды:

Арнайы мақсаттағы автокөліктер;

---

Такси ретінде, жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді үйрету үшін пайдаланылатын немесе жалға алу үшін пайдаланылатын көлік құралы;

Өндірушінің рұқсатынсыз түрлендірілген және өзгертілген және көлік құралының түрін мақұлдау сертификатына (КҚТМС) сәйкес келмейтін көлік құралы;

Заңды тұлғаға тиесілі және жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан тыс пайдаланылатын көлік құралы.

3. Реттеу, бақылау-диагностика жұмыстары автокөлік иесінің есебінен жүргізіледі.
4. Автокөлікке кепілді қызмет көрсету оның иесі «АВТОКӨЛІК ИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ» бөлімінде көрсетілген міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда жүргізіледі.
5. Көлік құралын жеткізу жөніндегі шығыстарды (эвакуатордың автокөлікке қол жеткізу мүмкіндігі болмаған кезде, атап айтқанда, автокөлік жолының және/немесе қатты жабынды жолдың болмауы себебінен), сондай-ақ су бөгетінен (паром арқылы) өтіп, теміржол көлігімен жеткізу, әуе арқылы жеткізу және жоғары өтімділігі бар арнайы техникамен жеткізу бойынша шығыстарды жеткізу жөніндегі қызметтерді орындаушыға тікелей Автокөлік иесі (сенім білдірілген тұлға) төлейді.

## Автокөлік иесінің міндеттері

---

### Автокөлік иесінің міндеттері:

1. Осы сервис кітапшасында және «Пайдалану нұсқаулығында» сипатталған автокөлікті пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстарды сақтау.
2. Кепілдік бойынша жөндеу үшін автокөлікті ресми дилерге ұсыну.
3. Осы сервис кітапшасының «Техникалық қызмет көрсету» бөлімінде сипатталған талаптарға сәйкес автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Дилерге қажет болған жағдайда, автокөлікке техникалық қызмет көрсетілгені туралы жазбаларды сақтау. Қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік оларды орнатуға тиісті құжаттар болған кезде ғана қолданылады.
4. «Пайдалану нұсқаулығында» көрсетілген барлық ұсынысты мұқият орындау.
5. Автокөлікті үнемі жуып, шанақты қорғау құралдарымен өңдеу.
6. Шанақтан жол тұзының, құмның, асфальттың, гудронның, ағаш шайырының және лак-бояу жабынына зақым келтіруі мүмкін басқа да заттардың қалдықтары табылған жағдайда, оларды дереу алып тастап, уақтылы және өз есебіңізден шанақтың лак-бояу жабынының жоғарыда аталған кез келген зақымын жойыңыз.
7. Автокөлік иесі ауысқан жағдайда, сондай-ақ автокөлік және/немесе оның иесі туралы ақпарат өзгерген кезде, осы сервис кітапшасында келтірілген Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасында көрсетілген ақпаратты тіркеу үшін дереу GWM компаниясының өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

7

Кепілді  
Техникалық  
Қызмет көрсету

## Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету қажеттілігі:

- > Техникалық қызмет көрсету автокөлігіңіздің ағымдағы күйін диагностикалауға мүмкіндік береді.

Жұмыс барысында автокөліктің барлық бөлшегі тозатыны сөзсіз.

Автокөлікті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін жоспарлы техникалық байқаулардан уақтылы өту, тиісінше қызмет көрсету және жөндеу жүргізу қажет. Бұл сіздің автокөлігіңіздің пайдалану сипаттамаларын барынша ұзақ сақтауға мүмкіндік береді.

- > Қызмет көрсету сізге автокөлікті сенімді әрі уайымсыз пайдалануға мүмкіндік береді.

